

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Bolashaq» академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Академия «Bolashaq»

**«ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕГІ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ»**  
*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары*



*Материалы*  
*Международной научно-практической конференции*  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ»**



**«SCIENCE AND EDUCATION IN THE MODERN WORLD»**  
*The materials of the international scientific-practical conference*

**Том 2**

Қарағанды – Караганды - Karagandy  
«Болашақ-Баспа»  
2023

«Заманауи әлемдегі ғылым мен білім» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ. 2023.- 335 бет.- 2 том.

ISBN 978-601-273-436-2

. Аталған жинаққа «Bolashaq» академиясында 2023 жылдың 28 сәуірінде өткен «Заманауи әлемдегі ғылым мен білім» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілген. Бұл материалдар ғылым саласында әртүрлі проблемаларды қарастырады және ЖОО оқытушылары мен ғылым саласындағы қызметкерлердің және жас ғалымдардың кең ауқымды ғылыми еңбектерін қамтиды.

#### РЕДАКЦИОННАҒЫ АЛҚА МҮШЕЛЕРІ

- Рысмағамбетова Г.М. - «Bolashaq» академиясының ректоры, з.ғ.к., қауымдастырылған профессор
- Серимов Е.Е., з.ғ.к. доцент
- Смагулова Г.С., ғылыми зерттеулер, ізгілік педагогика және педагогикалық тәлімгерлік орталығының маманы.
- Асакаева Д.С., п.ғ.к., доцент
- Ильясова А.У. з.ғ.м.
- Пахомова Д.К., м.ғ.к., доцент
- 1 Бокижанова Г.К. п.ғ.к. доцент
- 2 Шашанова М.Б. т.ғ.к. доцент
- 3 Утяев А.Ф., ф.ғ.к., доцент, БашМУ Стерлитамак филиалы деканының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары (Ресей)
- 1. Глухова В.И., э.ғ.к., доцент, Остроградский атындағы Кременчуг ұлттық университетінің бухгалтерлік есеп кафедрасының меңгерушісі (Украина)

Материалы международной научно - практической конференции «Наука и образование в современном мире». – Карағанды: РИО «Болашақ-Баспа» 2023.- 335 стр.- 2 том

В настоящее издание вошли материалы международной научно - практической конференции «Наука и образование в современном мире» 28 апреля 2023 года в Академии «Bolashaq». Они отражают проблемы различных отраслей науки и рассчитаны на широкий круг научных работников, преподавателей вузов и молодых ученых.

#### ЧЛЕНЫ РЕДАКЦИОННОЙ КОЛЛЕГИИ

- Рысмағамбетова Г.М., ректор к.ю.н., ассоциированный профессор.
- Серимов Е.Е. к.ю.н., доцент
- Смагулова Г.С., специалист центра научных исследований, гуманной педагогики и педагогического наставничества.
- Асакаева Д.С., к.п.н., доцент
- Ильясова А.У., м.ю.н.
- Пахомова Д.К., к.м.н., доцент
- Бокижанова Г.К., к.п.н. доцент
- Шашанова М.Б., к.т.н., доцент
- 1. Утяев А.Ф., к.фил.н. доцент, зам.декана по научной работе Стерлитамакского филиала БашГУ (Россия)
- 2. Глухова В.И., к.э.н., доцент, зав.кафедрой учета и финансов Кременчугского национального университета им.М.Остроградского (Украина)

Materials of the international scientific - practical conference «Science and education in the modern world». - Karagandy: EPD "Bolashak-Baspa" 2023.-335 pages – 2<sup>nd</sup> volume.

This publication includes materials from the international scientific and practical conference "Science and Education in the Modern World" which was held on April 28, 2023 at the Bolashaq Academy. They reflect the problems of various branches of science and are designed for a wide range of scientists, university professors and young scientists.

#### EDITORIAL TEAM:

- Rysmagambetova G.M., Rector PhD in Law, Associate Professor.
- Serimov E.E. PhD in Law, Associate Professor
  - Smagulova G.S., specialist of the Center for Scientific Research, Humane Pedagogy and Pedagogical Mentoring.
  - Asakaeva D.S., candidate of pedagogical sciences, associate professor
  - Ilyasova A.U., Ph.D.
  - Pakhomova D.K., Candidate of Medical Sciences, Associate Professor
  - Bokizhanova G.K., Ph.D. assistant professor
  - Shachshanova M.B., Ph.D., Associate Professor
  - 1. Utyaev A.F., Candidate of Philology, Associate Professor, Deputy Dean for Research, Sterlitamak branch of BashGU (Russia)
  - 2. Glukhova V.I., Candidate of Economics, Associate Professor, Head of the Department of Accounting and Finance, Kremenchug National University named after M. Ostrogradsky (Ukraine)

**ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР: ӨЗЕКТІ  
МӘСЕЛЕЛЕР, ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР**



**СОВРЕМЕННЫЕ НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ:  
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ, ДОСТИЖЕНИЯ И ИННОВАЦИИ**



**MODERN RESEARCH: CURRENT PROBLEMS,  
ACHIEVEMENTS AND INNOVATIONS**



**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ: ӨЗЕКТІ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**



**ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ: АКТУАЛЬНЫЕ  
ПРОБЛЕМЫ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ**



**PEDAGOGY AND PSYCHOLOGY: CURRENT  
PROBLEMS AND DEVELOPMENT TRENDS**

**М.Т. Абдиқалиқова, А.С. Рахманова**

abdikalikova@mail.ru

Воспитатели

Ясли-сад КГКП «Балақай», Қарағанда Республика Қазақстан

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ОЙЫН ЭКСПЕРИМЕНТТІК  
ІС-ӘРЕКЕТІНЕ АРНАЛҒАН  
«ОЙ ҚОЗҒАУ МЕКТЕБІ» ЗЕРТХАНАСЫ**

*Бұл зертхананың ерекшелігі сенсорлық эталондар мен қарапайым математикалық бейнелерді, логикалық ойлауды дамытуға, балаларды алгоритм құруға, элементтерді бағдарламалауға және Кюйзенер таяқшалары арқылы робототехникаға жұмыс істеуге дайындауға жағдай жасау болып табылады. Тапсырмалар ойын түрінде болғандықтан тәрбиешінің көмегісіз балалар мен ата-аналар ойнауға болады.*

Біз сіздермен «Кюйзенер түрлі-түсті сандар таяқшаларымен» жұмыс істеудің ерекше әдісімен бөлісуге қуаныштымыз. Түрлі-түсті таяқшалар көп функциялы құрал болып табылады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде сабақтан тыс жұмыстарда үстел үсті, дидактикалық ойындарды қолдану балалардың мотивациясын едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Танымдық ойын түрінде көптеген маңызды идеяларды біліп, өмірде қажетті дағдыларды дамытады.

Кюйзенер таяқшаларын балаларға 2-3 жастан бастап қарапайым жаттығулар ретінде ұсынуға болады. Балалар таяқшалармен жеке немесе бірнеше адам, шағын топта жаттығулар жасай алады. Барлық балалармен фронтальды жұмыс істеуге болады, дегенмен бұл жұмыс түрі негізгі жетекші ретінде емес қосымша көмек ретінде ұсынылады.

Жаттығулар балаларға ойын түрінде ұсынылады. Бұл Кюйзенер таяқшаларын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін оқыту әдісі. Сабақтар жүйелі түрде өткізіледі, жеке жаттығулар ұжымдық жаттығулармен ауыстырылады.

Алдымен балаларды таяқшалар жиынтығымен таныстырамыз, олар неден тұратындығын қарастыру. Еркін манипуляция және ойын барысында балалардың назарын таяқша үстелдің үстінде ең үлкен бетімен тиетін етіп қойған ыңғайлы екендігіне аудару керек, сонда таяқшалар тұрақты болады. Балалар олармен қарапайым текшелер мен таяқшалар сияқты ойнайды, әртүрлі конфигурациялар жасайды. Балалардың назары нақты бейнелерге, сондай-ақ материалдың сапалық сипаттамаларына тартылады: түсі, өлшемі, пішіні.

Жаттығулар балаларға ойын түрінде берілгендіктен балалардың білімін шоғырландыру үшін әртүрлі көрнекі құралдарды қолдануға мүмкіндік беретін оқытудың негізгі әдісі: тақырыптық және сюжеттік суреттер, ойыншықтар, үстел театры; көркем әдебиет және сөйлеу-бұл жұмбақтар, санамақтар, ертегілер, ойын – сауық сұрақтары.

Түрлі-түсті таяқшалардың көмегімен 4-7 жас аралығындағы бала сізге сандарды қайталап қана қоймайды, сонымен қатар қай сан үлкен екенін түсінуге, схемамен және жоспармен жұмыс істеуге, сонымен қатар тапсырмаларды орындауға, қиялдауға, логикалық ойлауға үйренеді, бұл мектепте оқуға көмектеседі.

Мұны қалай жасауға болады? Джордж Кюйзенердің таяқшаларымен ойнаңыз! Кюйзенердің санақ таяқшалары-бұл түсті сандар. Әрбір таяқша белгілі бір сан мен түс болып табылады.

Әр жиынтықта ереже қолданылады: таяқшаның ұзындығы неғұрлым ұзын болса, соғұрлым ол білдіретін санның мәні үлкен болады.

Балабақшада даму бағдарламасының бағыттарының бірі «Сәбилерге арналған кемеңгерлік ғылыми қауымдастығы» ГНОМ «Ой қозғау мектебі» болды. Мектеп жасына дейінгі балалардың ғылыми қоғамы дегеніміз не? «ГНОМ» - бұл үйірме және вариативтік компонент жұмысының түрі. Балабақшадағы САКҒҚ Сәбилерге арналған кемеңгерлік ғылыми қауымдастығы вариативтік компоненті лабораториялары 2015 жылдан бері балабақшада жұмыс істейді. 2016 жылы бөбекжай қызметкерлері «Кьюзенер таяқшасымен қалай жұмыс істеу керек?» курсы бітіріп сертификатын алды. 2016 жылдан бастап «Сиқырлы Кьюзенер таяқшалары» лабораториясы апробациядан өтті, 2019 жылдан бастап «Ойлау мектебі» лабораториясын екі тілде 3,4,5 жас аралығындағы үш жасқа арналған әдістемелікке даярлық жұмыстары жүргізілді.

Бұл жобаның ерекшелігі-сенсорлық стандарттар мен қарапайым математикалық идеяларды, логикалық ойлауды дамытуға, балаларды алгоритм құруға, бағдарламалау элементтеріне және Робомышамен жұмыс істеуге дайындау үшін жағдай жасау.

Бүгін біз сіздермен Кьюзенер таяқшаларының дидактикалық нұсқаулығын пайдалану тәжірибемізбен бөліскіміз келеліп отыр.

1952 жылы Джордж Кьюзенер авторы болған математикалық оқу құралы жарық көрді. Бұл оқытудың жаңа әдістерін жасауға үлкен мән берген Бельгиялық ғалым.

Кьюзенер таяқшалары келесі мәселелерді шешеді:

- Сенсорлық;
- Логикалық;
- Танымдық;
- Сандық қатынастар;
- Кеңістікте бағдарлау;
- Сан құрамы туралы түсініктерін қалыптастыру.

"Ой қозғау мектебі" лабораториясы бағдарламасы аясындағы іс-шараларымыз мектеп жасына дейінгі кіші жастан бастап екі тілде балалармен жүйелі жұмыс жүргізуге бағытталған.

Таяқшалармен жұмыс істеу практикалық, сыртқы әрекеттерді ішкі жоспарға аударуға, тұжырымдаманың толық, айқын және сонымен бірге жалпыланған ұғым туралы түсінік жасауға мүмкіндік береді. Белсенді ойлауға, іс-әрекет жолдарын іздестіруге негізделген математикалық көмекші іс-әрекеттер балалардың жалпы интеллектуалдық дамуына, балалардың шығармашылығын дамытуға, қиялын, танымдық белсенділігін, ұсақ моторикасын, көрнекі-тиімділігін, ойлау, зейін, кеңістікті бағдарлау, қабылдау, комбинаторлық және жобалау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Әдістемелік құралдағы тапсырмалар ойын түрінде берілгендіктен тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған. Сабақтарымыз дамытушы, зерттеушілік ойындар арқылы өтеді. Кьюзенер таяқшалары арқылы балаларды сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылыққа, келіссөз жүргізу өнеріне, бір-бірімен ынтымақтастыққа үйретеді.

Кьюзенер таяқшаларының дидактикалық көмегімен жұмысты және робототехника элементтерін енгізуді шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады.

**1 кезең** – ойын. Кьюзенер таяқшаларымен конструктор мен мозаиканың орнына ойнауға болады.

**Бірінші кезеңнің мақсаты:**

- 1) балалардың түстерді ажырату, атау қабілеттерін дамыту;
- 2) заттарды ұзындығы, ені, биіктігі бойынша салыстыру (заттарды салыстыру жаттығуы);
- 3) балалардың сенсорлық процестерін, қабылдауын, ойлауын, қиялын дамыту.



Кюйзенер таяқшаларын оқу және ойын іс-әрекетінде қолдану  
 Фотосуретте математикалық тапсырмалардың элементтері:

- Қызыл таяқшаның саны қанша?
- Таяқтарды үлкенінен кіші таяқшаға қарай кему ретімен орналастыр.
- Қара және көк таяқшаның арасында қандай таяқша тұр?
- Көк таяқшаның алдында қай таяқша тұр?
- Жеті саны қандай екі саннан тұрады?
- Бес және төрт санымен белгіленген таяқшаларды алсаң, қандай түсті таяқша

алуға болады?

**2 кезең** – математикалық. Екінші кезеңнің мақсаты:

- 1) Түсті сан және цифрамен сәйкестендіру, сан құрамын анықтау;
- 2) бөлік пен бүтінді салыстыруды игеру;
- 3) кеңістікте бағдарлауды дамыту.



Фотосуретте математикалық тапсырмалардың элементтері:

- Берілген таяқшаның саны қанша?
- Таяқтарды үлкенінен кіші таяқшаға қарай кему ретімен орналастыр.
- Қара және көк таяқшаның арасында қандай таяқша тұр?
- Көк таяқшаның алдында қай таяқша тұр?
- Сегіз саны қандай екі саннан тұрады?
- Бес және төрт санымен белгіленген таяқшаларды алсаң, қандай түсті таяқша алуға болады?
- Берілген сан құрамын құрастыр;

**3 кезең** – логикалық ойлаудың даму кезеңі. Бұл кезеңнің мақсаты:

- 1) стандартты емес есептерді шешуде логикалық ойлауды дамыту;



- 2) логикалық ойлауды, интуицияны, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту;
- 3) алгоритмдік мәдениет элементтерін сіңіру.



Үшінші кезеңде ойын тапсырмалары күрделілік дәрежесі бойынша ерекшеленді. Үшінші кезеңде ата-аналар балалармен үйде қиналмай жұмыс жүргізу мақсатында ата-аналармен жұмыс жүргізуге болады.

«Үлгі бойынша жаса», «Диктант тапсырмалары», «Дыбыстық жол» ойыны жаттығуында балалар үлгілерді талдауға және бекітуге, салыстыру және жалпылау қабілетіне жаттығады.

«Диктант тапсырмалары» балалардың іс-әрекет және іс-әрекеттің құрамы (кезекпен орындалуы) туралы түсініктерін қалыптастырады.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде сыныптан тыс жұмыстарда тақта, дидактикалық ойындарды пайдалану балалардың ынтасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Үлкен шығынды қажет етпейтін авторлық ойындарды ұсынамыз. Олардың кейбіреулерін балалармен бірге жасап, ойынға деген қызығушылығын арттыратындығымен құнды.

«Кілемдегі ойындар» бағдарламалауды үйретуге арналған. Ойынның мақсаты: балаларды практикалық әрекеттерді белгілі бір реттілікпен орындауды белгілейтін ережелермен (алгоритмдермен) таныстыру, қозғалыс бағытын (оңға, солға, алға, артқа) анықтау қабілетін жаттықтыру. Ойынның материалы: белгілер мен кілем салынған карталар жинағы. Жүргізуші қозғалыс бағыты көрсетілген картаны көрсетеді, ойыншы берілген ретпен қозғалады.

«Түрлі-түсті кілемдер» ойынының мақсаты, түрлі-түсті карталарда қозғалу алгоритмін құрастыру және орындай білу. Ойынның материалы: түрлі-түсті квадраттары бар карточкалар жинағы және резеңке төсеніштерден жасалған алаң. Ойыншы картаны тандап, тапсырмаға сәйкес алгоритм құрастырып, қозғалады.

«Дыбыстық жол» ойыны балалардың комбинаторлық қабілеттерін дамытады. Балалар Кюйзенер таяқшалары арқылы қозғалыс алгоритмін құрастырады (қадам санын санайды, таяқпен қажетті түсті көрсетеді), кішкентай адамды ойын алаңы арқылы бағыттайды және әріптерді атайды.

Қыркүйек айында балалармен өткізген «Досыма қонаққа барамын» атты сабағымыз «Педагогикалық идеялар панорамасы» Республикалық байқауының аймақтық Кезеңінің «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен басқа педагог қызметкерлері» аталымында жүлделі ІІІ орынға ие болды. Сабағымызда Робо тышқанға достары қонаққа баратын жолдың алгоритмін жасап Кюйзенер таяқшаларымен балалармен алдын ала келіскен ереже бойынша жол салды, балалар әр үйшіктің арасына тор көздерін санап ережеге сәйкес бір Кюйзенер таяқшасын ғана қолдануға мүмкіндігі болды, ал Робо тышқанды келісім бойынша уақытқа жасады, тышқанды тек қана 1, 3, 4, 5 сандарымен белгіленген Кюйзенер таяқшаларын қолданды, жұмыс уақыты шектеулі, небәрі 2 минут.

Кюйзенердің түрлі-түсті таяқшаларымен және робототехника элементтерімен жұмыс жасау балабақша бағдарламасының материалын жақсы меңгеріп қана қоймай, балаларды мектепте математика, геометрия және информатикаға дайындауға көмектеседі.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- 1. Валентина Новикова. Кюйзенер таяқшалары бар білім беру ойындары мен әрекеттері. 3-7 жастағы ұшулармен жұмыс істеу үшін. Басылым. Мозаика-синтез, 2008 ж*
- 2. Любовь Комарова: Кюйзенер таяқшаларымен қалай жұмыс істеу керек? 5-7 жастағы балаларға математиканы оқытуға арналған ойындар мен жаттығулар. 64 бет. Гном, 2015 ж*
- 3. <http://shkolabuduschego.ru/doshkolniki/palochki-kyuizenera-opisanie-metodiki.html>*
- 4. Финкельштейн Б.Б. Альбом-ойын сиқырлы тректер. Кішкентайларға арналған Кюйзенер таяқшалары, 2х-3 жас 2003 басылым: Корвет*
- 5. Финкельштейн Б.Б. Альбом-ойын сиқырлы тректер. Кішкентайларға арналған Куйзенер таяқшалары, 2х-3 жас 2003 басылым: Корвет*
- 6. Финкельштейн Б.Б. Ыдыс-аяқ дүкені . Кростиктер 5-8 жас аралығындағы балалар 2003 басылым: Корвет*

**Абдикаликова М.Т., Рахманова А.С.**

#### **ЛАБОРАТОРИЯ «ШКОЛА МЫШЛЕНИЯ» ПО ИГРОВОЙ ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ С ДЕТЬМИ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

*Особенностью данной лаборатории является создание условий для развития сенсорных тестов и простых математических представлений, логического мышления, подготовки детей к построению алгоритмов, программированию элементов и работе с робототехникой с помощью палочек Кюйзенера. Поскольку задания в игровой форме, дети и родители могут играть без помощи воспитателя.*

**Abdikalikova M.T., Rakhmanova A.S.**

#### **LABORATORY "SCHOOL OF THINKING" ON EXPERIMENTAL PLAY ACTIVITIES WITH PRESCHOOL CHILDREN**

*A feature of this laboratory is the creation of conditions for the development of sensory tests and simple mathematical concepts, logical thinking, preparing children for building algorithms, programming elements and working with robotics using Kuysener sticks. Since the tasks are in a playful form, children and parents can play without the help of a tutor.*



**Абдрахманова Ж.Т.**

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Шахтинск қаласы №6 жалпы білім беру мектебіні, Қарағанды облысы,  
Қазақстан Республикасы

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ АРҚЫЛЫ ТІЛІН ДАМУЫ**

*Бұл мақалада бастауыш мектеп оқушылардың тілін дамыту мәселесі бағдарламаға сай дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа алып жүргізілу туралы жазылған. Ғылыми тұрғыдан негізделген әдістеме тілдің мәні мен жеке белгілерін анықтау барысында, сөйлеу техникасын түсінуге, сөйлеудің әртүрлі жақтарын дамытудың ережелері мен ұстанымдарын, тілдік байланыс дағдылары мен іскерліктерін білуге қажеттілігі ашылған.*

Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл құқығына ие болуы, Қазақстан Республикасының Білім және Тіл заңдарының қабылдануы болашақ ұрпақ тәрбиесіне жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасының жобасында: «Білім берудің мектепке дейінгі сатысы дайындық кезең ретінде орта білім алудың үздіксіз жүйесіне енетіндігін айта келіп, тәрбиелеу мекемелерінің әр типтілігіне қарамастан олардың ортақ функциялары – баланың денсаулығын, психикалық санасын жетілдіру және қорғау, баланың ақыл-ойы мен тұлғасының дамуын қамтамасыз ету» деп нақты атап көрсеткен [1].

Бұл сана-сезімі ұлттық психология негізінде қалыптасқан, дені сау, білімге деген қызығушылығы жоғары, өздігінен іс-әрекет жасау дағдыларын меңгерген тұлға даярлап шығару мектепке дейінгі ұйымдардың міндеті екенін көрсетеді. Балабақшадағы оқу – тәрбие үрдісін дұрыс ұйымдастырудың бірден – бір жолы сапалы білім берумен қатар, сол білімді алуға балалардың қызығушылығын ояту, өз ана тілдерінде таза сөйлеуге баулу. Бүгінгі балабақшада тәрбиеленетін балалар еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы [2-3].

Тілдік білім беруді сапалы дамыту мәселелері тек ұлттық қана емес, елдің әлеуметтік те дамуының негізі ретінде танылып отыр. Мұндай мақсатқа жетуде жалпы білім беру жүйесі, оның ішінде үздіксіз білім беру жүйесінің ең маңызды да күрделі сатысы – балабақша үлкен орын алады.

Мектепе әдеби материалдарды өз тәжірибесінде пайдалана білудің ғылыми-әдістемелік жолдарын көрсетіп, ойын жүйелі түрде дұрыс айта және жаза алатындай етіп үйрету күрделі мәселе. Мұның себебі, біріншіден, тіл – адам мәдениетінің, интеллектісі мен жан-жақтылығының көрсеткіші болса, екіншіден, өз ойын байланыстырып айту және жазу баланың басқа адамдармен еркін қарым-қатынас жасауына мүмкіндік береді. Басқалармен қарым-қатынастың тартымды, сәтті болуы адамның өзінің ойын қаншалықты еркін, тиянақты, жүйелі түрде жеткізуіне байланысты. Балабақшада балаларды сөйлеу мәдениетіне үйрену арқылы тілдің мағыналық, құрылымдық ерекшелігін тануға, көркемдік бейнелілігін ұғынуға, сөздік қорының кеңеюіне мүмкіндік алады.

Баланың сөйлеу мәдениетінің фольклормен тығыз байланысты мәселелерін зерттеуде әдебиеттанушылардың да қосқан үлестері зор. Осы тұрғыда М.Әуезов, Қ.Жұбанов, А.Байтұрсынов, М.Қаратаев С.Қалиев, М.Қараев, М.Әлімбаев, Б.Адамбаев т.б. ғалымдар әдебиеттің рөлін педагогикалық тұрғыда қарастырып, тәрбиелік мәнін ашып берді.

Сөйлеу тілі мен сөздік қоры молая бастаған сайын, бала айналадағы адамдармен,

өзі қатарлас балалармен белсенді қарым-қатынас жасайды. Баланың айналадағы дүниеден алған әсерін әрі қарай кеңейте отырып, бір араға түсу балабақшада арнайы өтетін сабақ, ойын, еңбек процестерінде тәрбиешінің басшылығымен іске асады. Балаға бағдарламалық материал негізінде білім беруге назар аудару керек. Балабақашағы оқыту- тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс- әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген [4].

Оқушылардың байланыстырып сөйлеуге сөздік қорларын дамыту ісінде мұғалімнің міндеттері:

- балалардың сөздік қорларын дамыту;

- жаңа сөздерді меңгерту;

- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады;

-байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.

Осы аталған міндеттерді мұғалім үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Оқушыларды байланыстыра сөйлеуге үйрету үшін, сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын-баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы мектептің айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, тандап алады. Оқушының бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы.

Оқушының байланыстырып сөйлеудің үйрену процесі осы сөздерге сай келетін заттарды «зерттеумен» қатар жүреді: бала затты қарап, қандай дыбыс шығаратынын тыңдап, ұстап, сипап, дәмі мен иісін байқайды. Оқушының назары ауған зат, оның зат санасына барлық бес сезім органдары – көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, сипап сезу органдары – арқылы енеді. Дүниені сезім арқылы танып білу баланың эмоционалдық сезімдерін дамытады: ол «тамаша»-«жексұрын» сияқты тіптен қарама-қарсы сезімдерді ғана емес, сондай –ақ бүкіл сезімдерінің гаммасын сезінуге қабілетті. Затты сөздің жәрдемімен сезімдік қабылдау баланың жадында осы зат жөніндегі түсінік ретінде берік орналасқан соң, оны айтатын сөз баланың жадында ең алдымен, ол затпен сезім арқылы жанасқан кезде бастан кешірген сезімдерінің бірін қоздырады [5].

Фонетикалық жаттығулар сияқты лексикалық жаттығулар да тұтасымен осы тақырыпқа арналған арнаулы сабақтарда сирек жүргізіледі; мұндай жаттығулар байланыстыра сөйлеуді дамыту және көркем әдебиетпен таныстыру сабақтарына енгізіледі. Мысалы, байланыстырып сөйлеу дамытудың белгілі бір 20 минутқа есептелген болса, оның 2 минуттан 10 минутқа дейінгі мөлшерін арнайы лексикалық жаттығуларға пайдалануға болады; жазушының лексикасын түсіндіру керек болған жағдайда лексикалық жаттығулар көркем әдебиетпен таныстыру кезінде енгізіледі.

Лексика бойынша арнайы жаттығулардың нақты лингвистикалық міндеттері болады:

1) сөздің жалпылау мағынасын түсінуді дамыту;

2) «тұтас және оның бөліктері» қатынасын түсіндіруді дамыту;

3) сөздің дерексіз мағынасын түсінуді дамыту;

4) морфология саласынан (морфемалардың абстрактілік мағынасын меңгеруде)

тіл құбылыстарын айыра білу қабілетін дамыту;

5)антонимдерді сөздердің мағынасын ұғыну құралы ретінде түсіне білу;

6) стилистикалық сезім қабілетін дамыту;

7) сөздердің тасымал мағынасы мен этикалық, ұғымдарды түсіне білу.

Лексикалық жаттығуларды жүргізуде дидактикалық ойын тәсілі, атап айтқанда, «дидактикалық» (яғни арнайы жабдықталған) қуыршақтармен ойын жиі пайдаланылады. Сондай-ақ «Ғажайып дорба» деген атпен белгілі дидактикалық ойын (балалар ішіне ұсақ заттар толтырылған дорбаға қолдарын салады да, оларды сипап біледі және атын атайды) да пайдаланылады. Бірақ, әрине, қуыршақтар мен басқа да ойыншықтардың ғана жәрдемімен балалар ана тілінің поэтикалық мағынасын бойына сіңіре алмайды. Балаларды қоршаған орта заттарымен таныстыру керек және нақты затты, іс-әрекет пен белгіні көрсету арқылы сөздің лексикалық мағынасын түсіндірген жөн.

Төменде әр түрлі жастағы оқушылардың тілін байытуға жәрдемдесетін жаттығулардың кейбір түрлеріне сипаттама берілген. Мұнда балалардың осы жұмыс тәсіліне шамасы келетін жасы көрсетілген; ал егер қажет болса, бұл жұмыс келесі жаста да (мысалы, баланың сөйлеу қабілеті тежелген жағдайда) міндетті түрде жалғастырылуы тиіс (енді жаттығуды баланың жеке өзі атқаруы тиіс).

«Рифмасын тап» ойыны.

«Қарама- қарсы сөздер» ойын терапиясы.

«Клякса» бейнелеу терапиясы.

«Ұлттық киімдер» дидактикалық ойын (слайд көрсету).

- Сергіту сәті «Сатып аламын, сатамын, сыйға тартам».

- Сөздің грамматикалық құрылысын қалыптастыру әдістемесі.

Мақсаты: балабақшада балаға сөздің грамматикалық құрылысын қалыптасыру әдістемесін түсіндіру.

1. Тілдегі грамматикалық мағыналар.

2. Грамматикалық дағдыларды қалыптастырудың әдіс-тәсілдері.

Грамматикалық мағыналар – бұл болмыс құбылыстары арасындағы сөз арқылы білдірілетін қарым-қатынастар мағынасы, яғни бұл логикалық (ойлағыштық) қатардың тілдік мағыналары. Грамматикалық мағыналар сөз тудырушы морфем саларға және синтаксиске грамматикалық мағыналарға бөлінеді. Тілді түсіну үшін оны құрайтын сөздердің лексикалық мағыналарын білу аз, сонымен бірге осы сөздердің арасындағы грамматикалық қатынастарды түсіну керек. Мысалы, бала лексикалық мағынаны, яғни алма ағашы, отырғызу сөздерінің тілден тысқары болмыспен арақатынасын білуі мүмкін, алайда «Алма ағашы отырғызылды» немесе «Алма ағашын отырғызады» деген сөйлемдердің құрамында жұмсалып тұрған грамматикалық мағыналарды білмейді (предикатты, яғни баяндауыштық қатынастарды білдіретін зат есімнің атау септігі мен ырықсыз етістің немесе толықтауыштық, заттық қатынастарды білдіретін зат есімнің табыс септігі мен етістіктің 3-жағының келер шақ формаларының мағынасы түсінбейді). Егер балаға грамматикалық тұлғаның мағынасы түсініксіз болса, ол сөйлемдегі айтылған ойды да түсінбейді.

Ана тілінің грамматикалық мағыналарынан үйретудің қиындығы мынада: бұл мағыналарды мұғалімдердің өзі (ана, тәрбиеші, кейде тіпті мектептегі мұғалім) жете түсінбейді және оларды ана тілін табиғи қабылдау процесінде меңгеріп, интуициялық жолмен қолданады. Грамматикалық мағыналарды меңгерудің өзі (интуициялық, жеткіліксіз дәрежеде) адамды ойлана білетін етеді.

Мұнда педагогтың (ананың, тәрбиешінің, мұғалімнің) ең маңызды қамқорлығы балалар ана тілінің грамматикалық тұлғаларының бәрін де (бәрін!) мүмкіндігінше ертерек естіп және олардың саналарына біртіндеп ене беруін қамтамасыз етуге бағытталуы керек деген қорытынды шығады. Байланыстырып сөйлеудің грамматикалық мағыналарын түсіну жас жеткіншекке ақыл кіру және оның дамуы процесі болып табылады. Бұл процесс санадан тыс жүретінін қайталап айтамыз. Алайда, егер бұл процесс нашар оқытылу бәсеңдетілетін болса, баланың ақыл-ойының өсуі шектеліп қалады. Мектепке дейін бала байланыстырып сөйлеудің грамматикалық құрылысын үйренбеген мектепте болашақта нашар оқиды, өйткені ол мектепте оқылатын болмыс

құбылыстарының арасындағы байланыстар мен қатынастарды түсінуге қабілеті жетпейді [6].

Сөздік пен грамматикалық құрылыс үнемі біллікте жұмсалады. Олардың қайсынының өзіне тән ерекшеліктері мен қызметтері әрқайсысының өз жүйесі болғандықтан, тілдің сөздігін лексикология тексереді де, грамматикалық құрылысын грамматика ғылымы зерттейді. Бірақ тіл ғылымының бұл салаларын тексеретін объектілері басқа болғанымен, өзара байланыстары да күшті, өйткені оның бұл екі саласы- лексикология да грамматикада өздерінің тексеру объектісінің негізі етіп сөзді алады, демек тексеруді жеке сөзден бастайды.

Егеменді еліміздің талабына сай мемлекеттік тілді меңгеру, оқыту, қазіргі заманға сай білімді де, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу педагогтар еншісінде. Оқушыларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу, тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн. Балалардың дүниетанымын кеңейтіп, ойын өрістетіп, тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Балабақшадан бастап балаларды дұрыс сөйлей білу мәдениетіне айнала қоршаған ортамен, сондай-ақ көркем әдебиетпен теңестіру арқылы жүзеге асыруға болады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1 Қ-Ж. Тоқаевтың ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2021 жылғы 11 қыркүйек.

2 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңы, Алматы, 1998, 48 б.

3 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Жетісу.- 30 желтоқсан. – 2003.

4 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты– 2012. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту».

5 Аймауытов, Ж.Жаман тымақ [Мәтін] : өлеңдер,жұмбақтар, әңгімелер, ертегілер / Ж. Аймауытов. - Алматы : Балауса, 1992. - 48 б.

6 Ә.Алдамұратов, М. Мұқанов. Психология пәнінен лабораториялық-практикалық сабақтар. Бірінші бөлім, алматы, 1978. екінші бөлім, Алматы, 1979.

#### **Абдрахманова Ж. Т.**

#### **РАЗВИТИЕ РЕЧИ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ХУДОЖЕСТВЕННУЮ ЛИТЕРАТУРУ**

*В данной статье речь идет о том, чтобы проблема развития языка учащихся начальной школы велась в соответствии с программой, руководствуясь дидактическими принципами. Научно обоснованная методика выявлена в процессе выявления сущности и индивидуальных особенностей казахского языка, необходимости понимания техники речи, знания правил и принципов развития различных сторон речи, навыков и умений языкового общения*

#### **Abdrakhmanova Z.**

#### **DEVELOPMENT OF STUDENTS' LANGUAGE THROUGH FICTION**

*In this article we are talking about how the problem of language development of primary school students was conducted in accordance with the program, guided by didactic principles. The scientifically based methodology is revealed in the process of identifying the essence and individual characteristics of the language, the need to understand the technique of speech, knowledge of the rules and principles of the development of various aspects of speech, skills and abilities of language communication.*

**Айнеков Е.А., Кенежанова Н.А.**

Физика және информатика пәнінің мұғалімдері

"Шашубай кентіндегі «Мектеп-бөбекжай кешені» базасындағы Тірек мектебі

(ресурстық орталық)" КММ Абай ауданы,

"Қасым Аманжолов атындағы ЖББМ" КММ

Ақтоғай ауданы, Қарағанды облысы, Қазақстан Республикасы

## **ФИЗИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДАҒЫ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ**

*Оқыту әдістемесі үнемі жетілдірілуде . физика , информатика және арнайы білім беру ортасын , құзыреттілік тәсілді енгізу , оқыту әдістері өзгерістер , функционалдық сауаттылық көрсеткіштерін пайдалану жасау арқылы оны шешу әдістерін сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту .*

Физика және информатика сабақтарында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде дәлелдей білуге үйрету. Осы аталған мақсатқа жетудің міндеттеріне тоқтала кетейік :

- 1) оқушылардың теориялық білімдерін шыңдау
- 2) оқушылардың жеке дара ерекшеліктерін ескеру
- 3) шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Физика және информатика пәндерін оқыту процесін жетілдіру оқушылардың танымдық белсенділігі мен іздемпаздығын арттыруға негізделген. Оқу танымдық қызметі барысында оқушылар қажетті көлемдегі білімді игеріп қана қоймастан, танымдық қабілеті мен шығармашылық ойлауы да дамытылады. Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға арналған зерттеулердің нәтижелері оқушылардың танымдық қызығушылығының көрсеткіштері ретінде төменде берілген:

- таным үрдісіндегі белсенділігі, білімге қызығушылығы;
- өздігінен ізденушілік әрекет жасауға ынтасы;
- оқу — танымдық қызметтегі негізгі түйінді анықтау білігі;
- игерілген білімді тасымалдай білуі;
- өзiс — әрекетін бақылауы, бағалауы;

Оқушылардың танымдық қызығушылығының ең жоғары деңгейі танымдық міндеттерді өздігінен шешуге ұтымды жолдарды қолдана білуімен, жаңаны білуге деген қызығушылығының жоғары болуымен және өз іс — әрекетін бақылап, бағалай білумен сипатталады. Орта деңгейде оқушы танымдық іс-әрекет деңгейін өздігінен орындауды оқытушының көмегін қажет етуімен сипатталады, төменгі деңгейде оқушы тапсырманы қайталаумен шектеліп, оқытушының көмегімен орындалады.

Білім беру саласында қол жетілген бітімнің мәні оқушылар үшін білімнің де, дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігіне саяды. Заманауи ең негізгі ерекшелігі оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерінде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал ХХІ ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жасаған Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасы дағдылардың барынша кең ауқымын қамтитын ХХІ ғасырдың моделі болып табылады. Бұл жоба оқушылардың терең тұжырымдамалық түсінікпен астасқан негізгі сауаттылықты меңгергендігін көрсететін, кең мағынасында шешімдер мен іс-әрекеттерді таңдау қабілеттілігі түйінді құзыреттерді



сипаттайды. Мұғалімдер жұмыстарына жеткілікті уақыт бөле білулері керек, оқушының білімдері мен дағдыларын дамытуда ғана емес, жалпы алғанда оның оқуын барынша жекешелендіру және баланың бойында сананы – қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән бере отырып, оны тұлға ретінде дамытуда икемділік танытулары тиіс.

Оқыту – мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзыреттіліктер білім алу үшін оқушылардың оқушылардың өздері де оқу үрдісіне белсенді қатысуын талап етеді. Оқу үдірісіне толыққанды қатысу үшін қалай оқу керектігін білуі керек. Басқаша айтқанда оқу бар, бірақ сонымен бірге оқуды үйрету де бар. Адамдар ойлауға қабілетті және ойлау туралы ойлануға да қабілетті. Тап осы сияқты танымдық қабілет бар да, сол сияқты танымды тану да бар.

Физика және информатика сабақтарында алған білімдерін оқушылар күнделікті өмірмен байланыстыра алуын қамтамасыз ету менің бірінші міндетім болып саналады. Физика және информатика пәні күрделі екеніне ешкімнің де дауы жоқ. Оны жаттап алу мүмкін емес, түсіну қажет! Міне осындай әр түрлі ойлардан кейін бала жүрегіне жол тауып, білімге жетелеу үшін мұғалім әр түрлі әдіс –тәсілдерді қолдануы тиіс. Жаңа форматтағы оқудан кейін менің сабақ беру стилім көптеген өзгерістерге толы десем қателеспес едім. Бұған дәлел сабақтардан кейінгі оқушылардың рефлексиялары «Бүгін сабағы ұнады», «Маған ұнағаны физикалық құбылыстарды мақал-мәтелде қолданғанымыз». Сабақ жоспарымның әр бөлімінде оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын анықтап отырамын. Сабақ барысында білімді меңгеру деңгейі төрт сатыдан тұрады:

1. Үйренушілік деңгейі «Білу»- оқушының функционалдық сауаттылығының төменгі деңгейі,
2. Алгоритмдік деңгейі «Түсіну», «Талдау» — оқушының функционалдық сауаттылығының орта деңгейі,
3. Эвристикалық деңгейі «Қолдану», «Жинақтау» — оқушының функционалдық сауаттылығының жоғары деңгейі,
4. Шығармашылық деңгейі «Бағалау» — оқушының функционалдық сауаттылығының ілгері деңгейі.

Шығармашылық деңгейдегі оқушылар танымдық қабілеті қалыптасқан, толық құзырлыққа ие. Физика және информатика сабақтарында танымдық белсенділіктерін арттыру үшін түрлі әдіс –тәсілдерді жиі пайдаланамын.

Осыған орай, әр сабағымда оқушылар өздерінің болжамдары мен сұрақтарын құрастырады, бір-біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды.

Оқушының танымдық белсенділігін арттыру үшін сапалы тапсырмаларды қолданамын. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыру үшін физика сабағында төмендегі есеп шығару әдістері өте тиімді.

- Аралас есептерді шешу әдісі шығармашылық есептер
- Эксперименттік есептерді шешу әдісі
- Сапалық есептерді шешу әдісі
- Сандық есептерді шешу әдісі
- Есептерді шешу әдістері
- Графикалық есептерді шешу әдісі
- Стандартты емес есептерді шешу әдісі

Физика және информатика пәнінде шығармашылық есептер оқушының шығармашылығын шыңдайтын есептер болып табылады. Шығармашылық есептерді пәнге деген қызығушылығы жоғары оқушылар орындағаны өте тиімді. Олимпиадаға дайындау барысында оқушының танымдық қызығушылығын арттырады. Оқушыларда оқу қызметінің мүддесі мен мақсатын, оларды іске асыру әдістерін қалыптастыру үшін, ең

алдымен оларды қызықтыру керек. Физика сабағында сапалық есептерді пайдалану осы қызметті орындауға мүмкіндік береді. Қарапайым сапалық есептер – ойды, зейінді қызықтырып әкететін тартымды есептер. Әсіресе 7-8 сыныптарда физиканы бастағанда сапалық есептерді көбірек шығартса, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артады. Сапалық есептер оқушыларды әртүрлі ой әрекетіне: салыстыруға, жалпылауға, талдауға, синтездеуге үйретеді. Сапалық есептер оқушылардың есте сақтауын қалыптастырады, танымдық мүмкіншіліктерін кеңейтеді, физикалық білім деңгейінің жоғарлауына, мектеп курсына саналы қабылдауына жетелейді. Сапалық есеп оқушылардың физика заңдарын, құбылыстарды, постулаттарды тез естеріне түсіріп, білу дағдыларын, тапқырлықты, шығармашылықты, мұқияттылықты, кеңістікте елестету қабілеттерін дамытады, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге кең мүмкіншілік береді.

Оқыту процесі шығармашылықпен ұйымдастырылса, онда оқушылардың білім дәрежесі оқытушы айтқан сөздерден емес, өздерінің ізденуі және есеп шығару әдістерін іздеу арқылы қалыптасады. Қай елде болсын балаға білім беру ісі елеулі орын алып, ұрпағының білімділігі мен біліктілігін шындауға бет бұрды. Шынында да оқушылардың жалпы білімін көтеру үлкен мәселе екені сөзсіз. Еліміздің мәртебесінің биік болуы қоғам мүшелерінің келешек ел қожасы – жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегін, өз елін сүйетін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу – біздің басты борышымыз.

PISA зерттеуінің негізгі бағалау облыстары

- Математика сауаттылығы
- Жаратылыстану сауаттылығы
- Оқу сауаттылығы
- PISA мақсаты: әлемдік деңгейде салыстырылатын әр мемлекеттің оқыту нәтижелері жөніндегі сенімді мәліметтерді алу, саралау.

▪ PISA әдістемесі бойынша тестілеу мектеп оқушыларының үйреншікті емтихандары мен тесттерінен түбегейлі ерекшеленеді. Осы ауқымды зерттеу барысында мектеп бағдарламасын меңгеру деңгейі емес, жас өспірімдердің алған білімдерін тіршілік жағдайларында қолдану қабілеті бағаланады. Тестілеудің негізгі мақсаты — «Жалпыға міндетті білім алған 15 жастағы оқушы қоғамда толыққанды қызмет ету үшін қажетті білім мен машықтарды меңгерді ме?» деген сұраққа жауап беру.

Енді осы айтылған PISA халықаралық салыстырмалы зерттеулері мен жаңаша оқыту технологияларының арасындағы байланысты іздеп қарасақ, олардың тапсырмалары мен мақсаттары бір бағытта үйлескен деп айтсақ болады және оларды атап өтсек:

Толыққұзырлы тұлға қалыптастыру;

— Берілген тапсырмалардың бір мәтіннің немесе бір пәннің деңгейінде қалып қоймауы;

— Есептер мен сұрақтардың оқушы құзырлығының дамуына мүмкіндік беруі;

— Есептер мен тапсырмалардың тізбектелген әрекеттер тізімі арқылы анықталуы;

— Тапсырма шешімінің оқушының өзіндік тәжірибелеріне негізделуі;

— Оқушылардағы графикалық, белгілік, мәтіндік форматтарда, күрделі болжамды түрде берілген ақпарат үзінділерімен жұмыс жасау дағдыларының қалыптастыру.

Қазіргі таңда ақпаратандырылған заманда сабақта интерактивті тақтаны тиімді пайдалана отырып оқушының білім сапасын шығармашылық негізінде арттыру — өмір талабы. Ол үшін мұғалім тиімді интерактивті әдістер арқылы проблемалық ситуациялар туғызып, оқушылардың топтық жұмысының нәтижесінде олардың өз бетімен тақырыпты түсінуге қолайлы жағдай туғызады, танымдық қызметін басқарып, ілгері жетелеп отырады. Соңында оқушылар өздері қорытындысын шығарып, практикалық жұмыстармен бекітеді.

Жаңа технологияның тиімді әдіс- тәсілдерін ұрпақтың бойына сіңірте білу ұстаздардың басты міндеті.

Жаңа технологияның тиімділігі сол.

Оқушы:

- мақсат қоюға үйренеді;
- есте сақтау қабілеттері дамиды;
- басқалармен бірігіп жұмыс жасайды;
- кітаппен жұмыс жасауға үйренеді;
- қатарынан қалмауға тырысады;
- дарынды оқушылар өз қабілеттерін одан әрі бекіте түседі;
- әлсіздер оқуға ниет білдіріп, өзіне деген сенімсіздіктен арылады.
- күшті сыныптарда оқуға деген ынта артады.
- білім дәрежесі бірдей сыныптарда оқу жеңілдейді
- өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады

Мұғалім:

- жүйелі тапсырма беруге ұмтылады;
- оқушыны жан-жақты танып біледі;
- қарым қатынас орнатады;
- оқушылардың өзара әрекеттесуіне жол ашады;
- оларға шығармашылық еркіндік беріледі[2].

Елдің ертеңі білімнің тереңдігі мен өлшенеді демекші. Үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан білім беру саласының басты мақсаты оқушыларды өзгермелі өмірде қорықпай, еркін өмір сүруге, білім мен білігіне сай келетін бағдар тандап алатындай дәрежеге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға, аналитикалық ойлау қабілеттерін дамыту және олардың шынайы өмірде дара тұлға етіп қалыптасуына ықпал ету. «Шәкірт – нығырлай беретін ыдыс емес, керісінше тұтандыруды талап ететін шырақ» демекші оқушылардың жеке шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту және оларды шынайы өмірдегі дара тұлға етіп дайындау мектептің басты мақсаттарының бірі.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Физика сабақтарындағы оқытудың инновациялық технологиялары.  
Авторы: К. Ж Бұзаубақова
2. Үшөлшемді әдістемелік жүйе-білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы.

**Айнеков Е. А., Кенежанова Н. А.**

#### **ЭФФЕКТИВНЫЕ СПОСОБЫ ПОВЫШЕНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ ПО ПРЕДМЕТАМ ФИЗИКИ И ИНФОРМАТИКИ**

Методы обучения совершенствуются постоянно. Развития функциональной грамотности учащихся на уроках физики и методы ее решения за счет создания особой образовательной среды, внедрения компетентностного подхода, изменений в методике преподавания, использования индикаторов функциональной грамотности.

**Ainekov E. A., Kenezhanova N. A.**

#### **PHYSICS ZHANE INFORMATICS PANDERI BOYYNSHA FUNCTIONALDYK SAUATTYLYKTY ARTTYRUDAGY TIIMDI ZHOLDAR**

The training method is constantly being improved. The development of functional literacy of students in physics lessons and its solutions through the creation of a special

educational environment, the introduction of the competence approach, changes in teaching methods, and the use of indicators of functional literacy.

УДК 371

**Алексеева Е.А.**

преподаватель кафедры «Педагогика»

Академия «Bolashaq», город Караганда Республика Казахстан

[Evgeniya96\\_01@mail.ru](mailto:Evgeniya96_01@mail.ru)

Утепова Г. М.

Воспитатель КГКП «Ясли-сад «Самал» отдела образования г.Темиртау управления образования Карагандинской области

[Uteпова\\_00@inbox.ru](mailto:Uteпова_00@inbox.ru)

### **ПОЗНАВАТЕЛЬНО – РЕЧЕВОЕ РАЗВИТИЕ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ПОСРЕДСТВОМ ТЕАТРАЛИЗОВАННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ**

*В работе описаны возможности познавательно-речевого развития детей старшего дошкольного возраста посредством театрализованной деятельности в дошкольной организации. Охарактеризованы психолого-педагогические условия, обеспечивающие познавательно-речевое развитие детей старшего дошкольного возраста посредством театрализованной деятельности.*

Дошкольный возраст - это наиболее благоприятный период всестороннего развития ребенка. В этом возрасте у детей активно развиваются все психические процессы: внимание, восприятие, память, мышление, воображение и речь, а так же происходит формирование основных качеств личности.

Одним из эффективных видов игровой активности в детском саду является театрализованная игра, которая позволяет решать многие актуальные проблемы педагогики и психологии, связанные с развитием коммуникативных качеств личности ребенка, развитием, воображения, фантазии, инициативности и самостоятельности.

Важно отметить, что театрализованная деятельность оказывает огромную роль в развитии связной и выразительной речи детей дошкольного возраста. Поэтому в дошкольной организации необходимо создавать условия, в которых каждый ребёнок мог бы передать свои эмоции, чувства, желания и взгляды, как в обычном разговоре. И это можно реализовать в театрализованной игре [1].

Театрализованная игра – это неисчерпаемый источник развития чувств, переживаний и эмоциональных открытий, способ приобщения к духовному богатству.

Отметим, что в старшем дошкольном возрасте у ребенка формируются начальные представления о видах театра и жанрах музыки, устанавливаются связи между художественным образом и средствами выразительности, используемыми авторами произведений, формулируются эстетические оценки и суждения, обосновываются предпочтения, проявляется некоторая эстетическая избирательность. Так как ребенок 4-х лет (старший дошкольный возраст) стремится познать себя и другого человека, как представителя общества, постепенно начинает осознавать связи и зависимости в социальном поведении и взаимоотношениях людей [2].

В игровой деятельности детей старшего дошкольного возраста появляются ролевые взаимодействия. Они указывают на то, что дошкольники начинают отделять себя от принятой роли. В процессе игры роли могут меняться. Игровые действия

начинают выполняться не ради них самих, ради смысла игры. Происходит разделение игровых и реальных взаимодействий детей.

В старшем дошкольном возрасте улучшается произношение звуков и дикция. Речь становится предметом активности детей. Они удачно имитируют голоса животных, интонационно выделяют речь тех или иных персонажей. Интерес вызывают ритмическая структура речи, рифмы. Развивается грамматическая сторона речи. Дошкольники занимаются словотворчеством на основе грамматических правил. Речь детей при взаимодействии друг с другом носит ситуативный характер, а при общении со взрослым становится внеситуативной.

Взаимоотношения со сверстниками характеризуются избирательностью, появляются постоянные партнеры по играм. Изменяется содержание общения ребенка и взрослого. Оно выходит за пределы конкретной ситуации, в которой оказывается ребенок. Ведущим становится познавательный мотив, информацию, которую ребенок получает в процессе общения, может быть сложной и трудной для понимания, но она вызывает у него интерес.

Театрализованная деятельность является мощным средством познавательно - речевого развития детей старшего дошкольного возраста (Таблица 1) [3]:

1. С театрализованной деятельностью тесно связано развитие всех компонентов устной речи детей, так как в процессе театрализованной деятельности активизируется словарь ребенка, совершенствуется звуковая культура его речи, ее интонационный строй. Исполняемая роль, произносимые реплики ставят ребенка перед необходимостью ясно, четко, понятно изъясняться. У него улучшается диалогическая речь и ее грамматический строй.

2. Знакомясь с различными видами театра, а так же участвуя в театрализованной деятельности, дети знакомятся с окружающим миром во всем его многообразии через образы, краски, звуки, а, умело, поставленные вопросы заставляют их думать, анализировать, делать выводы и обобщения.



**Таблица 1.** познавательно – речевое развитие детей посредством театрализованной деятельности

Вид	Комплекс взаимосвязанных задач
Познавательное развитие	<p>-Развитие разносторонних представлений о действительности: история театра, виды театра, театральные профессии;</p> <p>-Наблюдение за явлениями природы, поведением животных (для передачи символическими средствами в игре драматизации);</p> <p>- Знакомство с явлениями общественной жизни, предметами ближайшего окружения.</p> <p>- Инициативность и самостоятельность в разных видах деятельности;</p> <p>- Развитие памяти, обучение умению планировать свои действия для достижения результата.</p>
Речевое развитие	<p>- Развитие чёткой, ясной дикция, ведется работа над развитием артикуляционного аппарата с использованием скороговорок, чистоговорок, потешек;</p> <p>- Активизируется словарь, совершенствуется звукопроизношение;</p> <p>- Через знакомство с художественными произведениями различных жанров происходит приобщение детей к словесному искусству, развитие литературной речи.</p> <p>- Содействие развитию монологической и диалогической речи;</p> <p>- Обогащение словаря: образных выражений, сравнений, эпитетов, синонимов, антонимов и пр.;</p> <p>- Овладение выразительными средствами общения: словесными (регулируем темпа, громкости, произнесения, интонации и др.) и невербальными (мимикой, пантомимикой, позами, жестами).</p>

Поэтому театрализованная деятельность выступает мощным инструментом развития всех качеств личности ребёнка в старшем дошкольном возрасте: психических и познавательных процессов, формирования коммуникативных и речевых навыков. Сформированность этих качеств поможет будущему первокласснику быстро входить в контакт, в любой сложной ситуации не растеряться, смело задавать вопросы учителю, учиться у одноклассников, самому оказывать помощь другим.

Психолого-педагогические условия, обеспечивающие познавательно-речевое развитие ребёнка посредством театрализованной деятельности [3]:

1. Уважение взрослых к человеческому достоинству детей, формирование и поддержка их положительной самооценки, уверенности в собственных возможностях и способностях;

2. Использование в театрализованной деятельности форм и методов работы с детьми, соответствующих их возрастным и индивидуальным особенностям;

3. Поддержка взрослыми положительного, доброжелательного отношения детей друг к другу и взаимодействия детей друг с другом в театрализованной деятельности;

4. Обеспечение эмоционального благополучия через непосредственное общение с каждым ребенком, уважительное отношение к каждому ребенку, к его чувствам и потребностям;

5. Поддержка индивидуальности и инициативы детей через создание условий для свободного выбора детьми деятельности, создание условий для принятия детьми решений, выражения своих чувств и мыслей;

6. Установление правил взаимодействия в разных ситуациях: создание условий для позитивных, доброжелательных, отношений между детьми, развитие коммуникативных способностей детей.

Таким образом, в процессе театрализованной игры формируется диалогическая, эмоционально насыщенная речь ребенка. Дети старшего дошкольного возраста лучше усваивают содержание произведения, логику и последовательность событий, их развитие и причинную обусловленность. Театрализованные игры способствуют усвоению элементов речевого общения (мимика, жесты, поза, интонация, модуляция, голос). Поэтому именно театрализованная деятельность позволяет решать многие педагогические задачи, касающиеся формирования выразительности речи ребёнка, познавательного и художественно-эстетического воспитания.

#### **Список использованных источников:**

1. Ушакова О.С. *Методика развития речи детей дошкольного возраста*. – М.: Владос, 2014 – 287 с.

2. Яшина В.И., Алексеева М.М., Макарова В.Н. и др. *Теория и методика развития речи детей: пособие для самостоятельной работы: учебное пособие по специальностям «Дошкольная педагогика и психология», «Педагогика и методика дошкольного образования»*. – М.: Академия, 2017 – 192 с.

3. Маханева М.Д. *Театрализованные занятия в детском саду: Пособие для работников дошкольных учреждений*. – М.: ТЦ «Сфера», 2016 – 64с.

**Алексеева Е.А., Утепова Г.М.**

#### **ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУІН ДАМУ**

Жұмыста мектепке дейінгі ұйымдағы театрландырылған іс-шаралар арқылы үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту мүмкіндіктері сипатталған. Театрландырылған іс-шаралар арқылы үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және сөйлеу дамуын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық жағдайлар сипатталған.

**Alexeyeva Y.A., Utepova G.M.**

#### **COGNITIVE AND SPEECH DEVELOPMENT OF OLDER PRESCHOOL CHILDREN THROUGH THEATRICAL ACTIVITIES**

The paper describes the possibilities of cognitive and speech development of older preschool children through theatrical activities in a preschool organization. The psychological and pedagogical conditions that ensure the cognitive and speech development of older preschool children through theatrical activities are characterized.

**Анарбаева М.Ә.,**  
«Bolashaq» академиясы» ЖММ, 4 курс студенті  
Anarbaeva.0603@mail.ru  
**Жапанова Р.Н.,**  
«Bolashaq» академиясы» ЖММ, п.ғ.м., аға оқытушы  
riza\_70@bk.ru  
**Лапиева Г.К.**  
«23 ЖББМ» КММ бастауыш сынып мұғалімі  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
lapieva2010@mail.ru

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КЕҢІСТІКТІК ОЙЛАУЫН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақалада бастауыш сынып оқушыларында кеңістіктік ойлауды дамыту құралы ретінде математика сабақтарында геометриялық материалды оқу процесінде практикалық жұмыстарды қолдануға байланысты сұрақтар ашылады.*

*Геометриялық материалды оқыту нәтижесінде оқушылар мыналарды білуі керек: геометриялық фигураларды модельдеу, жасау, тану және бейнелеу. Мұның бәріне математика сабақтарындағы практикалық іс-шаралар мен практикалық мазмұндағы тапсырмалар ықпал етеді.*

Геометриялық білімінің пайда болатын көзі біреу, ол тәжірибе. Ойын, әртүрлі жұмыс т.с.с. түрінде айналадағы табиғат, тіршілік жағдайларымен танысудан балалар геометрияның негізгі түсініктері туралы ұғым алады. Тәжірибе және бақылау, геометриялық білімінің бастапқы көздері болады.

Геометриялық білімінің пайда болуының екінші жолы логикалық ойлау болып табылады. Дұрысында, бақылау тәжірибе қандай оңай болғанмен де, қандай нақтылы түрде кездескенмен де, оқушы тіпті жеңіл желпі түрде болса да талқылап тексермей, логикалық жүйеге соқпай кете алмайды [1, б. 92].

Бастауыш сыныптарда геометрияны оқыту кезінде, әр материалға байланысты, кеңістіктік ойлауын дамыту барысындағы мұғалімінің ең негізгі мәселесі әдістемелік бағытты анықтап алу керек.

Геометриялық фигуралар және олардың қатынастары жөніндегі түсінік оны елестете білуге дейін жүргізіле береді.

Геометриялық фигуралардың әртүрлі модельдерімен танысу кезінде, оқушылар олардың материалына, түсіне, салмағына тәуелсіз жағдайларын ескере отырып, геометриялық фигуралардың жалпы қасиеттерін анықтайды.

Мұның барлығын да геометриялық объектілерге материалдарда қолдану нәтижесінде қол жеткізеді. Мысалы, сызғышты пайдаланып түзу сызық сызғанда, ол тек объект ғана емес, керілген жіп, екі жазықтықтың қиылысуынан пайда болған сызық (мысалы, қабырға жазықтығы мен еден жазықтығы) материалдық заттарды пайдалана отырып, оқушылар геометриялық елестетуді меңгере бастайды. 1 сыныпта қоршаған ортадағы материалдық заттармен, фигуралармен алғашқы таныстық және олардың аттарымен танысу кезеңі аяқталады. Оқушыларда бірте-бірте фигураларды оқу схемасы өңделе бастайды, оларға анализ және синтез жасау схемасы, сөйтіп, әрбір фигураның қасиетін меңгеруі жеңіл түрде жүреді [2, б. 68].

Әдістемеді геометриялық фигураларды қою және қарама-қарсы қою тәсілдеріне ерекше орын беріледі. 1 сыныпта фигуралар жиыны ішінен шеңбер жиынын, көп

бұрыш жиынын және т.б. бөліп алуға көңіл аударылса, ал 2-3 сыныптарда фигуралардың қасиеттерін нақтылауға және классификациялауға мән беріледі. Жазық фигуралар (шеңбер, көпбұрыш, дөңгелек және т.б.) кеңістік фигураларды (шаршы-текше, шеңбер, шар және т.с.с.) қою және қарама-қарсы қоюға ерекше назар аудару керек. Мысалы, текшемен таныстырғанда, оның нүктелерін, кесінділерін, көпбұрыштарын табуды көрсету қажет.

Бастауыш математика сабақтарында оқып үйренудегі басқа материалдармен байланысыны ерекше айтқан жөн. Бұл байланыстың негізі болып сан мен фигура арасындағы қатынасты орнату мүмкіндігі. Бұл сан түсінігін қалыптастырудағы сан қасиеті, оларға қолданылатын амалдардан фигураны қолдану керісінше, геометриялық образдарды оқып үйренуден сан ұғымын қолдану [3, б. 31].

1 сыныпта фигура модельдерін санау үшін қолданады. Кейінірек объекті ретінде фигура элементтері пайдаланылады. Мысалы, көпбұрыштың төбелері, қабырғалары. Сонымен қатар оқушылар кесінділерді өлшеумен де танысады. Бұл кесінді мен сан арасында байланыс орнатуға септігін тигізеді. Ал 2 сыныпта кесінділер (нүктелер) және сандар арасында тікелей байланыс орнатылады. Геометриялық фигуралар оқушылардың бірлік үлестерімен танысу кезінде де қолдану қажет.

Бастауыштың әртүрлі оқу пәндерін оқыту кезінде оқушылар сабақ үстінде қоршаған орта құбылыстары туралы, оның қасиеттері жайында нақтылай түсініктер алады. Мысалы, балалар графикалық сауаттылыққа үйрену үшін, таяқшаларды салады, торкөзді белгілейді және т.б.

Геометриялық фигуралар жайлы алған білімдерін бекітуде басқа пәндердің мүмкіндіктерін де айтуға болады. Мысалы, табиғаттану сабағында оқушылар горизонт сызығы және горизонтпен танысу кезінде, оларда дөңгелек және шеңбер жөнінде түсінік ала алады. Геометриялық фигуралардың қасиетін оқыту болып табылады. Сондықтан да, геометриялық фигуралардың қасиетін оқыту барысында оқушылар тікелей олармен практика жүзінде танысып жұмыстар жүргізу керек. Мысалы, балалар математика сабағында өлшеу және салу жұмыстарын атқарады. Еңбек сабағында формаларын илеп жасап, модельдерін қиып, ал сурет сабағында бейнелеу жұмыстарын атқару керек. Келтірілген мысалдардан, әртүрлі пәндерді оқи отырып, геометриялық формалар жайында білімдер жинақтайды. Олардың нақтылы және абстрактылы ойлау қабілеттері өңделеді. Сонымен қатар, геометриялық форма, геометриялық фигура, фигуралардың қасиеттері мен қатынастары туралы сапалы түрдегі түсініктері қалыптаса бастайды.

Геометриялық материалдарды оқыту мектеп курсының барлық оқу жылына бірдей етіп бөлінеді. Қазіргі 1 сынып математика оқулығы да осылай құрылған. Геометриялық есептер мен жаттығуларға арналған. Заттардың ұзындығы, олардың кеңістікте езара орналасу мен қатынастары жайлы алғашқы түсінік беру [4, б. 24].

Балалар мектепке дейінгі кезеңнің өзінде-ақ олар кеңістік туралы қоршаған ортадағы әртүрлі заттардың формасы, өлшемі, және өзара орналасуы жайында көп түсінік жинақтайды. Осы түсінік келешекте негізгі геометриялық түсініктерді, сосын ұғымдарды қалыптастыруда қажет негіз болып табылады. Сонымен бірге ойын үстінде, практика жүзінде заттардың формаларымен, олардың жеке бөліктерімен танысады. Мысалы, дөңгелек (цилиндр) немесе доптың ( шар ) секіретін қасиетке ие екендігін, ал қорапша да (призма) мұндай қасиет жоқтығын балалар бірден - ақ аңғарады. Осы физикалық қасиеттерде балалалар интуитивті түрде дене формасымен байланыстырады. Балалар жинақтаған тәжірибе және терминдік сөздер кездейсоқ болғандықтан оқытудың міндеттерінің бірі жинақталған түсініктерді анықтау және сәйкес терминдерді меңгеру. Осы бағытта жүйелі түрде әртүрлі жаттығулар беру керек Заттар арасындағы қатынастар: «бірдей», «әртүрлі», «үлкен»,

«кем», және т.б. сөздер нақты заттармен (қағаз белігі, таяқша, доп, және т.б.) немесе солардың кескінімен (сурет, сызба) орнатылады. Осы қатынастарды түсіндірудегі мысалдарда негізгі белгілер «дәл» көрініс табуы қажет.

Геометриялық фигура - бұл нүктелер жиыны, геометриялық фигураға жеке бір нүктеде, және шекті, шексіз алынған нүктелер жиыны да жатады. Сондықтан да, біз оларды абстрактылы дейміз.

Практикада біз, реальды заттардан жасалған фигуралардың модельдерін қарастырамыз. Мысалы, қаламсаптың ұшы нүкте болады және т.б. Заттардың формасы, қасиеті, өлшемі массасын ескермей, оны геометриялық фигура туралы түсінік аламыз.

Геометрия негіздерін оқытуда жақсы нәтижеге жету үшін оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамыту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет. Геометриялық оқыту бұл оқушылардың ғылыми - дүние танымдық қабілетін артырудың бірден-бір жолы.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- 1. Әмірова Ә. Бастауыш сыныптарда оқытудың жаңа технологиясын пайдалану. Әдістемелік құрал. – Алматы: 2016 ж.*
- 2. Бидасов А. Математиканы оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, 2015 ж.*
- 3. Елубаева С. Бастауыш кластарда математикадан жүргізілетін кластан тыс жұмыстар. - Алматы, 2015 ж.*
- 4. Оспанов Т.Қ., Құраманалина Ш. Математиканың бастауыш курсының оқыту әдістемесі. II бөлім. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2014 ж.*

**Анарбаева М.Э., Жапанова Р.Н., Лапиева Г.К.**

#### **ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ПРОСТРАНСТВЕННОГО МЫШЛЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ**

*В статье раскрываются вопросы, связанные с использованием практических работ в процессе изучения геометрического материала на уроках математики как средства развития пространственного мышления у младших школьников.*

*В результате обучения геометрическому материалу учащиеся должны знать: моделирование, создание, распознавание и изображение геометрических фигур. Все это способствует практическим занятиям на уроках математики и заданиям практического содержания.*

**Anarbayeva M.E., Zhapanova R.N., Lapieva G.K.**

#### **FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF SPATIAL THINKING OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN**

*The article reveals the issues related to the use of practical work in the process of studying geometric material in mathematics lessons as a means of developing spatial thinking in younger schoolchildren.*

*As a result of learning geometric material, students should know: modeling, creation, recognition and image of geometric shapes. All this is facilitated by practical exercises in mathematics lessons and practical tasks.*



**Антошук Л.Г., Куанышев А.К.**

Учителя физики, КГУ «Специализированная школа-лицей-интернат «Мурагер»  
управления образования Карагандинской области  
Караганда, Республика Казахстан

## **РАЗВИТИЕ ЛОГИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ ФИЗИКИ**

*В данной статье автор показал, что основой глубокого усвоения физики является логическое мышление. Он также говорил о том, что мышление может быть всесторонне развито наряду с другими способностями. Важнейший фактор успешного формирования прочных знаний по физике — развитие логического мышления и учебно-познавательного энтузиазма учащихся на уроках, которое достигается интеллектуальной и эмоциональной подготовкой учащихся к восприятию нового учебного материала.*

Государственный стандарт по физике предполагает приоритет деятельностного подхода к процессу обучения: развитие у школьников умений проводить наблюдения природных явлений; умение описывать и обобщать результаты наблюдений; использовать простые измерительные приборы для изучения физических явлений; представлять результаты наблюдений или измерений с помощью таблиц, графиков и выявлять на этой основе эмпирические зависимости, а также применять полученные знания для объяснения разнообразных природных явлений и процессов, принципов действия важнейших технических устройств, для решения физических задач.

Поэтому одним из факторов успешного формирования прочных знаний по физике является развитие логического мышления. Способность к логическому мышлению, как и другую способность, можно целенаправленно развивать и формировать. Для этого ученик должен освоить методы и приемы рационального мышления, выработать у себя привычку к мыслительной деятельности. Действительное развитие логического мышления возможно лишь при направленной напряженной мыслительной деятельности.

Логическое мышление — это мыслительный процесс, в котором человек оперирует имеющимися знаниями для получения конкретного вывода и которому присущи такие признаки, как обоснованность, последовательность и связность. Его можно развивать в течение всей жизни и тренировать с помощью определенных методик.

Среди учебных предметов средней школы физика занимает одно из ведущих мест. Это является отображением того объективного общеизвестного факта, что физика — основа современной техники и многих современных производств и технологий.

Важнейший фактор успешного формирования прочных знаний по физике — развитие логического мышления и учебно-познавательного энтузиазма учащихся на уроках, которое достигается интеллектуальной и эмоциональной подготовкой учащихся к восприятию нового учебного материала. Способность к логическому мышлению, как и другую способность, можно целенаправленно развивать и формировать. Для этого ученик должен освоить методы и приемы рационального мышления, выработать у себя привычку к мыслительной деятельности, привычку не сдаваться перед трудной задачей, а упорно искать пути ее решения.

Приемы логического мышления: целеполагание; мозговой штурм; ассоциативный ряд; кластер; рефлексия; нетрадиционные формы домашнего задания; синквейн; чтение методом пометок; обратная связь.

Для системы работы учителя по активизации познавательной деятельности учащихся в обучении очень важно иметь в виду, что в мыслительной деятельности

можно выделить три уровня: уровень понимания уровень логического мышления  
уровень творческого мышления

Понимание — это аналитико-синтетическая деятельность, направленная на усвоение готовой информации, сообщаемой книгой или учителем. Умственная активность нужна также и при изучении текста. Необходимо выделить главную мысль параграфа, проследить за убедительностью ее обоснования, уяснить логику рассуждений, последовательность и этапы вывода формулы, соотнести конкретные примеры и факты с доказываемым положением и т. д.

Понимание материала учащимися является предпосылкой самостоятельного решения ими познавательных задач, является первой ступенью их познавательной активности. Под логическим мышлением понимается процесс самостоятельного решения познавательных задач. В процессе мышления ученик самостоятельно приходит к выводам.

Основная цель работы учителя из активизации познавательной деятельности учеников заключается в развитии их творческих способностей. Из психологии известно, что способности человека, в том числе и учеников, развиваются в процессе деятельности. Особое внимание руководство страны обращает на поддержку совсем молодых талантов, желая увидеть их в будущем в качестве лидеров казахстанского общества, в том числе, в сфере науки. На реализацию этой стратегии направлена работа научных обществ учащихся. Это объединение по интересам способствует развитию познавательной активности и творческих способностей подростков в процессе углубленного изучения ими одной из отраслей науки, техники или искусства.

При изучении физики ставится задача помочь учащимся осознать важность и универсальность изучаемых законов, создать условия для самореализации личности каждого учащегося в процессе обучения, развить потребность в самостоятельной творческой и исследовательской деятельности в рамках физической науки, вооружить необходимым материалом.

Основной формой организации учебного процесса в школе является урок.

Развитие критического мышления посредством чтения и письма Формирование у школьников через интерактивное включение в учебный процесс критического мышления. Формирование культуры работы с информацией. Развитие личности ученика через активное взаимодействие с окружающей жизнью. Развитие исследовательского мышления. Формирование культуры работы в команде, в группе. Развитие способности ставить вопросы, вырабатывать разнообразные аргументы, принимать независимые продуманные решения.

Проектный метод обучения Активизация самостоятельной поисковой деятельности учеников, то есть проектирования. Стимулировать познавательные интересы учеников. Развитие исследовательских умений и навыков, защита проекта.

Обеспечение усвоения учебного материала каждым учеником в Разноуровневое зоне его ближайшего развития на основе особенностей его субъектного опыта. обучение Создание положительного микроклимата на уроке. Эффективная организация учебного процесса при работе с различными категориями детей.

Игровая технология обучения Развитие критического мышления. Формирование навыков организационной деятельности. Развитие памяти, мышления, восприятия. Обогащение словарного запаса.

Технология проблемного обучения Обеспечение высокого уровня познавательной активности ученика. Развитие умения мыслить на уровне взаимосвязей и взаимозависимостей. Приобретение деятельности, опыта творческой необходимой в процессе выполнения ученических исследований.

Исследовательские Целенаправленные методы обучения компонентов формирование исследовательской всех культуры школьника: Развитие мышления

учащихся. Формирование основ научного мировоззрения и познавательной самостоятельности. Создание положительной мотивации учения и образования. Формирование умений самообразования, способов деятельности. и то формирование активной есть навыков познавательной

Данные для решения экспериментальных задач получаются из опыта непосредственно на демонстрационном столе учителя или путем физических измерений, произведенных самими учащимися

Лабораторная работа Самостоятельный эксперимент учащихся. При выполнении такой работы каждый «исследователь» выступает как активное начало, поскольку он сознательно, с определенной целью собирает экспериментальную установку, воспроизводит измерения, обрабатывает данные, убеждается в справедливости и объективности физических явлений и закономерностей.

Лабораторные работы физического практикума ставятся после изучения той части курса, к которой относятся выбранные работы. Учащиеся работают в практикуме по два человека вполне самостоятельно, по заранее полученным заданиям, пользуясь при этом специальным руководством.

Требует от учащихся максимальной самостоятельности. Один из таких заданий это изобретение или создание самим учеником какого - либо устройства

Основные цели и задачи - формирование у учащихся интереса к научным исследованиям, выявление и развитие творческих способностей, обучение методам научных исследований, воспитание творческой личности; - активное содействие учебным учреждениям в воспитании учащихся, их всестороннем развитии, выработке творческого отношения к труду, активных жизненной и гражданской позиций, высоких нравственных качеств и духовной культуры; - содействие в эффективной профориентации и профотборе выпускников школ.

Эта работа направлена на получение дополнительных знаний и умений, развитие эстетического потенциала в наших учениках, заставляет увидеть и разглядеть много нового и интересного вокруг, связывать научный подход с жизнью, учит применять физические навыки в жизни.

Практическая значимость работы заключается в том, что материал может быть использован на факультативах, занятиях прикладных курсов, в классах с углубленным изучением физики.

Умелое применение знаний и умений в жизни способны заменить долгие разъяснения, помогают лучше понять и освоить полученную информацию в любых сферах деятельности человека. Научное общество учащихся развивает интерес талантливой молодежи к науке, формирует навыки проведения научных исследований, что в итоге содействует формированию интеллектуального потенциала Республики Казахстан.

#### ***Список использованных источников***

1. Тошпулатова Ш.О. *Качественные задачи по физике / Под редакцией ФАН. Ташкент, 2009.*

2. Усова А.В., Бобров А.А. *Формирование учебных умений и навыков учащихся на уроках физики. – М: Просвещение, 1988.*

3. Усова А.В., Завьялов В.В. *Воспитание учащихся в процессе обучения физике. – М: Просвещение, 1984*

4. Земцова В.И. *Подготовка учащихся к непрерывному образованию в процессе преподавания физики. – Свердловский государственный педагогический институт, 1989.*

**Антощук Л. Г., Куанышев А. К.**

### **ФИЗИКА ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ**

*Автор бұл мақаласында физиканы терең меңгерудің негізі логикалық ойлау екенін көрсетті. Ойлауды басқа қабілеттермен қатар жан-жақты дамытуға болатынын да айтты. Физикадан берік білімнің табысты қалыптасуының ең маңызды факторы – оқушылардың жаңа оқу материалын қабылдауға интеллектуалдық және эмоционалдық дайындығы арқылы қол жеткізілетін сабақта оқушылардың логикалық ойлауы мен оқу-танымдық ынтасын дамыту.*

**Antoshchuk L. G., Kuanyshev A. K.**

### **DEVELOPMENT OF LOGICAL THINKING AND UROKAN PHYSICS**

*In this article, the author showed that the basis of deep assimilation of physics is logical thinking. He also talked about the fact that thinking can be comprehensively developed along with other abilities. The most important factor in the successful formation of solid knowledge in physics is the development of logical thinking and educational and cognitive enthusiasm of students in the classroom, which is achieved by intellectual and emotional preparation of students for the perception of new educational material.*

**ӘОК 371.268**

**Ж.А.Арунова**

«Volashaq» академиясы» Жеке меншік мекемесі

Қарағанды, Қазақстан Республикасы

arunova73@mail.ru

**С.Т. Абдуллаева**

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенті, Қарағанды,

Қазақстан Республикасы

sarvinka532@mail.ru

### **ТҰРМЫС – САЛТ ЖЫРЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ**

*Мақалада тұрмыс-салт жырлары арқылы оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу және халқымыздың дәстүрлерін дәріптеу, саналы ұрпақ тәрбиелеу туралы сөз айтылады. Баланы мектеп қабырғасынан бастап, тұрмыс-салт жырларымен сусындатып, адамгершілікке тәрбиелеу және баланың тіл байлығын дамытып, еркін ойлауға, сөйлеуге дағдыландыру. Ата-бабадан мұра болып келе жатқан тұрмыс-салт жырларын ұғындыру туралы айтылады.*

Қай кезең болмасын қоғам мүддесінен жоғары қоятын саналы ұрпақты тәрбиелеу қоғамның басты мәселелерінің бірі болып келеді. Тұрмыс-салт жырлары - қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-жораларына байланысты туындаған өлең-жырлар. Баланы дүниеге келуіне байланыты шілдехана, бесікке салу, тұсау кесу, атқа мінгізер, тоқым қағар, қыз ұзату, үйлену тойлары, ауыл азаматтарының бірлесіп еңбек етуі (киіз басу. үй салу т.б. көпшілік еңбек түрлері), адамның дүниеден қайтуына байланысты естірту, жоқтау, көрісу сияқты әдет-ғұрыптардың бәрі өлең-жырсыз, ән-күйсіз өткен емес. Мұның бәрі өлең жырдың адамның өмірлік серігі, рухани азығы болғанын дәлелдейді.

Қазақтың тұрмыс-салтымен байланысты айтылған «Жар-жар», «Сыңсу», «Беташар», жиын тойларда айтылатын қыз бен жігіт айтысы: жаңылтпаш, санамақ, жұмбақтауда «Естірту», «Жоқтау», «Қоштасу» әндерінде мақал-мәтелдер мен шешендік

сөздерде айтысы мен олардың толғау, терме өлеңдерінде көзделетін мақсат біріншіден аспен тойды қызықты ету, халықтың көңілін көтеру болса, екіншіден аламның көңіл күйіне сөз өнерінің құдіретті күшімен әсер етіп, жүрек тебіренісін туғызу, үшіншіден жиынға қатысушы үлкені-кішінің бәріне ақыл-нақыл айту, ой салу, тәлім-тәрбие беру.

Яғни отбасы, ауыл-аймақ, көпшілік, қоғам болып адамды тәрбиелеу қазақ халқының өмірінен өзекті орын алады. Салт-сананы, әдет-ғұрпы, ойын-тойы, осы мақсатты іске асыруға бейімделе жүргізілген. Ас пен той, қуаныш пен реніш. ұлы жиындардың бәрі халық мектебі сияқты тәрбие беру орын болған.

Халық жиындарында ән айту, күй тарту, қыз қуу, тенге салу, бәйгеден озу, астарлы сөз мағынасын арттырып, қарсыласынды ұғындыру, жіп иіріп, жүн түту. жылқыны жорғаға үйрету, өрмек пен кесте өрнегін арттырылып сайысқа түсу, қыз бен жігіттің өнерге деген ынталы азамат атаулының бәйгеге түсер дүбірлі думаны болған. Халықтың мәдени мұраларынан оның ғасырлар бойы басынан кешкен қуанышы мен қайғысының, үміт арманы мен өкінішінің, сүйіспеншілігі мен өшпенділік сезімінің ізін көреміз. Осының бәрі халықтың ән мен күйінде, өлең жырында, аңыз-әңгімелерінде, поэма дастандарында тіпті қолөнерінде де бейнелей суреттелген.

«Жақсы адам болып қалыптасу үшін жаратылысынан гөрі жаттығудың ролі зор»- деген ежелгі грек философы Демокрит. Ал әлемдегі ұлы ойшылдардың бірі Аристотель "Барлық өнер атауы және солардың ішіне тәрбие өнері педагогика адамға табиғаттан жетіспегенді толықтыру мақсатын көздейді"-деген болатын! "Адамшылық ар-ұят адамдықтың белгісі"-деп ұққан халқымыз жақсы мінез-құлықты ұлттық салт-дәстүр арқылы жастардың бойына сіңіруді мұрат тұтқан.

Жалпы тәрбие үрдісінде қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы бала бойына шынайы адамгершілікті, имандылықты адамдар қалыптастырудың мүмкіндігі мол. Тұрмыс -салт жырларының тәлімдік мүмкіндіктері мынадай:

1. Тұрмыс-салт жырлары салт-дәстүрмен байланысты орындалатын болғандықтан белгілі бір халықтың этнографиялық өмірін көрсетуге қызмет етеді.

2. Тұрмыс-салт жырлары адамның өмірге деген көзқарасын, наным-сенімін білдірудің және оны тәрбиелеп жетілдірудің, мәдениеттендірудің құралы.

3. Тұрмыс-салт жыры жеке бастың көңіл күйін, ішкі сезімін білдірудің психологиялық құрады. Мысалы: сынсу, жар-жар, жоқтау, т.б

4. Тұрмыс-салт жырларының діни наным-сеніммен байланысты түрлері табиғаттың ішкі сырын білуге, оған адамның өлең-жырымен әсер етуге талпынысын байқататын космологиялық құрал. Мәселен: жыланмен арбасу, бәдік жыры т.б

5. Тұрмыс-салт жырлары арқылы қоғамдық сананың қалыптасқан ең биік нормалары, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып беріледі, мемлекеттің қатысуынсыз әкімшілік шараларсыз-ақ қоғамдық пікір күшімен қорғалады, орнығып қалыптасады, сөйтіп ол қоғам мүшелерінің бәріне ортақ мінез-құлықтық нормаға айналады.

6. Қайталап отырудың нәтижесінде салт-дәстүрлер сол қоғамның рухани үрдесіне айналып, іске асырылады, оның өзіндік белгілері мен қасиеттерін қоғам мүшелерінің бойына қалыптастыруда адамдарды біріктіру мен ынтымақтастырудың құралы ретінде қолданылады.

7. Тұрмыс-салт жырлары үлкенді сыйлау, еңбекті қадірлеу, сыпайгершілікті дәріптеу сияқты қасиеттерге тәрбиелеу отырып, жастардың ар-намысын оятуда салт-дәстүрді қадірлеуге қызмет ететін педагогикалық құрал. Мысалы: шілдеhana, қыз ұзату, келіп түсіру, өлікті жөнелті, наурыз тойларындағы өлең-жырдың бәрінде ұрпақты тәрбиелеу ісі өзекті орын алады [1].

Қазақтың халық педагогикасында балаларға арнап шығарылған арнау-тілек өлеңдері, сұрамақтар төрт-түлік туралы жырлар, тақпақтар ерекше орын алады.



Арнау-тілек өлеңдері табиғат құрылыстары мен жан-жануарларға, құстарға қызығу сезімін оятып, эстетикалық әсер беру үшін, баланың дүниетанымын арттыру мақсатында шығарылған.

Әр отбасында айтылатын баланың туылғаннан бастап құлағында қалатын ән «Бесік жыры» болып саналады. Бұл жырда ырғағы бесіктің тербелісіне сәйкес қоңыржай әуен бөбектің сезім мүшелері арқылы оған сүйсінерлік әсер етіп, жан-жүйесін жадыратып жұбатады. Екіншіден баланың келешегіне үміт артып, тілек айтады. Үшіншіден, ата-ана айтқан тілектерді тілі шыққан балдырған жатттап, тәлім алады [2].

Қадамын бір-екі басқан баланың тек тез жүріп кетсін деген ниетпен ғана емес, өмірде де ешқандай шалыс баспай, ешкімнің ала жібін аттамасын деп ала жіппен тұсауын кестіреді. Ала жіптің тағы бір мәнісі ақ түс — қуаныш, қара түс — қиындық деп түсініп, қуаныш пен қиындық бірге жүреді, осындай алма-кезек өмірде қиындықты жеңе білсін деген ниеттен туындайды.

Адамгершілік тәрбие берудің маңызын арттыратын басты ұстанымдарға тоқталсақ:

- Адамгершілік тәрбие беру жүйесінің қалыптасуына ден қою. Бұл жолда әсіресе, ата-бабалар дәстүріне сүйенудің маңызы зор.

- Адамгершілікке тәрбиелеу жұмысын барлық тәрбие мекемелерінде өзара үйлесімділікпен жүргізу, (мектеп, мәдениет ошақтары, т.б.).

- Бастауыш сынып мұғалімдерінің жоғары азаматтық қатынастарын қалыптастыру. Мұғалім – оқушы бойына адамгершілік ұрығын себуші.

Балаларға адамгершілік тәрбие беруде бастауыш сынып оқушыларына арналған ережелермен жұмыс істеудің маңызы зор. Оқушылар ұжымының өмірі осы Ережелер негізінде құрылады. Ережелердің орындалуы балалардың тәрбиелігі туралы мәлімет беретін көрсеткіш болып табылады. Ережені еске салу үшін қолайлы болған жағдайдың бәрін пайдаланып отыру, әбден дағдыға айналғанға дейін оның орындалуын талап ету, ережелердің орындалғанын атап көрсету және оның бұзылуына жол бермеу қажет [3].

Ережелер балалардың санасына ұялап, олардың дағдысына айналуы үшін әр түрлі тақырыптарда жүйелі түрде әңгімелер өткізіліп тұрады. Этикалық әңгімелерде белгілі бір бағдарлама бойынша және сыныптағы оқиғаларға байланысты өткіземіз. Ең бастысы ережелерді жаттап алып, сол бойда-ақ ұмыт қалдыратындай болмау керек.

Ережелермен қалай жұмыс істеу керек? Ең алдымен бәрін бірден қолға алмаған жөн. Ережелерді бірте-бірте игеру тәртібін ұстану және адамгершілік мінез-құлыққа жаттықтыру.

Бірінші сыныптағылар ең алдымен мінез-құлық нормаларына негіз болатын нақты талаптарды білуі қажет. Мәселен «Сергек бол; басқаларға қамқорлық жаса; ықыластылық көрсет» деген ереже бар. Оқушыларға осы ережені нақтылап белгілі бір жағдайларда өздерін қалай ұстауы керектігін айту; Автобуста жасы үлкен кісіге орын бер, үйдегілерді мазалама «Бір нәрсені сұрай қалсаң мархабат деуді ұмытпа» деп, т.б. үйрету керек.

Тұрмыс-салт жырларын үйрену арқылы оқушыларға берілетін тәрбие:



Адамгершілікке тәрбиелеу баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы болып табылады, ол оның ата-анаға, айналадағыларға, ұжымға, қоғамға, Отанға, еңбекке, өз міндеттеріне және өз басына қатынасын қалыптастыруды көздейді. Адамгершілікке тәрбиелеу процесінде мектеп бастауыш сынып оқушысының бойында отан сүйгіштік, жолдастық өмір шындығына белсенді көзқарасын қалыптастырады.

Мектеп жеткіншек ұрпақтың бойына тек бір өзін жетілдіру ісімен шектеліп қоймай, айналадағы дүниенің қалыптасуына, мораль нормаларын енгізу жолында да міндетті белсенді позиция ұстап, ашық күрес жүргізуді талап ететін нағыз қоғамдық адамгершілікті тәрбиелеуге тиіс [4].

Сонымен адамгершілік тәрбиесі мектептегі, оқушылардың тәрбие жүйесінің басты бөлігі болып табылады.

Адамгершілік тұрғыдан жетілуді айқындап беретін тәрбиенің өзегі балалардың адамгершілік көзқарастары мен өзара қатынастарын қалыптастыру болып табылады. Жұмыстың мазмұнының, әдістерінің, формаларының және оның тиісті нақты мақсаттарының қандай екендігіне қарамастан біздің алдымызда әрқашанда балалардың адамшылық көзқарастарын ұйымдастыру міндеті тұрғаны тиіс. Біздің елімізде адамгершілік тәрбие берудің басты міндеті Қазақстан Республикасының елдігін, егемендігін сақтап, нығайтатын, бойына ізгілік, қарапайымдылық, отансүйгіштік, имандылық қасиеттерді дарытқан ұлы қазақ азаматтарын тәрбиелеу.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Сқақова Р.Ә. «Тұрмыс-салт жырлары ннгізінде оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу» диссертация Алматы 2002
2. Әбдірақов Е. Адамгершілік имандылық тәрбиесі. Шымкент. 1994ж.
3. Қайров И.А., Богданов О.С. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. Алматы «Мектеп» 1988ж.
4. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Астана.1988ж.

**Арунова Ж.А., Абдуллаева С.Т.**  
**НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ УЧАЩИХСЯ ЧЕРЕЗ**  
**ЛИРО ЭПИЧЕСКИЙ ЖАНР**

*В статье говорится о нравственном воспитании учащихся и прославлении традиций нашего народа, воспитании интеллигентного поколения через народные песни. Начиная со школьных стен, прививая ребенку песни о жизни и культуре, воспитывая ребенка в нравственности и развивая языковые навыки ребенка, приучая к свободному мышлению и говорению. Говорят, что он понимает народные песни, которые передавались от предков.*

**Arunova Z.A., Abdullayeva S.T.**  
**MORAL EDUCATION OF STUDENTS THROUGH THE LYRIC EPIC GENRE**

*The article includes information about moral education of students and glorification of the traditions of our people, raising an intelligent generation through folk songs. We should start teach children traditional songs, the morals, developing the child's language skills, free thinking and speaking from a very young age. It is said to understand the folk songs that have been passed down to us from the ancestors.*

**ӘОК 371.268**

**Ж.А.Арунова**

«Volashaq» академиясы» Жеке меншік мекемесі  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
arunova73@mail.ru

**А.Е.Аманбаева**

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенті,  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
[akgul.amanbayeva@mail.ru](mailto:akgul.amanbayeva@mail.ru)

**ҰЛТТЫҚ РУХ АРҚЫЛЫ ЖЕТКІНШЕКЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ**

*Тәуелсіз, егеменді, зайырлы, демократиялық мемлекетімізде ел негізін құрудың қайнар көзі, бастар бұлағы мектеп екені айдан анық. Бүгінде мектеп қабырғасынан бастап-ақ, өкшебасар ұрпақ бойында патриоттық сезімді қалыптастыру басты міндет болып отыр. Жастардың бойындағы отансүйгіштікті қалыптастырып, өшпестей ету үшін, оларды этникалық білім мен тәрбие тұрғысынан үлкен өмірге даярлаған дұрыс. Өршіл намысты, биік рухты ұрпағы бар елдің еңсесі биік. Ұлттық рух бар жерде ғана отаншылдық сезімі қанат жаяды. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып жетілуі, бабалар мұрасына ғана емес, сол мұраны қастерлеуге де тікелей байланысты. Бабаларымыздың өнеге-өсиетін пайдалана отырып, тәлім-тәрбие беру ұлттық рухы биік, патриот, ақыл-парасаты келіскен, өз тілін, тарихын, ділін жетік білетін, сауатты тұлғаны қалыптастырады.*

Тәуелсіз, егеменді, зайырлы, демократиялық мемлекетімізде ел негізін құрудың қайнар көзі, бастар бұлағы мектеп екені айдан анық. Қазіргі кезде Республикамыздың Егемендігі мен бейбітшілігін сақтауда жеткіншектерді ұлттық рухын көтеру тәрбиелеу мақсат. Негізінен, дербес мемлекеттің басты белгісі болып табылатын азаматтық қоғамды құру үшін халықтың бойында парасаттылық, саяси сауаттылық, әділеттілік іспетті құндылықтарын дамытып, саналы әрі мәдениетті тәлім берумен қоса, патриоттық тәрбие беру де бірден-бір өзекті мәселе екендігі сөзсіз.

Тарих тақтасына үніліп қарар болсақ, тарихтың әр дәуірінде қазақ халқының патриотизмге тәрбиелеуінің өзіндік мүдделері болған. Осы жолда, «ұлтжандылық», «Отансүйгіштік», «патриотизм» ұғымдары - халықтың наным-сенімінен туындаған. Ал, бүгінде еліміздің егемендікке қол жеткізгелі бері өкшебасар ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы ретінде «қазақстандық патриотизм» қарастырылып келеді. «Қазақстандық патриотизм» ұғымы еліміздің саяси-әлеуметтік ерекшелігін көрсетеді. «Қазақстандық патриотизм» – бұрынғы, яғни өткен қоғамдық құрылымдағы патриотизм мен интернационализм негізінде бекіген, татулық пен азаматтық сезімді өзара тығыз байланыстырған, жаңа қоғамның дамуындағы саналық болмысты ұлттық бірегейлік пен сәйкестік бағыттағы таным-бітімге негіздеу арқылы рухани-адамгершілігі жоғары тұлғаның өмірлік өзегі деп түсінуіміз керек. «Қазақстандық патриотизм» нышандары:

- Қазақстан халықтарын құрайтын ұлттардың тарихи тағдырының ортақтастығы;
- қазақстандықтардың ділдік таным-түсініктерінің ортақ белгілері; - республиканың экономикалық мүмкіндігі;
- табиғи ортаның ортақтығы [2].

Бұл бүкіл халықтың мемлекетпен біртұтас ынтымақтастық жолындағы ұстанымдары - Қазақстанның тұтастығын сақтау мен нығайту, оның экономикалық қуатын және халықаралық қауымдастықта беделін арттыру мен өзіндік орнын белгілеп алуына үлес қосу болып табылады. «Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуы аса маңызды әлеуметтік-педагогикалық міндет, оны біздің көп ұлтты қоғам шешеді». Қазақстан халқы өзіне лайық мұрагерлікте жастардың патриоттық сана-сезімдерін дамытуды ұтымды жалғастыруға, қоғамның рухани және материалдық байлығын арттыруға, ғылымды, ұлтаралық мәдениетті және өзара қарым-қатынас дәстүрлерін жетілдіруге қабілетті өскелең ұрпақ өкілдерін даярлауға мүдделі. Жеке тұлғаның, жастардың азаматтық жауапкершілігін дамыту жайындағы «Өзінді тәуелсіз қоғамның азаматы сезіну үшін, аса өнегелі азаматтық, патриоттық және интернационалдық тұрғыдан дамыған балаларда, жеткіншектерде патриоттық сезімдердің қалыптасуына арнамыс, ұят, абырой, азаматтық борыш, адамгершілік міндет пен жауапкершілік сезімдерінің қалыптасуына ерекше көңіл бөлу керек», – деген бағыттағы ой-түйіндеулердің айтылуы орынды [3]. «Қазақстандық патриотизм жаратылысында патриотизм сезімі, толеранттық және ұлттық келісім жатыр» [4]. Қазіргі кезеңдегі қарастырып отырған мәселеге қатысты атаулы ұғымның мазмұндық жүйесі жөніндегі ғалымдардың пікірлерін ескере отырып, біздер де өз тарапымыздан: «Қазақстандық патриотизм – ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып, ұлттық тәрбие негізінде дүниетанымы берік қалыптасқан және халықтық сана тұрмысында өзіндік сезім, наным жоғары, әрі осы құрылымдықтарды сақтауға, дамытуға және оның жоғалып кетпеуіне ұрпақ өкілі ретінде өзінің рухани күш-жігерін сарп ететін адал, жанашыр жеке танымдығы басым» деген түсінікті береміз. Біздің ой-тұжырымдауларымыз бойынша жастарды қазақстандық патриотизмге баулу мен тәрбиелеу – бүгінгі күндегі ең өзекті мәселе болса, қоғамдық санада Отанға деген оттай жалындаған күшті сезім мен оның мүддесі үшін пайдалы іс-әрекет жасау және осы бағытта өзін-өзі тәрбиелеу олардың басты ұстанымдық қағидасын құрайтын құндылыққа айналу керек. Патриоттық тәрбие мәселесі өзекті және оны қазіргі заман талабына сай бүгінгі таным-түсінік тұрғысынан тереңдете зерттеуді талап етеді. Өйткені, бүгінгі жастардың рухани болмыс-бітімі мен сезімдерін қалыптастыру және дамытуда оларға ерлік, батырлық, қайырымдылық, мейірімділік секілді ізгі қасиеттермен көрініс бермек және өте маңызды мәнге ие. Яғни, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, қоғамдық сананы жаңарту тұрғысынан қайтадан дамыту заманауи талап пен қажеттілік болып отыр. Сондай-ақ, жақында зерттеушілер атап көрсеткендей, еліміздегі патриотизм өзінің «қорғану» сипатынан жайлап арылуда, басқаның жанында өзінің шығармашылық әлеуетін айқын көрсету үрдісі байқалуда. Біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғам жетістігінің негізі – барлық қоғамды

этникалық айырмашылығынан тыс біріктіретін жаңа қазақстандық патриотизм. Жаңа қазақстандық патриотизм – Қазақстан Республикасы мен оның жетістіктері үшін мақтаныш, өз еліне пайдалы болу, өзі, өз отбасы, өз Отанының тағдыры үшін жауапкершілік.

Білім алушыларда жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу – мектептің тәрбие жүйесінің өзекті міндеті. «Патриотизм» ұғымымен басқа, «азаматтық» түсінік байланысты. М.И.Богомолованың анықтамасы бойынша, азаматтық – бұл қоғам мен мемлекет істеріне белсенді қатысу, саналы түрде өз құқықтарын қолдану мен өз міндеттерін орындау даярлығынан және қабілетінен көрінетін адамның, азаматтың қасиеті мен қабілеті [5]. «Азаматтық» түсінігіне берілген әлеуметтік-рөлдік көзқарас Г.Н. Филоновтың анықтамасында көрсетілген – «бұл адам өзінің негізгі әлеуметтік-рөлдік қызметті орындаудағы қарым-қатынастардан байқалатын – заңға бағынушылық, Отанға адал қызмет етудегі патриоттық жанқиярлық және Отан мүддесін қорғау, еңбек ету аясы, отбасылық-тұрмыстық, ұлтаралық әрі тұлғааралық қатынастармен қатар, қоғамдық және адамгершілік құндылықтарға бағдарлануы шынайы еркін және адал берілгендігінен көрінетін тұлғаның субъективті қасиеттерінің кешені». Азаматтық және патриоттық тәрбие – бұл оқушы жастарда өз Отанына деген адал сезімін, азаматтық борышын орындау даярлығын қалыптастырудағы мемлекеттік билік органдары мен білім беру ұйымдарының жүйелі және мақсатқа сәйкес қызметі. Бүгінгі ХХІ жаһандану ғасырында ұлттық мәдениет пен өркениетті өзара кіріктіре отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру көзделіп отыр. Негізінен, саралай қарасақ, отансүйгіштік сезімі туа біте пайда болатын қасиет. Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет — осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанды Отаным деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс. Отанымыз аумағының бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестермен қарсы ұйымшылдықпен күрес, мемлекеттерге қауіп төндіретін кез келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың өзі жастардың отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді. Қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Басты міндеттің бірі: орта мектепті бітірген оқушы өмірге белсене араласа отырып, ғылымның шапшаң дамуына ілесуі, ашылған жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеру, оларды өзі қызмет ететін салаларына қатыстыларын іс жүзіне асыра білуі, өмірде қолдана алуы. Сонымен қатар, оқушылар мектеп қабырғасында жүріп-ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм, танымның заңдылықтарын игеруі тиіс. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру мектепте оқытылатын барлық пәндердің үлесіне жатады. Сондықтан пәнге оқушылардың ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыра отырып, олардың бойына ұлтжандылықты сіңіру абзал.

Қырғыз халқының дана ұлы Шыңғыс Айтматов: «...өз халқының және басқа халықтардың тарихы, мәдениетінен, тәжірибиесінен бейхабар адамның болашағы жоқ, бүгінгі күнмен ғана өмір сүреді», - деген [6]. Өйткені тек білімді адам ғана басқаның мәдениетін, өз төл тарихы мен мәдениетін бағалай алады, өз халқының ажырамас бөлігі екенін сезініп, сол халық мәдениетінің қажеттілігін өтей алады. Ал этномәдени білім жеке тұлғаның этномәдени ерекшеліктерінің қалыптасуына және оқу мен тәрбиенің ұлттық жүйесін дамытуға негіз болады. Этномәдени білім беруде көп нәрсе біліктілік, ұғымдылық, танымдылық тұрғысынан берілу керек. Біз әлемдік деңгейдегі білім берудің озық үлгілерін жоққа шығармаймыз, оны зерделеу, білу қажет. Бірақ дүние жүзінің

ұлттары мен ұлыстарының мәдениеттері, салт-дәстүрлері, тілдері сан түрлі болғандықтан, сусындайтын этномәдени білім мен тәрбие көздері де сан түрлі. Осы рухани көзді елемей - ұлтсыздандыруға апаратын жол. Сондықтан әлемдік деңгейдегі білімді қажетінше пайдаланып, өз этномәдени білім мен тәрбиеге негізделген ұлттық білім жүйесін дамыту қажет. Этномәдени білім беру жүйесіне көшу біркүндік нәрсе емес, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық негіздерді ескере отырып, ұзақ перспективаны қамтитын ұзақ үдеріс. Бүгінгі жастарымызды бізден әлдеқайда сауатты болуға бағыттауымыз, бағыт-бағдар беруіміз керек. Абай атамыз айтқандай, «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселерімен озады. Одан басқа нәрселермен оздым демектің бәрі ақымақтық» [7]. Мемлекеттің қалыптасып кетуі жоғарыда айтылған құндылықтарсыз мүмкін емес. Қазіргі басты құндылық — Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан сияқты Тәуелсіздіктің жолымен енді дамып келе жатқан мемлекетке тұрақтылықпен даму үшін жастарды этникалық білім мен тәрбие тұрғысынан өмірге даярласақ, олардың ұлттық рухы биік болады. Ал рухы күшті елдің қашанда бағы таймайды. Өршіл намысты, биік рухты ұрпағы бар елдің еңсесі биік. Ұлттық рух бар жерде ғана отаншылдық сезімі қанат жаяды. Ал этномәдени білім мен тәрбие отансүйгіштікті қалыптастыру үшін аса қажет. Кешегі күнсіз келешек жоқ. Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабаларымыздың мол мұрасы мен сусындату біздің міндетіміз. Ұлдың батыр, қыздың әдепті болып қалыптасуы, бабалар мұрасына ғана емес, сол мұраны қаншалықты қастерлегенге де байланысты. Демек, бабаларымыздың өнеге өсиетін пайдалана отырып тәрбиелеу ұлттық болмысы берік тұлғаны қалыптастырады. Этномәдени білім мен тәрбие тектіні, дарынды, дананы, талантты құрметтеуге үйретеді. Ал осыны үйренген жас ұрпақ ертеңгі күні елді алға жетелейді.

Өзінің ұлттық болмысын жоғалтпаған жастарды еліміздің ертеңі ету үшін, сонымен қатар рухани және білім беру салаларын дамытудың ғылыми, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастыру-әдістемелік базасын одан әрі жетілдіру, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану тиімділігін арттыру тетіктерін әзірлеу мақсатында «Мәдени мұра» стратегиялық жобасы жүзеге асырылуда. Мәдени мұра - орны толмас құнды рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік қазына. Мұра осы заманғы ғылым, білім мен мәдениеттің де қайнар көзі. Бұл, табиғи байлықтарымен қатар, ұлттың өзін-өзі сыйлауы мен әлемдік қоғамдастықты мойындатуына басты негіз болып табылады.

Оқушыларды отандық әдебиеттің жауһар жырларымен, өсиетке толы шығармаларымен толық таныстыратын уақыт жетті. Балаларға батырлар жырларын, мәселен «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр» жырларын тереңірек талдатып оқытайық. Әйтсе де, қазіргі балалардың басым көпшілігінің, тіпті, барлығының смартфонға телміріп отырады ғой. Баланың қолынан бірде смартфонды алып қойсаң да, бірде алып қоя алмайтындығың анық. Бірақ, біз осы мәселені баланы патриоттыққа тәрбиелеуде дұрыс жағынан пайдаланып көрейікші. Мысалы, «Мәдени мұра» жобасының негізінде батырлар жырынан және басқа да ұлттық болмысымыздың иісі аңқып тұрған туындылардан көптеп мультхикаялар түсірейік. Кейін балаларға дәл сол отандық мультхикаяларды жиі көрсетуді қолға алайық. Сонда балалардың қазақтықты бойларына сіңіріп, ана тілін жетік білуінің алғышартын жасай аламыз.

Оқушыларымызды өткен заманнан бізге жеткен Қорқыттың тәлім-тәрбиелік мазмұны күшті қанатты сөздерімен танысыра отырып, оларды ұлтжандылыққа тәрбиелеумен қатар, дүниетанымы кең тұлға етіп қалыптастыра аламыз. Мысалы: «Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп, күшңді сарп етпе», «Батыр болып туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі», «Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып тумағаны жақсы», «Ата даңқын шығарып, өзінің тегін құған балаға ешкім

жетпейді», «Өтірік өрге баспайды, өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық» деген өсиеттері.

Әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің: «Бақытқа жол сілтеу», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» атты трактаттарымен таныстыра отырып, бала танымындағы ұлтжандылық, көркемділік, сұлулық, мейірбандылық, білім түсініктерінің мазмұнын ашып, олардың маңыздылығын түсіндіре білуіміз керек.

Мәселен: «Кеткенім жоқ, елім, сенен атақ, бақыт, тақ іздеп,

Шықтым, жұртым, шалғай жаққа ғылым атты шам іздеп.

Ақтадым мен ақ сүтінді келгенімше шамамның,

Ассам-дағы сексен жастан сәбиіңмін, балаңмын.

Айналайын атам – қыпшақ, туған жерім, сағындым.

Өз атыңа, құрметіңе қайда жүрсем табындым!» -деген өлең сөздерін жаттату арқылы, оқушы санасында «Мен Отаныма, туған еліме, жеріме не бере аламын, не жақсылық жасай аламын?» деген сауалдарды тудырға алуымыз қажет [8].

Шәкірттерімізді қазақтың тарихымен көзбе-көз таныстыра отырып, бабаларымыздың ұлан-байтақ жерімізді күн-түн демей ат қоңында жүріп, білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғағанын нақты фактілермен дәлелдей отырып, аталарымыздың бойында болған Отанға деген сүйіспеншілік сезімін жас ұрпаққа да дарыта аларымыз хақ.

Оқушылар үшін «Тарих» сабағында отырып, тақырыпты оқып, мұғалімге қайта әңгімелеп берген онша қызық емес. Қайткенмен де, олар жаңа заманның балалары ғой. Сол себепті, оқушылардың қызығушылығын тудыру мақсатында «Қазақ хандығының билеушілері» тақырыбында дебат-пікірталастар өткізіп, әр билеушінің саясатын жеке-жеке талдауға болады. Одан басқа «Қазақ хандығының жылнамасы» шығармаларын жатқа айту байқауын өткізуге болады. «Қазақ хандығының қалыптасу кезеңдері» туралы интеллектуалдық ойынын ұйымдастыруға, «Қазақ хандығы тарихының білімпаздары» интеллектуалдық шоу өткізуге, «Жәнібек пен Керейдің Әбілқайыр хандығынан Моғолстанға көшіп кетуі» театрландырылған сынып сағаттарын жасауға болады. Айта берсең идея көп, тек асықпай байыптап, дұрыс ұйымдастыру керек. Осындай белсенді оқыту жұмыстары жүргізілгенде оқушы буынның білім деңгейі жоғарылай түседі. Жас ұрпақ өз тарихын, тілін, ділін, мәдениетін толықтай танып, ер жетеді, тарихтағы асыл ерлерге қарап бой түзейді. Бала бойында Отаны үшін мақтаныш сезімі пайда болады. Бұл балалардың Отанына деген махаббатын арттырып қана қоймайды, бала бойынан қазақтың иісін шығарады, сондай-ақ, ХХІ ғасыр тұлғасына қажетті дағдыларды сіңіреді. Жас буын тарихты жетік біліп, саяси көзқарас қалыптастыру арқылы келешекте ел басқару ісін дұрыс жүргізуді үйренеді.

Қорыта келе түйгенім, тәуелсіздік – елдің ең биік әрі қасиетті құндылығы, ал отансүйгіштік – біздің халықты біріктіретін Қазақстанның бірлігі мен жалпыұлттық идеясының негізі. Еліміздің жас ұрпағының бойына патриотизм отының ұшқынын салу үшін «Мәдени мұра» стратегиялық жобасы негізінде біршама жұмыстар жүргізілген, әлі де талай шара жасауға болатыны айқындалды. Мемлекеттің саяси құжаттарында нақты белгіленген патриотизмнің ықтималды нәтижесі ел азаматтарының нақты іс-әрекеттерінен көрінуі тиіс. Себебі, азамат, патриот болу үшін батыр немесе асқан ерекше адам болудың қажеті жоқ. Тек өз Отанынды жеткілікті дәрежеде сүйің, ол үшін қам жеуің, оның барлық қиындығы мен қуанышын бірге бөлісуің қажет. Дәл осы түйінді ойды, біз, педагогтер оқушы санасына құйып, нағыз патриоттарды тәрбиелеп шығара аламыз. Оқушыларды «Мен қоғам ішіндемін» деген масылдық психологиядан, «қоғам, немесе, көпшілік солай болса мен қайтем» деген әрекетсіздікке, бойкүйездікке бастайтын ойдан «Отан менде жатыр» деген ойға жетелеп, дұрыс жолды нұсқай аламыз.



### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, компьютерлік ойынның көмегімен баланың танымдық үрдістерінің дамуы - ойнаушы және ересектер тарапынан ойын түрі, ойынға берілген уақытқа баса назар аударылған жағдайда мүмкін болады.

#### **Пайдалаған әдебиеттер тізімі:**

1. Липков А.И. Ящик Пандоры: Феномен компьютерных игр в мире и в России. / А.И. Липков // М.: Издательство ЛКИ, 2018. – 192 с.

2. Мак-Уильямс Н., Психоаналитикалық диагностика. — М.: "Класс", 1998. — 480 б.

3. Афонин А.Е, В.Н. Бабешко В.Н., М.Б Булакина М.В. и др. Образовательные Интернет-ресурсы / Под ред. А.Н. Тихомирова и др.; ГНИИ ИТТ «Информика». – М.: Просвещение, 2014. – 287 с.

**Махашова К.Т.**

#### **ВЛИЯНИЕ КОМПЬЮТЕРНЫХ ИГР НА ПСИХИКУ ПОДРОСТКОВ**

*Рассматриваются положительные и отрицательные влияния компьютерных игр на развитие психики подростков, к каким последствиям может привести классификация компьютерных игр и возможность выбора игр и рационального использования времени во время компьютерных игр.*

**Makhashova K.T.**

#### **THE INFLUENCE OF COMPUTER GAMES ON THE PSYCHE OF ADOLESCENTS**

*The positive and negative effects of computer games on the development of the adolescent psyche are considered, what consequences the classification of computer games and the possibility of choosing games and rational use of time during computer games can lead to.*

УДК 316.77

**Молдабекова С.К., Жақан Д.С.**

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау Университеті,  
Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы

#### **КОММУНИКАТИВТІ МӘДЕНИЕТ ҰҒЫМЫН АНЫҚТАУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ**

*Мақалада педагогика, психология теориясы аясында «коммуникативті мәдениет» ұғымын анықтаудың негізгі тәсілдерін талдау ұсынылған. Осы мәселе бойынша теориялық дереккөздерді талдау негізінде әр түрлі саладағы ғалымдардың негізгі ұғымдарды анықтауға көзқарастары ұсынылған: мәдениет, коммуникация, тұлға мәдениеті, ойлау мәдениеті, сезім мәдениеті (эмоционалды мәдениет) және сөйлеу мәдениеті, олардың құрылымдық компоненттері ашылды.*

Коммуникативті мәдениет - адамзат өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл адамның іс-әрекетімен тығыз байланысты. Коммуникативті мәдениет - бұл дәуір

рухының көрінісі. Ол қоғам өмірінің динамикасын оның әлеуметтік-мәдени қажеттіліктері мен даму тенденцияларына сәйкес жеткізеді. Осыған байланысты «коммуникативті мәдениет» ұғымының қазіргі түсінігін түсіну мәселесі әрқашан өзекті болып қала береді. Қазіргі ғылымда «коммуникативті мәдениет» ұғымының бірқатар анықтамалары бар. Алайда, бұл мәселе бойынша ортақ пікір жоқ.

Коммуникация - бұл қарым-қатынасқа қатысушылар үшін құнды ақпарат алмасудың ерекше процесі, эмоционалды және интеллектуалды тәжірибені беру процесі. Коммуникация адамдардың тұрмыстық және іскерлік салада өзара әрекеттесуін орнату үшін қажетті білімге, дағдыларға негізделген. Олар өндірістік, ғылыми, оқу, коммерциялық және басқа да қызмет түрлерінде пайда болады. Коммуникацияның мақсаты - жеке, білім беру және кәсіби міндеттерді шешуге қажетті тәжірибе мен білімді беру, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру үшін білімді іздеу, сақтау және беру. Жеке коммуникациялар коммуникативті мәдениетті құрайды, оның негізінде әр адамның жеке басының маңыздылығы мен бірегейлігін растайтын моральдық ережелер мен нормалардың тұтастығы жатыр. Коммуникативті мәдениет адам қызметінің, мәдениеттің және өркениеттің кез-келген түрінде әмбебап сипатқа ие, бірақ сонымен бірге әр салаға тән ерекше сипаттамаларға ие.

Педагог пен оқушылардың коммуникативті мәдениеті педагогикалық процесте маңызды орын алады. Білім беру жүйесін жаңғыртудың нәтижесі жаңа жағдайларда кәсіби қызметті орындауға дайын, қалыптасқан коммуникативтік дағдылары, танымдық сұраныстары мен рухани қажеттіліктері бар, оларды қанағаттандырудың тиімді жолдарын таба алатын гуманистік тұлға болуы тиіс.

Оқу процесі тұрғысынан коммуникативті мәдениеттің негізгі элементтері:

- 1) ойлау мәдениеті;
- 2) сезім мәдениеті (эмоционалды мәдениет);
- 3) сөйлеу мәдениеті.

Ойлау мәдениеті - бұл адамның ақыл-ой жұмысының барлық салаларында тиімділігіне жауап беретін ойлау сапасы. Ойлау мәдениеті ойдың дәйектілігі мен нақтылығы. Адамның қызмет саласына және оның алдына қойылған міндеттерге байланысты ойлау мәдениеті осы салада жетістікке жету үшін ең маңызды деп санайтын тиісті ойлау қабілеттерін болжайды.

Сезім мәдениеті - бұл әлеуметтік дамудың, сезімдердің адамгершілігінің, адамның эмоционалды руханиятының көрсеткіші. Сезімдер - адамның өмірлік және әлеуметтік тәжірибесінің нәтижесі, оның тәрбиесі мен қарым-қатынас тәжірибесінің өнімі. Сезім мәдениеті тұлғааралық қарым-қатынас, тәрбие, еңбек қызметі, мәдениетпен танысу арқылы қалыптасады. Сезім мәдениеті адам тәрбиесінің маңызды элементі болып табылады.

Сөйлеу мәдениеті - бұл ең алдымен ауызша және жазбаша сөйлеуді сауатты білдіру, қарым-қатынас шарттары мен мақсаттарына байланысты тілдік құралдарды таңдау мүмкіндігі.

Жеке білім ретінде коммуникативті мәдениет бірқатар психологиялық қасиеттерді қамтиды:

- 1) танымдық компонент (тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары, диалогтағы мінез-құлық нормалары мен ережелерін түсіну);
- 2) эмоционалды-бағалау компоненті (айналасындағыларға объективті баға беру қабілеті, эмпатия);
- 3) мінез-құлық компоненті (адамдар арасындағы қарым-қатынас процесінде ынтымақтастықты құру дағдылары, диалогтық қатынастарды құру).

Өз кезегінде коммуникативті мәдениеттің танымдық компоненті мыналарды қамтиды:

- 1) коммуникативтік мәдениеттің құрамдас бөліктері туралы білім;

- 2) тұлғааралық қарым-қатынас негіздері туралы білім;
- 3) қарым-қатынас субъектілерінің әртүрлі көріністеріне және оның формаларына сәйкес келетін бірқатар салаларды қамтитын күрделі жүйе ретінде қарым-қатынас мәдениеті туралы білім.

Коммуникативті мәдениет мыналарды қамтиды:

- 1) коммуникативтік білім;
- 2) коммуникативтік біліктер;
- 3) коммуникативтік дағдылар.

Коммуникативті білімнің негізі - қоғамның коммуникативті қызметіндегі жалпыланған тәжірибесі. Бұл тәжірибе субъектіге әңгімелесушіні және қарым-қатынас жағдайын барабар бағалауға, себеп-салдарлық байланыстар тізбегін құруға мүмкіндік береді.

Коммуникативті біліктер - коммуникативті білімді пайдалануда шығармашылық тәсілді қамтамасыз ететін тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынас саласындағы тұлғаның жоғары теориялық және практикалық дамуына негізделген коммуникативті қызмет.

«Коммуникативті мәдениеттің» практикалық құрамдас бөлігі коммуникативті дағдылар болып табылады. Коммуникативті білім мен дағдыларды практикада қолдану субъектіге коммуникативті жағдайды жедел және тиімді бағалауға, коммуникативті процесті бағыттауға және қажет болған жағдайда түзетуге мүмкіндік береді.

Педагогика теориясы шеңберіндегі «коммуникативті мәдениет» ұғымы:

- 1) білім беру және кәсіптік тиімділіктің қажетті шарты мен кепілі;
- 2) жеке тұлғаның коммуникативтік білімін, іскерлігін, дағдыларын, мәдени құндылықтарын және білім беру және кәсіптік қызметке эмоционалды-құндылық қатынасы нәтижесінде алынған тәжірибе;

3) қарым-қатынас жағдайын барабар бағалауды, оның субъектілері арасындағы өзара түсіністікті, коммуникативтік процестің тиімділігін қамтамасыз ететін жеке тұлғаның кәсіби маңызды сапасымен, коммуникативтік білімнің, іскерліктер мен дағдылардың, коммуникативтік құндылықтар мен тәжірибелердің жиынтығы;

4) қарым-қатынас субъектілері арасында эмоционалды-құндылық байланысын құруға бағытталған білім, білік және дағдылар, адекватты қабылдау және түсіну қабілеті, серіктестің одан әрі мінез-құлқын болжау мүмкіндігі.

Коммуникативті мәдениет - тұлға мәдениетінің негізі. Мәдениеттің негізгі компоненті ретінде ол адамды іздеуге, өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі көрсетуге жағдай жасайды. Коммуникативті мәдениет - бұл адамның ішкі дүниетанымының негізі, ол өзіне және қоршаған әлемге үйлесімді қарым-қатынастың кепілі. Онда адамзаттың құндылық-адамгершілік игіліктері, адамның шығармашылыққа және өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысы қамтылған. Коммуникативті мәдениеттің ажырамас компоненттері - ойлау мәдениеті, сөйлеу мәдениеті және сезім мәдениеті.

Қорыта келе, коммуникативтік мәдениеттің даму тенденцияларын зерттеу халықтың коммуникативтік сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған заманауи технологияларды жаңғыртуға теориялық негіз береді, қоғамның кәсіби және мәдени-адамгершілік әлеуетін кеңейтеді.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Столяров В.И. *Философско-культурологический анализ коммуникативной культуры // Вопросы философии. 2003. № 4. С. 78-91.*

2. Якушев Г.И. *К вопросу о коммуникативных способностях личности педагога // Становление личности профессионала: проблемы и перспективы. Ставрополь: СГПУ, 1999. С. 79-80.*

3. Крайник О.М. Культура речи и речевая культура учащихся: к проблеме понимания с позиции текстологии // Вестник Томского государственного педагогического университета. 2009. № 10. С. 76-80.

**Молдабекова С.К., Жакан Д.С.**

### **ОСНОВНЫЕ ПОДХОДЫ К ОПРЕДЕЛЕНИЮ ПОНЯТИЯ КОММУНИКАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ**

*В статье представлен анализ основных подходов к определению понятия «коммуникативная культура» в рамках теории педагогики, психологии. На основе анализа теоретических источников по данному вопросу представлены подходы ученых в различных областях к определению основных понятий: культура, коммуникация, культура личности, культура мышления, культура чувств (эмоциональная культура) и культура речи, раскрыты их структурные компоненты.*

**Moldabekova S.K., Zhakan D.S.**

### **THE MAIN APPROACHES TO THE DEFINITION OF THE CONCEPT OF COMMUNICATIVE CULTURE**

*The article presents an analysis of the main approaches to the definition of the concept of "communicative culture" in the framework of the theory of pedagogy, psychology. Based on the analysis of theoretical sources on this issue, the approaches of scientists in various fields to the definition of the basic concepts are presented: culture, communication, personality culture, culture of thinking, culture of feelings (emotional culture) and culture of speech, their structural components are revealed.*

УДК 37.04

**Молдабекова С. К., Який Х.**

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау Университеті, Көкшетау,  
Қазақстан Республикасы

### **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФЕНОМЕН РЕТІНДЕ**

*Мақалада авторлар жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық феномен ретінде қарастырылады. Білім беру жүйесінде оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының маңыздылығы түсіндіріледі. Мамандық таңдау - оқушылар үшін өте маңызды және күрделі процесс екендігі айтылады, оқушылардың болашақ мамандықты таңдауда жіберетін қателіктері баса көрсетіледі. Сондай-ақ еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, өзін-өзі жүзеге асыруда тәуелсіз және жауапты таңдау жасауға дайындығын қалыптастыру үшін кәсіби өзін-өзі анықтау процесін психологиялық-педагогикалық қолдау қажеттілігіне мән беріледі.*

Заманның жаңа жаһандық сын-қатерлі және түбегейлі өзгерістер кезеңінде білім беру саясатының басты міндеті - жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің талаптарына сай білім беру сапасын қамтамасыз етуді анықтау. Өз мүмкіндіктерін іске асыруға қабілетті, өмірдің өзгермелі жағдайларында өз стратегиясын жасауға бейімді, кәсіби әрекетте және өмірдің басқа да салаларында табыс биігіне жетуді мақсат ететін тұлғаны дамыту, бәсекеге қабілетті сапалы адам капиталын құруды қамтамасыз ету - Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі алдындағы аса жауапты міндет. Сол себепті Президент Қ.Тоқаевтың алғашқы Жолдауында: «Біздің елімізде еңбек ресурстарының

балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ. Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған... Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет» - деп, оның негізгі себептері қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы көрсеткіштерінің алшақтығы, ауылдық жердегі білікті кадрлардың жетіспеушілігін және оны шешудің тиімді жолдарын ашып көрсетті. Қазіргі кезеңде ғылымдар жүйесінде кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесін зерттеу өзектілігі, қоғам талаптарына сай, еңбек іс-әрекетінің сипаты мен мазмұнының жылдам өзгеруіне байланысты оқушыларға кәсіби бағдар беру мен мамандық таңдауға дайындықты қалыптастыруды теориялық және әдіснамалық өңдеу болып табылады. Кәсіби өзін-өзі анықтау психологиялық-педагогикалық феномен ретінде Э.Ф.Зеер, Е.А.Климов, Н.С.Пряжниковтың жұмыстарында көрсетілген, онда тұлғаның кәсіби қалыптасу кезеңінде бөлінген үздіксіз процесс ретінде оның сипаттамасы беріледі. Оқушыға кәсіби бағдар беру - оның мамандық таңдауына бағытталатын іс-әрекеттер жүйесі. Мамандық таңдау - әр адам үшін өте күрделі және жауапты міндет. Бұл таңдау тұлғаның рухани өсуі, әлеуметтік орны мен азаматтық көзқарасын қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Оқушыларға кәсіби бағдар беруде кәсіби өзін-өзі анықтаудың маңызы жоғары. Оқушылардың болашақ мамандықты таңдауда жіберетін қателіктеріне мыналар жатады:

- мамандықтар әлемімен, олардың ерекшеліктерімен толық таныс болмауы (түрлі еңбек жағдайлары, мамандық тұлғасына қойылатын талаптар және т.б.);

- беделді мамандықты табыс көзі ретінде қарастыру;

- белгілі бір мамандық өкіліне деген біржақты көзқарас қалыптасу;

- достарының ыңғайымен серіктестік мамандық таңдау;

- ата-аналарының қалауымен мамандық таңдауы; - өз қабілеттері мен мүдделерін ескермей, ҰБТ-ның нәтижесі бойынша мамандық таңдау;

- аймақтық еңбек нарығында сұранысқа ие емес, бірақ «беделді» кәсіптердің ішінен мамандық таңдау;

- олар өздерінің өмірлік мақсаттарын болашақ мамандықтарымен дұрыс болжауды және құруды жасауды білмейді. Осылайша, мектеп түлектерінің елдің (аймақтың) даму тенденцияларын және қазіргі еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, болашақ кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруда тәуелсіз және жауапты таңдау жасауға дайындығын қалыптастыру үшін кәсіби өзін-өзі анықтау процесін психологиялық-педагогикалық қолдау қажеттілігі туындайды.

Кәсіби өзін-өзі анықтаудың мақсаты адамның еркін қабілетін дамыту - оның жеке өмірін басқару, яғни мақсат қою, басымдықтарды қою, таңдау жасау болып табылады. Өзін-өзі анықтау ұстамының мазмұны адамның және қоғамның ішкі қозғаушы күші ретінде әрекет ететін мағыналар жүйесін қамтиды. Өсіп келе жатқан тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтауы жеке мағынаны іздеумен және мамандық таңдауға байланысты екендігіне негізделген, «адам үшін экономика» немесе «экономика үшін адам» дилеммасы біржақты шешілмейді және адамның таңдауына байланысты болады. Алайда, адамның мамандық таңдауы оның қоғамдық-әлеуметтік және жеке өзіндік тәжірибесіне байланысты. Сондықтан мамандықты таңдау тек қандай да бір когнитивті жүйелерді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар адамның жеке тұлғалық құрылымының қайта құрылуы мен субъективті тәжірибесін терең қарастыруды қажет етеді. Өзін-өзі анықтауда, оқушының кәсіби бағдарын қалыптастыру мұғалім үшін маңызды іс. Себебі мұғалім оқушы үшін үлгілі ұстаз болуымен қатар, бағыт-бағдар беруші, оның болашақ өмірі үшін үлкен жауапкершілікті сезінетін рухани тұлға. Кәсіби өзін-өзі анықтау ұғымы «өзін-өзі анықтау» түсінігінен туындап отыр. Өзін-өзі анықтау - бұл өз мүмкіндіктерін саналы ұғыну, өзін-өзі тану, өзінің даралық тарихын құру; адамның өзінің даму болашағын саналы және өз бетінше жүзеге асыруға дайындығы. Педагогика мен

психология ғылымында өзін-өзі анықтаудың бірнеше түрлері сипатталған: тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтау, өмірлік және әлеуметтік өзін-өзі анықтау.

Тұлғалық өзін-өзі анықтауы адамның өзін тұлға ретінде анықтауы ретінде қарастыруға болады. «Тұлға» ұғымы психологиядағы неғұрлым күрделі категория болып табылады. Әдетте тұлға деп өзін қоғамда белсенді жүзеге асыратын субъектіні қарастырады. Бұл жерде оның белсенділік көзін және кемелділік дәрежесін бөліп қарастырады. Тұлғаны түсінудегі неғұрлым дәстүрлік анықтама – тұлғаны сыртқы ортамен, қоғамдық күшпен анықталады деп түсініп «тұлға қалыптасуы» деген сөз тіркесін қолдану болып табылады. Тұлғаның өзіндік анықтау мәселесіне әдіснамалық-психологиялық ықпалдар С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, В.Ф.Сафин еңбектерінде жан-жақты көрсетілген. С.Л.Рубинштейн тұлғаның тәуелділігі өмірдің жағдайлары мен шарттарына ғана тәуелді емес, сонымен бірге өмірде тұлғаға тәуелді деп атап көрсетті. Бұл жерде тұлға өмірдің субъектісі ретінде айқындалады. Оның пікірінше, тұлғаның тағдыры өзінің жеке өмір жолына байланысты болады. Өзіндік анықтау адамның өз тағдырын еркін таңдауы, өзін-өзі итермелеуші күштердің жүзеге асуы болса, ал өмірлік жағдайлардағы рефлексия ретінде жасалынатын интеллектуалды жұмыстар өзіндік анықтаудың механизмі болып табылады.

Тұлғаның өзін-өзі анықтауы жеке даралық сипатқа ие, ол бірегей, қайталанбайтын және өзгешелік қасиетке тән. Адамның жеке дербестілігінің ерекшелігі өзіндік анықтау процесінің сәйкестілігі мен өнімділігі айқын және тікелей көрініспен сипатталады. Өзін-өзі анықтайтын жеке тұлғаның сипаттамасы ретінде кейбір процестердің аяқталуының нәтижесін шартты түрде қарастырады. Ал шындығында, осы сипаттама айтылған нәтижеге келудің психологиялық механизмін толық аша алмайды. Бұл нәтижені тудыратын процесс – өзіндік анықтау процесі: оның мәнін индивидтің өмірлік мақсатын және өмірдің мағынасын ұғынуын қалыптастыруы, өзінің ниет-тілектерінің сәйкес келуі, қасиеттерінің, мүмкіндіктерінің қатысуы негізіндегі дербес өмірлік іс-әрекетке дайындығы, соған қойылатын қоршаған орта мен қоғам тарапынан талаптар құрайды. Сөйтіп, өзіндік анықтаудың негізгі психологиялық механизміндегі қоғам талап ететін өзінің тілектері мен мүмкіндіктерінің сәйкес келуі жүзеге асады. Өзін-өзі анықтау – бұл тек процесс қана емес, сонымен қатар нәтиже болып табылады. Өмірде өзөзін жүзеге асыра алған адамды тұлға ретінде қалыптасқан деп айтуға болады. Ал оның нәтижесі тұлғалық деңгейде белгілі бір психологиялық қасиеттері мен сипаттары арқылы көрінуі мүмкін. Өз-өзін анықтау мәселесін зерттеуде әртүрлі психологиялық, философиялық тұжырымдамаларды талдай келе, тұлғаның өз-өзін анықтауының негізгі үш түрін бөліп қарастыруға болады: - тұлғалық (өз жетістіктері мен кемшіліктерін бағалау), - әлеуметтік (өзінің әлеуметтік ұстанымын, қоғамдағы өз орнын анықтау) және - адамгершіліктік (өзінің адамгершіліктік-рухани әлеуетін анықтау мен жүзеге асыру) өз-өзін анықтау. Біздің ойымызша, дамыған тұлға үшін өз-өзін анықтаудың барлық осы түрлердің үйлесімі тән, яғни дәл осындай тұлғаны өмірлік өзін-өзі анықтаған тұлға деп есептеуге болады.

Кәсіби өзін-өзі анықтау - бұл іс-әрекеттік өзін-өзі анықтау; бұл жердегі іс-әрекет – мақсат, құрал және өзін-өзі анықтау кеңістігі бола алады. Іс-әрекет сапасы өзін-өзі анықтаудың ерекшелігін тудырады. Кәсіби өзін-өзі анықтауды толық іске асырылмағаннан біраз оқушыларда таңдалынған мамандықтары туралы кең түсінік болмайды және өз қабілеттерін толық аша алмайды. Кәсіби өзін-өзі анықталудың аяқталмауы оны басқарудың қажеттілігін көрсетеді. Оны басқару бірнеше деңгейде жүзеге асыруға болады:

- әлеуметтік – оқушылардың өндірістік еңбектерін ұйымдастырумен кәсіби бағдар беру жұмысын дамытуға бағытталған мемлекеттік ұйымдастыру жүйелері;
- педагогикалық – оқушылардың мамандықты саналы таңдауға дайындау мақсатында оқушының жеке басына және ортасына педагогикалық әсер ету жүйесі;

- психологиялық – ерте жасөспірім кезеңінде оқушыны іс-әрекетті өзіндік саналы басқару субъектісі мен басқару және өзін-өзі басқару механизмдері ретінде зерттеу.

Кәсіби өзін-өзі анықтау тұлға қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл туралы Е.А.Климов кәсіби өзін-өзі анықтауды басқару мүмкіншіліктерін тұлғалық кәсіби жоспарлауды түзету арқылы қарастырады. Яғни, оқушы өзін-өзі басқаруын алдына мақсат қойып, оны жоспарлап және жүзеге асыру жолындағы есеп беру, түзетулері жатады. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың мәні жаңа таңдауда емес ғана емес, сондай-ақ өз еңбегінде жаңа мән мағынаны табу болып табылады. Ол өмірлік мән-мағынаға айналу үшін баланың арман-мұратынан бастау алып, алдына айқын мақсат қойып және оны жүзеге асырудың жолдарын жасап, нақты іс-әрекетке көшу қажет. Көп жағдайда жастар өз армандарымен іштей қалып, оны сыртқа білдірмей немесе оны орындаудың жолдарын қарастырмай, өзіндік адасуларға барады. Бұл олардың өзін-өзі тану мен өзіндік баға беру процесстерінің жоғары немесе төмен болуы болып табылады. Оларға дер кезінде көмек көрсетіп, жүйелі жұмыстар атқарылса, ондай олқылықтар болмас еді. Адам өзінің арман-мақсатын жүзеге асыру, оның жас кезіндегі негізгі тілек-ниеттері мен іс-әрекеттеріне байланысты.

Тұлғаның өзін-өзі анықтау үдерісі адамның жеке өзіндік өмірінде ерекше мәнге ие мәселелердің қатарына жатады. Психологияда кәсіби өзін-өзі анықтау «тұлғаның өзінің дамуының келешегін саналы және дербес жоспарлау мен жүзеге асыруға дайындық» ретінде қарастырылады. Бұл құбылыстың басты белгісі - оның көп аспектілілігін нақытылай отырып, жастардың қажеттілігі үлкен адамдардың ішкі ұстанымын иелену, әлеуметтік мәнді және өмірде өзін анықтау, өзін қоғамның бір мүшесі ретінде сезіну. Оқушылардың ЖОО таңдауы - бұл кәсіби өзін-өзі анықтау, белгілі бір өмір салтын мойындау, оның болашақ өмірін айқындаушы маңызды кезең болып табылады. Мамандықты саналы түрде таңдамау күрделі мәселелерді тудырады, ал мектептегі кәсіби бағдар беру жұмыстарының төмендігінен мамандықты немесе оқу орнын кездейсоқ таңдауға әкеледі. Кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесін шешуге мектеп пен жоғары оқу орындары бірлесіп белсенді түрде айналысуы тиіс. Егер кәсіби өзін-өзі анықтау процесі дұрыс жүргізілмесе, онда көптеген оқушыларда еңбек іс-әрекеті бойынша таңдалынған мамандық туралы толық танысу болмайды. Кәсіби өзін-өзі анықтаудың толықтай аяқталмауы оны тиянақты жүргізудің қажеттілігінің тағы бір жағдайы. Кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісін жүргізудің бірнеше салада жүзеге асуы мүмкін. Олар:

1) Әлеуметтік - оқушылардың оқу-өндірістік еңбектерін ұйымдастырумен кәсіби бағдар беру жұмысын дамытуға бағытталған мемлекеттік ұйымдастыру жүйелері. Өкінішке орай бұл бағыттағы жұмыстар өте баяу жүруде.

2) педагогикалық - оқушылардың мамандықты саналы таңдауға даярлау мақсатында оқушының жеке басына және сынып ұжымына педагогикалық әсер ету. Қазіргі таңда бұл жұмысты мектеп ұжымы өз шамаларынша жүргізуде, егер жоғары оқу орындарымен жоспарлы түрде бірігіп жүргізілсе, біраз нәтижеге қол жеткізері анық.

3) Психологиялық - ерте жасөспірім кезеңінде оқушыны іс-әрекетті өзіндік саналы басқару субъектісі мен басқару және өзін-өзі басқару механизмдері ретінде зерттеу. Бұл бағытта мектеп психологтарының үлкен жауапкершілікпен көптеген жұмыстар атқаруына тура келеді.

Қалыптасқан жағдайды талдау барысында кәсіби бағдар беру жұмысын тиімді жүргізу үшін: кәсіби бағдар беру жұмысын жүргізуде педагогтардың құзыреттілігін жетілдіру; кәсіби бағдар беру қызметінде мектептің әлеуметтік серіктестермен өзара іс-қимылын ұйымдастыру; жастардың кәсіби өзін-өзі анықтауын нормативтік және ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз ету сапасын жақсарту; мектеп психологтары мен сынып жетекшілерге кәсіби бағдар беруге байланысты біліктілікті арттыру курстарын



ұйымдастыру; мамандық таңдау туралы қолжетімді ғаламтор сайттарын жасау туралы ұсыныстарды айтқымыз келеді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Тоқаев Қ. К. (2019) «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» //«Егемен Қазақстан», №169 (29648) 3 қыркүйек. 1-6 бб.

2. Шавир П. А. (1981) *Психология профессионального самоопределения в юности*. М.: Педагогика.

3. Маркова А. К. (2008) *Формирование мотивации учения в школьном возрасте*. М.: Просвещение.

4. Бейсенова Ж. Ж. (2004) *Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзіндік анықталуындағы мамандық таңдаулары мен өзіндік бағалау ерекшеліктерін зерттеу: психол.ғыл. канд. дисс. автореф. 19.00.07. Алматы: ҚазҰУ. -30 б.*

**Молдабекова С. К., Який Х.**

#### **ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ САМООПРЕДЕЛЕНИЕ ПОДРОСТКОВ КАК ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ФЕНОМЕН**

*В статье авторы рассматривают профессиональное самоопределение подростков как психолого-педагогический феномен. Объясняется важность профессионального самоопределения учащихся в системе образования. Отмечается, что выбор профессии - очень важный и сложный процесс для учащихся, подчеркиваются ошибки, которые допускают учащиеся при выборе будущей профессии. Также акцент делается на необходимости психолого-педагогического сопровождения процесса профессионального самоопределения для формирования готовности к самостоятельному и ответственному выбору в самореализации с учетом потребностей рынка труда.*

**Moldabekova S. K., Yakiy Kh.**

#### **PROFESSIONAL SELF-DETERMINATION OF ADOLESCENTS AS A PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL PHENOMENON**

*In the article, the authors consider the professional self-determination of adolescents as a psychological and pedagogical phenomenon. The importance of professional self-determination of students in the education system is explained. It is noted that choosing a profession is a very important and difficult process for students, the mistakes that students make when choosing a future profession are emphasized. The emphasis is also placed on the need for psychological and pedagogical support of the process of professional self-determination for the formation of readiness for independent and responsible choice in self-realization, taking into account the needs of the labor market.*

Мухатаева А. Р., Дюсембекова А. Е.  
«№85 ЖББОМ» КММ, Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
[arai\\_1980.80@mail.ru](mailto:arai_1980.80@mail.ru)

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ӘДЕБИЕТТІҢ ҰСАҚ ЖАНРЛАРЫН ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Мақалада бастауыш сынып оқушыларына әдебиеттің ұсақ жанрларын үйрету арқылы дүниетанымын қалыптастыру мәселесі көтерілген. Қазіргі қазақ әдебиетіне жалпы теориялық шолу берген, педагогикалық тәжірибеден сабақ үлгісі ұсынылған.*

Қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси жаһандық өзгерістер жаңа ұрпақты оқыту мен тәрбелеу ісіне үлкен талаптар қойып отырғаны баршаға мәлім. Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізіп жаңа қарқынмен дамуы ұрпақ тәрбиесінде ұлттық дәстүрлерімізді ұлықтап, өз ана тілімізді құрметтеп, оның қуат-қайнарын пайдалануға жол ашты.

Халық тарихындағы тағылымды оқиғалар қашанда өнер арқылы ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалады. Халық өмірінің белді кезеңдері, дәуір тудырған әлеуметтік, қоғамдық-саяси тартыстар, психологиялық шытырман ахуалдар көркем әдебиетке де негіз болатыны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, әдебиет ұлттық жадыны сақтау құралы ретінде аса маңызды қызмет атқарады. Қазіргі қазақ әдебиеті – көркем мазмұн мен пішін тұрғысында да, идеялық-концептуалдық тұрғыда да жаңарған, толысқан әдебиет. Ұлттық рухтың жаңғыруы әдеби әлемде игі өзгерістер мен құбылыстарға жол ашты. Егемендіктің жариялануы бұрынғы саяси идеологияның салдарынан бұрмаланған ұлт тарихын қайта зерделеуге, тарихтағы және жалпы руханияттағы (дін, тіл, мәдениет, әдебиет) ақтаңдақтардың орнын толтыруға мүмкіндік берді.

Қазақстан республикасының «Білім туралы» заңында: ...жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіби тұрғыда жетілуі үшін жағдайлар жасау – қажеттілігі айтылса, осы Заңның I бөлімі 2-бабында «Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр-салтын оқып-үйрену үшін жағдайлар жасалуы қажет» - деп атап көрсетіліп, халықтық мәдениеттің маңызына ерекше көңіл бөлінді.

Білім мен тәрбие беру жүйесінің мәдени-этникалық мақсатын көздеген осындай мемлекеттік құжаттар аясында ұзақ жылдар бойы ескерусіз келген халықтық педагогика дәстүрлері қайта жаңғырып, тәрбие саласында ерекше маңызға ие бола бастады.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы өз ұлтымызға тән рухани, мәдени өмірдің өркендеуінен көрініс тауып, жас ұрпақты салт-дәстүрге, тілге, ұлттық өнерге, өз елінің және әлем халықтанының тарихын құрметтеуге тәрбиелеу, жауапты да басты міндеттер ретінде саналып, жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында: «этникалық-мәдени және мемлекеттік сәйкестілікке білім беру жүйесі арқылы барынша тиімді қол жеткізуге болады. Білім беру – ұлттық сапаны қалыптастырудың, мәдени-тілдік мүдделерді жүзеге асырудың құралы есебінде мынадай басты төрт функцияны атқаруға тиіс:

- таратушылық (этникалық-ұлттық қоғамдастықтың тұтастығы мен жаңғыруын қамтамасыз ету);
- дамытушылық (ұлттық сананы қалыптастыру және дамыту);
- саралаушылық (адамның, этникалық топтардың ұлттық-мәдени қажеттіліктерін айқындау);

- ынтымақтастырушылық (мәдениеттердің өзара бірлігін, өзара кірігуін, өзара байытуын, жеке тұлғаның әлемдік және ұлттық мәдениет жүйесінде байлауын қамтамасыз ету)» – деп атап көрсетілген.

Білімді адам ғана тарихи және мәдени дәстүрлерді ұстана алады. Ол өзінің белгілі бір қауымдастық пен халыққа қатыстылығын сезінеді, оның бойында мәдени қажеттіліктер: адамгершілікке, ойлы іс-әрекетке, сұлулыққа, жоғары-рухани бастауларға құлшыныс қалыптасады.

Ұлттық тәлім-тәрбие берудің нәтижелілігі бастауыш мектеп педагогінің педагогикалық қызметінің дәрежесімен айқындалады. Сондықтан бастауыш мектеп педагогдері халықтың ғасырлар бойы жинақталған тәлім-тәрбие тәжірибесін тиімді пайдалану мәселесін басты назарға алғаны дұрыс деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың бағдарламасының талаптарына сай және қазіргі кезең өзгерістеріне орай халыққа білім беру жүйесінде балаға өз ұлтының мәдениетін яғни, халықтың бағзы замандардан бері қолданып келе жатқан тәрбие құндылықтарын меңгерту талабы қойылып отыр.

Өзіміздің педагогикалық тәжірибемізден «Санамақтар» тақырыбындағы сабақ үлгісін ұсынып отырмыз:

Мақсаты: Балаларды санамақтар айтуға үйрету. Ұқыптылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дүниетанымын дамыту.

Алдын-ала жүргізілген жұмыстар: Санамақтар айту.

Әдіс–тәсілдер: Түсіндіру, көрсету.

Себепті қызығушылығын ояту кезеңі.

Саусақтарды саралап

Кел санайық санамақ,

Жалқауланба бас бармақ

Жұмыс сенен басталмақ.

Ұйымдастырушылық ізденіс кезеңі.

– Балалар мен сіздерге тақпақ айтып берейін тыңдайсыңдар ма?

Жиып-теріп болатын

Қамбаға астық толатын

Қызыл қырман ойнайтын

Бұл қай кездеп ойлайсын?

Күз мезгілінің ерекшеліктерін айтыңдаршы?

Жарайсыңдар балалар!. Тақтаға назар аударайық.

Суретте ата, әже, папа, мама, бала көрсетілген. Біздер бұларды бір сөзбен не деп атайтын едік балалар? Дұрыс, «отбасы» дейміз.

Мен сендерге отбасы жайлы санамақ айтайын сендер тыңдап отырыңдар.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Кел, санайық, екеуіміз.

Бас бармағым – атам

Балан үйрек – әжем

Ортан терек – папам

Шылдыр шүмек – анам

Кішкентай бөбек – мен!

Қанеки, бәріміз бірге қайталап айтайық.

Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты тыңдайықшы?

Бізге қонаққа келген қандай аң?

Аю: – Сәлеметсіздер ме, балалар. Мен сіздерге орман елінен келе жатырмын мында санамақтар айтып жатыр деп естідім. Мен сендерге ертегі алып келдім. Мына сандықшамның ішінде ертегі бар соны апайларың сендерге айтып берсін. Аю бізге өзі мен саусақтар жайлы ертегі әкелген.

Ерте заманда ағайынды бес саусақ болыпты. Олар өз тіршіліктерімен айналысыпты. Бас бармақ бақша баптапты, балан үйрек аула тазалапты, ортан терек ағаларына көмектесіпті, шылдыр шүмек кеікене бөбекті бағып, оған ертегі айтып беріпті. Осылай ағайынды бес саусақ өз тіршіліктерін жасап жүріпті. Бір күні орманнан аю келіп, бұлардың үйлерін құлатпақшы болады. Сол кезде бес ағайынды бірігіп, бір жұдырыққа тастүйін болып жұмылып аюға қарсы тұрады. Аю ағайындылардан қорқып қаша жөнеледі. Ағайынды саусақтар әрмен қарай тату- тәтті өмір сүрді.

Балалар ормандағы аңдардың бейнесін саусағымызға кейіп атап шығайық.

Балалар шаршаған шығарсындар қане қолымызды демалтып алайық.

Жалғыз саусақ тіпті де, ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті, ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды, жүгіртеді қаламды

Өнерлі екен он саусақ

Қала салсақ, жол салсақ.

Балалар орнымызға отырып, ақ бетке өз саусағымызды бастырайық.

Балалар сендер сабаққа жақсы қатыстындар. Осымен сабағымыз аяқталды.

Іс-әрекетті бақылау кезеңі.

– Балалар отбасы туралы санамақ айтып беріндер?

– Саусақтардың аттарын атаңдаршы?

– Қонаққа не келді?

Күтілетін нәтиже:

Баланың білуі: Санамақтарды білді.

Баланың меңгеруі: Ертегі мазмұнын меңгерді.

Баланың жасай алуы: Өз саусақтарын сала алды.

Қорыта айтқанда, баланың дүниені танып білуіне оны қоршаған орта мен ата-ананың «әлди-әлди», «бесік жырынан» бастап айтқан өлеңдері мен балаға арнаған әңгімелерінің әсері мол. Бала саусағын санайды, жаңылтпаш, тақпақ айтады, жұмбақты шешіп, мақалды тыңдайды, сол арқылы дүниені танып біледі, оның психикасында өзіндік «мені» пайда болып дамиды.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілде
2. Балалар фольклоры <https://kk.wikipedia.org/wiki>
3. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: Өнер, 2005ж.
4. Санамақ <http://bilimsite.kz/mektep-aldi/5591-sanamaktar.html>
5. Қазақтың халық жұмбақтары. -А., 2000

**Мухатаева А. Р., Дюсембекова А. Е.**

#### **ФОРМИРОВАНИЕ МИРОВОЗЗРЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ МАЛЫХ ФОРМ ФОЛЬКЛОРА**

*В статье рассматривалась проблема формирования мировоззрения младших школьников через обучение их мелким жанрам литературы. Представлен общий теоретический обзор современной казахской литературы, пример урока из педагогической практики.*

**Mukhataeva A. R., Dyusembekova A. E.**

#### **FORMATION OF THE WORLDVIEW OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN THROUGH SMALL FORMS OF FOLKLORE**

*The article deals with the problem of forming the worldview of younger schoolchildren through teaching them small genres of literature. A general theoretical overview of modern Kazakh literature, an example of a lesson from pedagogical practice is presented.*

**Нарочная К.Н**

Воспитатель я/с «Ботагоза», Академии «Bolashaq»

Шахтинск, Республика Казахстан

[ksenia\\_2000\\_01@mail.ru](mailto:ksenia_2000_01@mail.ru)

## **ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОФИЛАКТИКА И КОРРЕКЦИЯ АГРЕССИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА.**

*В данной статье представлены формы работ с детьми старшего дошкольного возраста и их родителями с целью снижения агрессивности и оптимизации межличностного общения в детском коллективе.*

Одно из значений термина «коррекция» в переводе с латинского языка – поправка, частичное исправление или изменение (лат. correctio). Под психологической коррекцией понимается определенная форма психолого-педагогической деятельности по исправлению таких особенностей психического развития.

Существуют две основные формы отставания в развитии: отставания, связанные с органическими нарушениями нервной системы и требующие специальной клинико-психологической или медицинской помощи и внимания, и временное отставание в психическом развитии, неадекватное поведение, связанные с неблагоприятными внешними и внутренними условиями развития практически здоровых детей [1].

Психокоррекция - это система мероприятий, направленных на исправление недостатков психологии или поведения человека с помощью специальных средств психологического воздействия. [2].

*Общая цель коррекционно-развивающей работы* – содействие развитию личности, создание условий для реализации его внутреннего потенциала, помощь в преодолении и компенсации отклонений, мешающих его развитию. Достижение этой цели возможно лишь в том случае, если конкретные задачи коррекционно-развивающей работы определяются не только с учетом возрастных особенностей учащихся, но и особенностей, связанных с характером нарушения онтогенеза. Необходимо научить детей как способам общения друг с другом, так и способам выхода из разных негативных эмоциональных состояний. [3].

Нами была разработана примерная программа работы с детьми старшего дошкольного возраста по профилактике агрессивного поведения.

В основу данной программы было положено пособие для практических работников дошкольных учреждений «Развитие эмоций дошкольников. Занятия. Игры» В.И. Шебановой.

Приведенные ниже занятия рекомендуется проводить один раз в неделю со всеми детьми или в триаде, начиная со знакомства детей с положительными эмоциями.

Цель данных занятий:

- знакомить детей с разными эмоциями: радостью, любовью, злостью, гневом, страхом, завистью;
- учить детей различать эмоции по схематическим изображениям (пиктограммам);
- учить понимать свои чувства и чувства других людей, уметь говорить об этом;
- формировать заинтересованное отношение к деятельности партнеров как участников общего дела (оказать помощь, дать совет и т.д.);
- формировать умение высказывать и отстаивать свое мнение;
- развивать эмпатию.

### Занятие 1. Радость.

На этом занятии мы попробуем разобраться в том, что ощущаем мы сами, и что чувствуют ваши друзья.

Разное настроение можно отразить, например, в музыке. Возьмем для примера музыку Чайковского. У него есть несколько произведений о кукле и каждое из этих произведений передает различные чувства. Например, пьеса «Новая кукла». Какие эмоции вызвала эта музыка у детей? Почувствовали они радость, восторг?

Чувство радости можно показать не только музыкальными звуками, но и движением, а также выражением лица. Для этого предлагаем детям сочинить свой танец, чтобы с помощью танца дети попытались показать чувство радости.

Считаю, что дети должны знать, что, кроме радости, бывают и противоположное чувство: горе. Вначале я спрашиваю у детей, как они понимают это чувство? После выслушивания их ответов, предлагаю для точной ясности прослушать отрывок из произведения К. И. Чуковского «Федорино горе». (Читается отрывок произведения, в котором описывается, как Федора переживает уход посуды. Затем – отрывок, где описывается радость Федоры). Вопрос к детям: «Какие эмоции испытывает Федора?»

### Занятие 2. Радость.

Чувство радости можно выразить и с помощью красок. Для этого потребуется целое занятие, так как дети должны не только нарисовать, но и прокомментировать свои рисунки. Считаю, что здесь уместно групповое занятие.

### Занятие 3. Любовь.

Положительные эмоции можно воспитывать у детей через понятие любовь. Для этого используются групповые игры. Например, «Пирамида любви». Эта игра направлена на то, чтобы детки почувствовали тепло друг друга через прикосновение рук, посылая как бы мысленно любовь.

### Занятие 4. Злость.

На очередном занятии предлагаем детям попробовать определить эмоциональное состояние на каждой карточке пиктограммы («Радость», «Гнев», «Грусть».)

Любое эмоциональное состояние можно выражать по-разному – через литературные произведения – например, сказки, через музыку, через изобразительное искусство.

Ярость, злость, гнев – совершенно нормальные чувства, каждый так или иначе их испытывал. Проблема не в них самих, а то, как мы с ними справляемся.

Предлагаю детям проделать упражнение, которое поможет им избавиться от неконтролируемой злости. Предлагаем детям глубоко вдохнуть и запастись доброй, новой энергией, бодростью, а при выдохе выпускаем из себя весь яд злости, при этом делая руками движения «прочь от себя».

### Занятие 5. Зависть.

Раньше мы с детьми говорили о радости, любви, дружбе, о гневе и злости. Сегодня поговорим о новом чувстве, которое испытывают и взрослые люди, и дети – это зависть.

Для примера берем «Сказку о царе Салтане» А.С.Пушкина. После прочтения одного из фрагментов сказки выясняем с детьми, кто поступил плохо и почему. Во время обсуждения фрагмента привожу детей к мысли, что зависть это плохое чувство.

На этом занятии для примера можно использовать другие сказки, пословицы и поговорки о зависти, а так же упражнения. Предлагаем два простых упражнения: первое упражнение «Трюк Тарзана» (используется знакомый мультфильм), второе упражнение групповое рисование.

Первое упражнение направлено на проявление зависти и злости с помощью голоса.

Второе упражнение - это избавление от зависти, превращение её в образы и прорисовывание.

Таким образом, можно заключить, что через упражнения и прорисовывание своих негативных эмоциональных состояний, дети учатся не загонять глубоко в подсознание свою злость, а знают, как освободиться и не копить в душе негатив.

Итак, мы рассмотрели примерную программу по профилактике агрессивности с детьми старшего дошкольного возраста, целями которой являлись: знакомить детей с разными эмоциями: радостью, любовью, злостью, гневом, страхом, завистью; учить детей различать эмоции по схематическим изображениям (пиктограммам); учить понимать свои чувства и чувства других людей, уметь говорить об этом; высказывать свое отношение к предложению, соглашаться словами благодарности или в корректной форме выражать свое несогласие и объяснять его, формировать умение высказывать и отстаивать свое мнение; развивать эмпатию.

Исходя из вышеизложенного можно предложить следующие рекомендации. Психопрофилактика агрессивного поведения, как и особых других нарушений начинается с первых дней жизни ребенка, поэтому мы предлагаем профилактику через психологическое просвещение родителей в форме лекций о причинах возникновения, возрастных особенностях агрессивного поведения у детей и рекомендации родителям агрессивных детей.

Было выведено 7 лекций, направленность которых сводилась к следующему содержанию:

1. Предотвращение переживаний чрезмерного неудовольствия – прямой путь к снижению уровня враждебности в поведении ребенка, речь идет о ПЧН, а не просто неудовольствии. Неудовольствие в скромных пределах побуждает ребенка к адаптации, создает условия для здорового развития и приобретения навыков.

2. Потребность ребенка в автономии. На первом году жизни ребенка родители начинают сталкиваться с реакцией раздражения и гнева при попытках ограничить или вмешаться в исследовательскую деятельность ребенка. Чем чаще вмешательства, тем выше уровень раздражения и гнева к тому, кто слишком часто вмешивается. Чрезмерная фрустрация потребности в самостоятельности может существенно ограничить потребность учиться, узнавать новое и повлиять на развитие интеллекта.

3. Установление ограничений определяется возрастом ребенка и ситуацией. Ограничения должны способствовать психобиологическим особенностям развития ребенка и его состоянию. Родители должны иметь тактику установления ограничений.

4. Физическое наказание одни родители считают актом насилия, другие может показаться вполне рациональной воспитательной мерой. Наказания, унижающие ребенка, легализующие его враждебность, хотя и могут дать одномоментный результат, но цена его может оказаться слишком высокой, отрицательно повлияв на чувства собственного достоинства и благополучия, на усвоение норм поведения и развитие способности к конструктивному внутреннему контролю.

5. Возникновение и мобилизация враждебности в семейной жизни неизбежны – и это феномен накопительный. Не находя выхода вовне, враждебность накапливается, стабилизируется и становится чертой характера, эмоционально окрашивая все стороны жизни. Когда ребенок сердит, недоволен, нужно позволить ему выразить доступными средствами все, что он чувствует.

6. Как и прочие источники чрезмерного неудовольствия, болезненные эмоциональные переживания также могут мобилизовать враждебность. Несмотря на некоторые исключения, сильное беспокойство и депрессия большей частью возбуждают чувство враждебности к близким.

7. Большое значение в психологическом развитии ребенка имеют чувства уважения и любви к самому себе и окружающим, прежде всего к родителям. Эти положительные чувства влияют на восприятие жизненной реальности, и окрашивают нашу жизнь.

Таким образом, наша гипотеза о том, что если провести возможный своевременный диагностический комплекс по профилактике агрессивного поведения и опираться на его результаты в коррекционной работе, то это позволит снизить уровень агрессивности детей старшего дошкольного возраста, подтверждена.

**Список использованных источников:**

1. *Психокоррекционная и развивающая работа с детьми: И.В.Дубровина, А. Д. Андреева, Е.Е.Данилова, Т. В. Вохмянина; Под ред. И.В.Дубровиной*
2. *Психокоррекция. Актуальные методики психологической помощи*
3. *Коррекционно-развивающая работа: теоретические аспекты Текст научной статьи по специальности «Науки об образовании» Беляева Ю.В*

**Нарочная К.Н**

**ЕГДЕ ЖАСТАҒЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ**

*Бұл мақалада балалар ұжымындағы агрессивтілікті төмендету және тұлғааралық қарым-қатынасты оңтайландыру мақсатында мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыс формалары берілген.*

**Narochnaya.K.N.**

**PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL PREVENTION AND CORRECTION OF AGGRESSIVE BEHAVIOR OF OLDER PRESCHOOL CHILDREN**

*This article presents the forms of work with children of senior preschool age and their parents in order to reduce aggressiveness and optimize interpersonal communication in the children's team.*

**УДК 159.99**

**Никифорова О.В.**

к.пс.н., доцент кафедры «Педагогика»  
agir2754@mail.ru

**Таликова Г.Т.**

старший преподаватель кафедры «Педагогика»  
Академия «Bolashaq», Караганда Республика Казахстан  
talikova\_galya@mail.ru

**ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ САМООПРЕДЕЛЕНИЕ КАК ДОМИНАНТА ВЫСТРАИВАНИЯ ЖИЗНЕННЫХ ПЛАНОВ В ЮВЕНАЛЬНЫЙ ПЕРИОД**

*Данная статья посвящена анализу проблемы обретения собственного «Я» в ювенальности, когда начинает формироваться система личностно значимых целей, ценностей и убеждений, определяющих содержание и направленность жизненных планов, выстраивающих вектор будущего профессионального самоопределения в юности.*

Ценностные преобразования в современном обществе открыли возможность гетеростазическому проявлению личности – самоопределению, самораскрытию, выбору собственной, уникальной траектории движения в мире. Исчезла необходимость нивелирования личности – тотального проявления гомеостаза – «быть как все».



Существует социальный заказ общества в системе образования, конечным продуктом деятельности которого становится модель студента с доминирующими ценностями самореализации, ясным профессиональным самоопределением, быстрой адаптацией в различных социальных средах, внутренним мотивом побуждения к деятельности, но все это можно достигнуть только при адекватной позиции педагога.

Следует отметить что адекватная позиция педагога заключается не только в обучении, умении организовать деятельность и способности принимать самостоятельные решения, но и в ценностно-творческом поиске, вследствие которого и формируется смыслообразующий мотив к педагогической деятельности.

В условиях современной социокультурной ситуации в стране, характеризующейся исключительным динамизмом происходящих перемен, особое значение приобретают проблемы, связанные с подготовкой специалистов, адекватных по своему профессиональному уровню значимости и сложности решаемых обществом задач.

Психологический механизм «вписывания» знаний в профессиональный образ мира студента заключается в установлении соответствия со сложившейся системой ценностей, смыслов и связанных с ними установок как готовности реализовать их в будущей профессиональной деятельности.

Основой личности студентов являются ценности – именно они определяют «траекторию движения» в образовательном пространстве и закладывают фундамент будущей профессиональной деятельности.

В качестве продукта образования они входят в профессиональный образ мира студента, определяя новые его возможности и в качестве возможности, выступают как источник подготовки к будущей профессиональной деятельности – как ее мотив.

В контексте нашего размышления объектом исследования мы видим студентов участниками образовательного процесса.

Именно поэтому мы полагаем необходимо рассмотреть психологические составляющие юношеского возраста, ведь этот период онтогенеза выступает самым значимым для профессионального самоопределения личности.

Мы поддерживаем точку зрения Л.И.Божович в том, что главным новообразованием, возникающим в период раннего юношеского возраста является «самоопределение», то есть осознание себя с субъективной точки зрения, в качестве члена общества и в новой общественно значимой позиции. Оно возникает в конце учебы в школе, когда личность стоит перед необходимостью решать проблему своего будущего [1].

Для нас важно вслед за И.С.Коном подчеркнуть, что для ранней юности характерно формирование жизненных планов. «Жизненный план возникает, с одной стороны, в результате обобщения целей, которые ставит перед собой личность, как следствие построения «пирамиды», ее мотивов, становления устойчивого ядра ценностных ориентаций, которые подчиняют себе частные, преходящие стремления. С другой стороны, это результат конкретизации целей и мотивов» [2].

Психические новообразования в юношеском возрасте имеют ярко выраженную возрастную психофилогенетическую специфику, и, разумеется, подвержены индивидуальным особенностям.

Мы разделяем мысль В.И.Слободчикова в том, что юность – завершающая стадия психологического этапа «персонализации», периода нахождения самоидентичности [3].

Таким образом, значение периода юности на этапе самоопределения, «вхождения» в будущую профессиональную деятельность определяет предметное поле будущего специалиста профессионала.

В этой связи следует по-иному взглянуть на процесс профессионализации, в ходе которого происходит не только освоение профессиональных норм и стандартов, но и развитие личности студентов как – профессионала.

Білім беру процесін модернизациялау – бұл қиындық емес, балалармен жұмыс істеудің тиімді түрлерін шығармашылық іздеуге немқұрайлы қарау емес, бұл уақыт талабы. Педагогтің кәсіби қызметі, егер ол тек бір рет игерілген жұмыс әдістерін көбейту ретінде құрылса, егер ол педагогтің жеке басының дамуына ықпал етпесе, білім берудің жоғары нәтижелеріне қол жеткізу үшін объективті қолданыстағы мүмкіндіктерді жүзеге асырмаса, жеткіліксіз. Бүгінгі таңда шындық мынада, кәсіби тұрғыда үнемі өсіп отыру қажет.

"Медиа сауаттылық" бағытын мектеп жасына дейінгі балалармен қалай жүзеге асыруға болады? Бүгінгі таңда мектеп жасына дейінгі балалар ақпараттық-коммуникативтік технологияларға өте қызығушылық танытып, қолданады. Барлық балалар заманауи гаджеттерді, компьютерлерді, телефондарды игерді, интернетті пайдаланады. Ақпараттық технологияларды қолдану мектеп жасына дейінгі балалардың медиа білім беру саласындағы танымдық қызығушылығын дамытуға ықпал етеді. Бұл ойлау, тұжырымдау, ақпаратты таңдау, интерактивті ойындар ойнау, медиа ақпаратқа деген көзқарасыңызды білдіру, сюжетті түсіну, белгілі бір қорытынды жасау қабілеті.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін тәрбие мен оқыту кеңістікте поли сенсорлық қабылдау және бағдарлау дағдыларын қалыптастыруға, кіретін сенсорлық ақпаратты саралауға, сенсорлық тәжірибені жинақтауға, заттық әрекеттерді игеруге және ойлау процестерін белсендіруге, қарапайым сындарлы идеяларды қалыптастыруға бағытталған. Цифрландыру адамның психикалық дамуына әсер ете алмайды, өйткені тез өзгеретін әлем шешім қабылдаудың жоғары жылдамдығын, ақпаратты өңдеуді, реакциялардың жылдамдығын талап етеді.

Ай сайын ұйымдасқан іс -әрекеттің таңдалған түрлері бойынша "Медиа сауаттылық" және "Қоршаған орта және азаматтық сауаттылық" бағыттарын іске асыра отырып, балаларда ұйымдасқан іс-әрекет түрлерінің ұғымдарының, құндылықтарының және мазмұнды мақсатты элементтерінің белгілі бір жүйесі қалыптасады. Шығармашылық ойлаудың қалыптасуына "Күзді қонаққа келуді сұраймыз" тақырыбында өткізілген жұмыстар мен қолөнер көрмесі ықпал етті, оның нәтижелері көрнекі ақпарат ретінде педагогтер, ата-аналар мен балалар Instagram парақшаларында бөлісті. Ұрпақтар сабақтастығы дайындалған "Клип шолулары" - бөбекжайда тақырыптық апталарды жүзеге асыру бойынша клиптер жасау және көрсету кезінде педагогтердің, тәрбиеленушілердің және ата-аналардың жұмыстары сипатталды.

Зияткерлік жаңғыртуды іске асыру шеңберінде "қоршаған орта және азаматтық сауаттылық" бағытында балалармен және ата-аналармен "Шеберлер қаласы" тақырыбында Адамгершілік, жауапкершілік, сенім құндылықтарына негізделген түрлі қолөнермен танысу бойынша бірлескен іс-шара өткізілді. Ата-аналармен ынтымақтастықты дамытып, ерте жастан бастап Қазақстанның түрлі халықтарының мәдениеттеріне деген қызығушылық пен құрметті дамыту жолымен Қазақстандық патриотизмге тәрбиеленді. Іс-шараны өткізу барысында ата-аналар мен балалар Қазақстанда және басқа республикаларда қолөнердің пайда болу тарихымен танысты.

Өз пікірін білдіру, диалог жүргізу, адамның әлеуметтік қоғамдағы әлеуметтік рөлін меңгеру, "Отан", "отбасы" ұғымдарының патриоттық сезімін тәрбиелеу мақсатында тәрбиеленушілер арасында "Мен - Қазақстандықпын!" іс-шарасы өткізілді. Біздің қаламыздың көше атауларында қаламыздың тарихы мен өмірі ғана емес, бүкіл еліміз де көрініс табады. Педагогтер тәрбиеленушілерге "Менің қаламның көшелері" тақырыбындағы креативті жобаларды жүзеге асыруда қоршаған әлемнің мәдени мұрасы

мен сұлулығын көрсетті. Жылдар өтеді, ұрпақтар ауысады, бірақ ұлы адамдар туралы естелік өскелең ұрпақтың санасында қалады.

«Қаламыздың көшелеріндегі жарнама» тақырыбында фотокросс өткізу кезінде орын алды. Үлкен алдын ала жұмыс жүргізілді, қаламыздың көшелеріндегі жарнаманың фотосуреттері түсірілді және талданды. Қазіргі қоғам цифрландыруға қарай дамып келеді және оны жарнамасыз елестету қиын. Жарнама жасаушылар біздің мінез – құлқымызға қарапайым болып көрінетін құралдар-сөздер, фотосуреттер, түстер, пішіндер және т. б. арқылы қалай әсер ете алатыны өте қызықты. Жарнаманы кейде гипнозбен салыстыратыны бекер емес-және оған сену өте оңай. Ал мектеп жасына дейінгі бала бәріне оңай сенеді, оған мектеп жасына дейінгі баланы қызықтырады. Адамға өмірде қалай көмектесетінін түсінуге үйрету керек. Педагогтер, ақылға қонымды, жарнаманың мектеп жасына дейінгі балаларға әсер етуінің бастапқы деңгейін жобалайды. Баланызға іздеу дағдыларын, ақпаратты өз бетінше бағалауды үйрету маңызды. Кеністіктегі бағдарлауды модельдеу, жобалау қабілетін дамыту мақсатында балалар ROBOT MAUSE және BOTLEY роботтарын бағдарламалайды. Сыни ойлауды дамыту үшін "жақсы-жаман" медиа ойыны практикалық іс-әрекетте қолданылады, мұнда педагогтердің міндеті өткен күнді талдай отырып, адам өмірінде қандай медиа формалары қолданылатынын атап өту болып табылады. Берілген тақырыпты түсіндіру үшін балалармен жұмыс жасауда қандай медиа формалар қолданылады.

"Медиа сауаттылық" барлығына қажет екені белгілі болды: мектеп жасына дейінгі балалардан бастап аға буынға дейін медиа индустрия өте қарқынды дамып келеді, медиа Тұтыну өсуде, көптеген базаларға, қызметтерге және мүмкіндіктерге, соның ішінде азаматтық қоғамды дамыту саласында электрондық алаңдар арқылы қолжетімділік ашық. Бұл жаңа құзыреттіліктерді, сыни ойлауды дамыту қажеттілігін туғызады және халықтың барлық топтарының кең медиа білімі туралы мәселе туындайды. Біз, мектеп жасына дейінгі балалар, заман талабына сай, уақытпен бірге жүреміз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы". Қазақстан Республикасы Ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қосымша 1*

2. *"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы". Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім Министрінің 2022.10.14 №422 бұйрығымен*

3. *Белая к.Ю., білім беру процесін модернизациялау. Мәскеу ЖАО мектепке дейінгі білім беру педагогикасы және әдістемесі кафедрасының профессоры ақпан 2012ж.*

4. *Поддяков Н.Н. мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығы және өзін-өзі дамыту. Тұжырымдамалық аспект. - Волгоград: өзгеріс, 1995 ж.*

**Оспанова Ж.К., Алькенова А.Б.**

#### **ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ В ЯСЛИ-САДУ**

*Актуальность работы определяется в обновлении процесса образования в ясли-саду и методы разработанные на уровне ясли-сада для решения данной задачи. Педагогический опыт работы авторов показывает, как выполнение запланированных мероприятий решают выполнение задач по интеллектуальной модернизации образовательного процесса ясли-сада. Сделан вывод, о том, как как данное направление решается с детьми дошкольного возраста.*

**Ospanova Zh.K., Alkenova A.B.**

## **INTELLECTUAL MODERNIZATION IN THE NURSERY KINDER GARTEN**

The relevance of the work is determined in the renewal of the education process in the nursery-garden and methods developed at the nursery-garden level for solving this objective. Pedagogical experience authors work shows how the implementation of planned activities solve the achievement of objectives of intellectual modernization of the nursery garden educational process. It was concluded how this direction is decided with children of preschool age.

УДК 373

**Оспанова Ж.К., Грабова В.П.**

директор, методист

КГКП ясли-сад «Балақай», Караганда, Республика Казахстан

[sad\\_balakai@mail.ru](mailto:sad_balakai@mail.ru)

## **ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ В ЯСЛИ-САДУ**

*Актуальность работы определяется в обновлении процесса образования в ясли-саду и методы разработанные на уровне ясли-сада для решения данной задачи. Педагогический опыт работы авторов показывает, как выполнение запланированных мероприятий решают выполнение задач по интеллектуальной модернизации образовательного процесса ясли-сада. Сделан вывод, о том, как как данное направление решается с детьми дошкольного возраста.*

Интеллектуальная модернизация образования в ясли саду это формирование образовательной среды как политической и общенациональной задачи, осуществляется для стимулирования детской инициативы, самостоятельности развития творчества, свободы выбора двигательной и познавательной активности детей, сотрудничества взрослого и ребенка. Построение организационно-педагогической модели нашего ясли-сада стало ответом на системные изменения дошкольного воспитания и обучения. В разработанной модели определена миссия, и цель которые полностью опираются на формирование навыков будущего, умения и навыки, заложенные в Государственном общеобязательном стандарте дошкольного воспитания и обучения. Реализуются через организованную деятельность и виды детской деятельности, все это через диагностику и мониторинг помогает выявить проблемы и оперативно реагировать, и выйти на уровень организованной деятельности с детьми. Усилением является игровая деятельность через игровые методы и технологии, интеграция различных видов деятельности и конечно вариативные образовательные программы, разработанные в ясли-саду и все это на плоскости нашей предметно-развивающей среды и как результат выпускник дошкольной организации, готов к жизнедеятельности и демонстрирует навыки будущего, которые развиваем. Для реализации организационно-педагогической модели коллективом ясли-сада были выбраны два направления работы по интеллектуальной модернизации ясли-сада:

1. Окружающая среда и гражданская грамотность
2. Медиаграмотность

Модернизация образовательного процесса – это не прихоть, не равнодушное отношение к творческому поиску эффективных форм работы с детьми, это – требование времени. Профессиональная деятельность педагога неполноценно, если она строиться только как воспроизводство однажды усвоенных методов работы, если в ней не

реализуются объективно существующие возможности для достижения более высоких результатов образования, если она не способствует развитию личности самого педагога. Без творчества нет педагога - мастера. На сегодняшний день реалии таковы, что необходимо постоянно расти в профессиональном плане.

Направление «Медиа грамотность», как реализовать с детьми дошкольного возраста? Сегодня дети дошкольного возраста очень активно интересуются и используют информационно-коммуникативные технологии. Практически все дети освоили современные гаджеты, компьютеры, телефоны, пользуются интернетом. Использование информационных технологий способствует развитию познавательного интереса детей дошкольного возраста в области медиа образования. Это способность мыслить, формулировать, отбирать информацию, играть в интерактивные игры, уметь выражать свое отношение к медиа информации, понимать сюжет, делать определенные выводы.

Для детей с особыми образовательными потребностями воспитание и обучение направлено на формирование навыков поли сенсорного восприятия и ориентировки в пространстве, дифференциацию поступающей сенсорной информации, накоплению чувственного опыта, овладения предметными действиями и активизацию мыслительных процессов, формирование элементарных конструктивных представлений. Цифровизация не может не оказывать влияния на психическое развитие человека, так как быстро меняющийся мир требует высокой скорости принятия решений, переработки информации, быстроты реакций.

Помесячно, реализуя направления «Медиа грамотность» и «Окружающая среда и гражданская грамотность» по выбранным видам организованной деятельности, у детей формируется определенная система понятий, ценностей и содержательно целевые элементы видов организованной деятельности. Формированию творческого мышления способствовала проведенная осенняя выставка работ и поделок на тему: «Осень, осень в гости просим», результатами которой, как наглядной информацией, педагоги, родители и дети делились на страничках Instagram. Преемственностью поколений характеризовались изготовленные «Клип обзоры» - работы педагогов, воспитанников и родителей при изготовлении и показе клипов по реализации тематических недель в ясли-саду.

В рамках реализации интеллектуальной модернизации в направлении «Окружающая среда и гражданская грамотность» проведено совместное мероприятие с детьми и родителями «Город Мастеров» по знакомству с различными ремеслами для формирования ценностей: «Человек, труд, мастерство.» Развивали сотрудничество с родителями, воспитывали с ранних лет Казахстанский патриотизм путем развития интереса и уважения к культурам разных народов Казахстана. В ходе проведения мероприятия родители и дети познакомились с историей возникновения ремесел в Казахстане и других республиках.

В целях развития умения высказывать свое мнение, вести диалог, усвоения социальной роли человека в социальном обществе, воспитания чувства патриотизма понятий «Родина», «Семья», формировались у воспитанников в проведении дебатов на тему: «Я- Казахстанец!». В названиях улиц нашего города отражается не только история и жизнь нашего города, но и всей страны. Культурное наследие и красоту окружающего мира показали педагоги воспитанникам в реализации креатив проектов на тему: «Улицы моего города». Пройдут года, сменяться поколения, но память о великих людях останется в сознании подрастающего поколения.

Формирование ценностей: «Этика, гармония, информационное пространство» происходило во время проведения фото-кросса на тему: «Реклама на улицах нашего города». Была проведена большая предварительная работа, сделаны и проанализированы фотоснимки рекламы на улицах нашего города. Современное общество все больше

развивается в сторону цифровизации и его трудно представить себе без рекламы. Очень интересно, как создатели рекламы могут так сильно влиять на наше поведение с помощью, казалось бы, простейших инструментов – слов, фотографий, цветов, форм и т.д. Недаром рекламу иногда сравнивают с гипнозом – и в это действительно легко поверить. А ребенок дошкольного возраста легко верит всему, необходимо научить его разбираться, как реклама помогает человеку в жизни, пока на примере того, что интересует ребенка дошкольного возраста. Педагоги, рассуждая, проектируют исходный уровень влияния рекламы на детей дошкольного возраста. Важно научить ребенка поисковым навыкам, самостоятельному оцениванию информации. В целях развития способности к моделированию, конструированию ориентировки в пространстве, дети программируют роботов ROBOT MAUSE и BOTLEY. Для развития критического мышления используется в практической деятельности медиа игра «Хорошо-плохо», где задачей педагогов является выделить, анализируя прошедший день, назвать какие медиа формы используются в жизни человека. Какие медиа формы используются в работе с детьми, для объяснения заданной тематики.

Стало очевидно, что «Медиа грамотность» необходима всем: начиная от детей дошкольного возраста и до старшего поколения, так медиа индустрия развивается очень бурно, растет медиа потребление, открыт доступ ко многим базам, услугам и возможностям, в том числе в сфере развития гражданского общества, через электронные площадки. Это диктует необходимость развития новых компетенций, критического мышления и встает вопрос о широком медиа образовании всех слоев населения. И мы, дошкольники идем в ногу со временем.

#### **Список использованных источников:**

1. «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, после среднего образования». Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года №348. Приложение I

2. «Об утверждении Типовых учебных программ дошкольного воспитания и обучения». Приказ и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 августа 2016 года №499. Приложение I - в редакции приказа Министра просвещения РК от 14.10.2022 №422

3. Белая К.Ю., Модернизация образовательного процесса в ДО. Профессор кафедры педагогики и методики дошкольного образования МИОО Москва февраль 2012г.

4. Поддъяков Н.Н. Творчество и саморазвитие детей дошкольного возраста. Концептуальный аспект. - Волгоград: перемена, 1995г.

**Оспанова Ж.К., Грабова В.П.**

#### **БӨБЕКЖАЙДАҒЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ МОДЕРНИЗАЦИЯ**

*Жұмыстың өзектілігі бөбекжайдағы білім беру процесін жаңартуда және осы мәселені шешу үшін бөбекжай деңгейінде жасалған әдістерде анықталады. Авторлардың педагогикалық тәжірибесі жоспарланған іс-шараларды орындау бөбекжайдың білім беру процесін интеллектуалды жаңғырту бойынша міндеттерді қалай шешетінін көрсетеді. Бұл бағыт Мектеп жасына дейінгі балалармен қалай шешілетіні туралы қорытынды жасалды.*

**Ospanova Zh.K., Grabova V.P.**

#### **INTELLECTUAL MODERNIZATION IN THE NURSERY KINDER GARTEN**

*The relevance of the work is determined in the renewal of the education process in the nursery-garden and methods developed at the nursery-garden level for solving this objective.*

*Pedagogical experience authors work shows how the implementation of planned activities solve the achievement of objectives of intellectual modernization of the nursery garden educational process. It was concluded how this direction is decided with children of preschool age.*

УДК 373

**Панюшкина В.А., Черныш Т.И.**

Воспитатели ТОО «Акниет-2015 д/с «Ақжарқын», Караганда

Республика Казахстан

[Vera.dp@mail.ru](mailto:Vera.dp@mail.ru)

## **РОЛЬ ПОЗНАВАТЕЛЬНО-ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РАЗВИТИИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА**

*Актуальность данной темы состоит в активном использовании элементов познавательно - экспериментальной деятельности в повседневной жизни дошкольников, что дает возможность развить у ребенка стремление к познанию окружающего мира.*

Познавательно – экспериментальная деятельность — это один из важнейших рычагов интеллектуального развития ребенка. Экспериментирование позволяет детям погрузиться в мир причинно-следственных связей различных предметов и явлений, учит «добывать» знания, анализировать, сопоставлять, делать самостоятельные умозаключения, принимать не стандартные решения, развивает наблюдательность, стремление к познанию окружающего мира.

Роль познавательно – экспериментальной деятельности в развитии дошкольника сложно переоценить. А.Н. Леонтьев в своих трудах указывал на то, что человек рождается не владеющим достижениями предыдущих поколений, и только присваивая их, приобретает способность развиваться дальше. Согласно Л. С. Выготскому, следует отметить, что главной особенностью в развитии ребенка, является присутствие взрослого, который выполняет роль носителя знаний и опыта предыдущих поколений. С каждым годом, с каждым десятилетием багаж, который должен освоить ребенок неумолимо растет. Например: наши родители только в школе осваивали навыки пользования калькулятором и не знали, что такое интернет, а сейчас дети активно владеют навыками работы на компьютере и с легкостью черпают информацию из социальных сетей. Прогресс, как существенно облегчил нашу жизнь, так и усложнил развитие ребенка. В настоящее время дети, начиная с дошкольного возраста, получают «готовые» знания, которые с трудом могут использовать на практике, а такие знания очень сложно усваиваются. Многие педагоги используют в процессе обучения и развития дошкольников «стратегию подчинения», что гасит проявление инициативы ребенка.

Рассматривая периодизацию Л. С. Выготского и Д. Б. Эльконина, в раннем возрасте ребенку присуща такая ведущая деятельность, как предметная (манипулирование предметами), которая является основой экспериментирования. Именно в этом возрасте ребенок знакомится, исследует предметы окружающего мира, используя сенсорные способности (пробует на вкус, определяет свойство: твердый, мягкий, форму предмета, цвет и т.д.). Так же Профессор, Академик Н.Н. Поддъяков выдвинул и обосновал гипотезу: в дошкольном возрасте ведущую роль играет наглядно-действенное и наглядно-образное мышление, этим объясняется, что основной

деятельностью является не игра, как принято считать, а экспериментирование. И как считается знания, добытые самостоятельно намного прочнее и глубже знаний, полученных из информационных систем, книг, от педагогов. Поэтому педагог, должен выступать в процессе развития ребенка, в роли проводника участвующим в познании окружающего мира и освоением опыта предыдущих поколений. Он должен направлять свою деятельность не на накопление знаний, а на развитие умений наблюдать, анализировать, думать, рассуждать, формировать свое мнение и отстаивать его, и это возможно при использовании познавательного – исследовательского процесса в обучении и воспитании ребенка.

В настоящее время в дошкольной педагогике стала активно использоваться экспериментальная деятельность, которая позволяет ребенку целенаправленно участвовать в познании мира, ставить цели, планировать свои действия, анализировать, сравнивать, классифицировать и т.п., что позволяет активизировать мыслительные процессы, развивать речь. В дошкольных учреждениях направляющую роль в экспериментальной деятельности играет педагог, обеспечивая реализацию проектов. Но стоит отметить, что экспериментирование может осуществляться не только в рамках проекта и иметь долгосрочный период, но и в повседневной жизни ребенка, на любом занятии по математике, грамоте, конструировании, игре делая любую деятельность познавательной и интересной.

Например, даже знакомя детей со звуками и их особенностями, педагогу стоит обратить внимание ребенка, что происходит при произнесении того или иного звука. Попросить дошкольника поставить ладошку перед губами и подуть на нее, что произойдет? Мы почувствуем струю воздуха, которой ни чего не мешает, подобную струю воздуха, ребенок может почувствовать при произнесении гласного звука. При произнесении согласного звука струя воздуха будет не такой сильной, рассеянной, почему? Потому что при произнесении согласного звука струя встретится с преградой в виде губ, зубов, языка. Это настоящий мини-эксперимент, который ребенок может провести самостоятельно, наблюдая, анализируя, делая самостоятельно выводы и данные знания, он сможет применить на практике.

Играя в конструктор, ребенок построил горку, педагог просит ребенка, скатить с нее кубик, затем машинку, задавая вопрос какой предмет быстрее окажется внизу. Это настоящий опыт, который заставит дошкольника задуматься о причинах такого результата, рассмотреть свойства предметов, высоту и угол ската горки и т.п.

Можно привести массу примеров, где экспериментирование можно использовать, совершая с ребенком маленькие опыты, позволяющие развить в нем необходимые психические процессы, активизировать мыслительную деятельность, самостоятельность, развить интерес к познанию. Это позволит сделать общение ребенка с педагогом более близким, комфортным, познавательным и самое главное полученные знания опытным путем будут более глубокими и устойчивыми, что является одной из задач преемственности опыта поколений.

#### **Список использованных источников:**

1. *Выготский Л. Психология развития ребенка. 2005 Издательство: Эксмо, Смысл 2005.*
2. *Иванова А.И. Детское экспериментирование как метод обучения./ Управление ДОУ, N 4, 2004, с. 84 — 92*
3. *Куликовская И.Э., Совгир Н.Н. Детское экспериментирование. Старший дошкольный возраст. – М.: Пед. общество России, 2003.*
4. *Поддьяков А.Н. Обучение дошкольников экспериментированию. // Вопросы психологии, 1991.*



**Панюшкина В.А., Черныш Т.И.**  
**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ-  
ЭКСПЕРИМЕНТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ РӨЛІ**

*Бұл тақырыптың өзектілігі мектеп жасына дейінгі балалардың күнделікті өмірінде танымдық және эксперименттік іс - әрекеттің элементтерін белсенді қолданудан тұрады, бұл баланың қоршаған әлемді тануға деген ұмтылысын дамытуға мүмкіндік береді.*

**Panyushkina V.A., Chernysh T.I.**  
**THE ROLE OF COGNITIVE AND EXPERIMENTAL ACTIVITY IN THE  
DEVELOPMENT OF PRESCHOOL CHILDREN**

*The relevance of this topic consists in the active use of elements of cognitive and experimental activity in the daily life of preschoolers, which makes it possible to develop a child's desire to know the world around him.*

ӘОК 371

**Сакиева А.Т.**  
Бастауыш сынып мұғалімі  
"Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясы" КММ, Қарағанды,  
Қазақстан Республикасы

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНДА КЕҢ  
АУҚЫМДЫДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

*Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу үдерісі мен оқу нәтижелерін арттыру, білім сапасының компоненттері, бастауыш мектепте қолданылатын технологиялар мен әдістері қарастырылған.*

Бүгінгі жаһандану заманында әлемдік өркениет төрінен орын алу үшін, елдің экономикалық өсуі мен азаматтардың әл-ауқаты жақсару үшін білім керек. Ол қандай білім? Балалар мектеп бітіргенде нені білуі керек? Ол үшін мектепте нені үйренуі керек?

XXI ғасырдың мектептері өздігінен білім іздейтін, жеке тұлға ретінде өзіндік идеялары, көзқарастары мен құндылықтары бар, сыни ойлай білетін, өз білімін жетілдіруге мүдделі, өзінің алдына нақты мақсаттар қоя білетін, өз білімін кез келген ортада іске асыра алатын, түрлі адамдармен ынтымақтастықта қарым-қатынас жасап, пікірін еркін жеткізе алатын, түрлі технологияларды меңгерген азаматтарды дайындауы керек. Ол үшін оқушыларға тек білім берудің жеткіліксіз болары сөзсіз. Сол себепті де жанартылған оқу бағдарламалары оқушылардың бойында қалыптастыру көзделетін құндылықтар мен дағдыларды дамытуды көздеп отыр. Бүгінгі мақаламда осы XXI ғасырда бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру үшін қажетті дағдыларға тоқталғым келеді.

Алдымен дағды сөзінің мағынасына көз жүгіртер болсақ, **дағды** – автоматты түрде жасауға дейін жеткізілген әрекет. Демек ол оқушының көп рет қайталау жолымен белгілі бір іс-әрекеттерді орындауға машықтануы. XXI ғасырда табысқа қол жеткізу үшін оқушылардың бойында қалыптастыру көзделетін кең ауқымды дағдылар:

Олар:

- сын тұрғысынан ойлау;
- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- проблемаларды шешу қабілеті;

- ғылыми-зерттеу дағдылары;
- қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда);
- жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті;
- АКТ саласындағы дағдылар.

Дағдылардың көш басында **сын тұрғысынан ойлаудың** тұруының өзі жай емес. Ұтқырлық, сыңаржақтылықтың болмауы, пайым, өзіндік сана-сезім, тәртіп секілді қасиеттермен ерекшеленетін сын тұрғысынан ойлауды дамытудың адам өміріндегі орны ерекше деп ойлаймын. Себебі *«Жалпы сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады,... мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; олар... ештеңеге сенбейді, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болады»*.

И. Кант «Оқушының ақыл-ойын басынан-ақ өзіндік сыншылдыққа, өзіндік көзқарастарын өз бетінше қорғай алуға, қарсы пікірлерге жауап табуға үйрету керек» екендігін дәлелдесе, Дж. Курфистің пікірінше «Сыни ойлау – білім тапшылығы жағдайында нақты жауабы жоқ сұраққа ұтымды жауап беру». Сондықтан да оқу бағдарламаларына сәйкес білімді меңгерту үшін оқушыларға күрделі ақыл-ой еңбегін, жақсы есті, дамыған қиялды және оқуға шығармашылық тұрғыдан келуді талап ететін тапсырмалар көбірек берілуі керек. Ойды дамыту үшін білім көлемін тек дайын күйінде меңгертудің орнына бақылау, талдау, қорытынды, интерпретация секілді дағдыларды қалыптастыру маңызды.

Екінші дағды – **білімді функционалдықпен және шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті**. Американдық психологтардың анықтамасы бойынша шығармашылық дегеніміз – бұл тани білу, жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті. Шығармашылық, психологиялық тұрғыдан алғанда, жаңа материалдық рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, шығармашылық дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады.

Шығармашылық – барлық адамда болуға тиісті сапа. Алайда, біздің өмірімізде әр адамның жаңалық ашуы сирек кездесетін жағдай. Американдық ғалым Н.Роджерс мұның себебін адамның бала кезінен бастап «Сен мынаны дұрыс жасамадың!», «Бұл қате!», «Олай емес!» деген сынау сөздерді көп естуінен деген пікірде. Күнде өзгеріп отырған бүгінгі жаһандану заманында биіктерді бағындыру, нәтижелерге жету тек шығармашыл адамдардың қолынан келеді. Сол себепті де оқушыға белгілі бір көлемдегі білім, білік, дағдыларды меңгерте отырып, сабақтағы оқушының шығармашылық рөлін арттырып, еркіндігін қамтамасыз ету, сол арқылы оқушылардың даралық, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, бейімділіктерін ашу және дамыту қажеттігі туындап отыр. Әрине, бұл мәселені неғұрлым ерте қолға алса, соғұрлым нәтижелі болары сөзсіз.

Жоғарыда айтылған дағдылармен тығыз байланыстағы кең ауқымды дағдылардың бірі – **проблемаларды шешу** қабілеті. Оқушыларға бастауыш сыныптарда проблеманы шешуді ұсыну арқылы мұғалім оқушылардың Пиаже сипаттаған танымдық даму сатыларының нақты бір операциялық кезеңінде екенін есте сақтауы керек. Осы жастағы балаларға проблема ұсынғанда мұғалімдер абстарктілі, ойдан шығарылған нәрселермен жұмыс істегеннен гөрі, қарапайым бірақ нақты мысалдарды пайдаланғаны абзал. Физикалық материалдар мен шынайы өмірден алынған мысалдарды жиі пайдалану оқу үдерісін тиімді етеді.

Бүгінгі білім беру саласының маңызды мәселелерінің бірі баланы ізденушілікке баулу, оған ғылыми зерттеу дағдысы мен білігін игерту болып саналады. Ғылыми зерттеу дегеніміз ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір объект жөнінде жаңа білім қалыптастырумен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген объектілермен танысу. Аристотельдің мынандай сөзі бар: «Таң қалу арқылы адамдар

философияға жақындай бастайды, олар алдындағы қиын мәселені шеше келе одан ары жолдың жалғасында одан да қиын мәселелердегі қиындықтарды түсінеді», яғни қызығушылық зерттеу әрекетінің қозғаушы күші. Балаларды оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығы қоршаған ортасына деген құштарлығының басымдылығымен түсіндіріледі. Оқушының өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді.

Зерттеу әрекеті, *біріншіден*, оқушылардың коммуникативтік мүмкіндіктерін дамытады, яғни, категориялық ұғымдарды қабылдау үшін базистік, арнайы терминдердің мәнін ұғыну керек. *Екіншіден*, ақпараттық қызмет атқарады: тақырыбына байланысты белгілі жүйелер және олардың құрамдас бөліктерін, құрылымдары, заттар мен құбылыстардың арасындағы өзара байланыстарды ашып көрсетеді. *Үшіншіден*, оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруға әулес қосады.

«Жан дүниесінде тілді үйрену басты жұмыс емес, жанама жұмыс болғандықтан, бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, жазсын, оқысын, тілге үйренсін» деген Ж.Аймауытовтың сөзін ескерсек, ғылыми зерттеу дағдысымен тығыз байланыстағы дағды – **коммуникативтік дағдылар**, яғни, қарым- қатынас жасау дағдылары.

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым- бастауыш сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан да оқушыларға осы төрт дағдыны барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор.

Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерін ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделеді. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгеріледі. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін өмірде қолдануына кері әсерін тигізеді.

Айтылым дегеніміз өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану. Жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз. Оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтудан гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет. Тыңдалым дегеніміз тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Тыңдалым ауызекі сөйлеу тілін қамтығандықтан, оның тілі жазба тілден өзгеше болып келеді.

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда – оқытуды дамыту, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіретін тұлға қалыптастыруға негіз болады.

Жеке тұлғаның дамуында оқушының өз бетінше, яғни **жеке жұмысы** маңызды рөл атқарады. Өз бетінше жұмыс білім берудің бұрынғы оқушыны пәндік білім, біліктердің

белгілі бір жиынтығымен қаруландыру секілді приоритетін түбегейлі өзгертуде. Бүгінгі өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту.

Ақпаратты тарату мен жариялауда, білім, білік және дағдылармен алмасуда екіден асатын адамдардың сөйлеу арқылы атқарылатын әрекеттесу үдерісі – бірлескен жұмыстың рөлі ерекше.

**Бірлескен оқу** ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да

дами түседі, өйткені олар көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұнда оқушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай өздерінің ерекше тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды. Осылайша бірлескен оқу жағдайында оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және жұмысқа белсенді қатысуға мүмкіндік алады.

Заманауи дағдылардың бірі – **ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану**. Оқушылар өздерінің АКТ-ны қолдану дағдыларын барлық пәндерге арналған білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында дамытады. Яғни, АКТ-ны пайдалана отырып ақпаратты табу, құру, мәліметтер мен ой түйіндерімен бөлісе және алмаса отырып құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалану арқылы өз жұмысын бағалайды және жетілдіреді.

Қорыта келе, «Адам үшін іс-әрекетінің қашан да қоғамдық әлеуметтік мәні зор. Іс-әрекеттің саналылығы мен мақсаттылығы, жоспарлылығы мен жүйелілігі оның ең басты белгілері болса, алда тұрған міндетті шешу, яғни ойлаған істен белгілі бір нәтиже шығару – оның екінші бір басты белгісі болып табылады» деп ғалым Қ.Жарықбаев айтқандай, алда тұрған мақсат-міндеттерді орындай отырып, ХХІ ғасырда табысты болатын азаматтарды тәрбиелей берейік.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, ІІІ деңгей, «НЗМ» ДББҰ ПШО, 201
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Бастауыш сынып пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсы, «НЗМ» ДББҰ ПШО, 2015
3. Пән бағдарламалары, «НЗМ» ДББҰ ПШО, 2015
4. Интернет материалдары

**Сакиева А. Т.**

**ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ ОБЪЕКТИВНЫХ НАВЫКОВ  
У МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ**

*В данной статье рассматриваются компоненты качества образования, технологии и методы, применяемые в начальной школе, повышения качества учебного процесса и результатов обучения младших школьников.*

**Sakieva A. T.**

**WAYS OF FORMING EXTENSIVE SKILLS IN PRIMARY SCHOOL STUDENTS**

*This article discusses the components of the quality of education, technologies and methods used in primary school, improving the quality of the educational process and learning outcomes of younger students.*

**Сарбасова К.А., Асаинова Г.Б.**  
«Bolashaq» Академиясы, Қарағанды  
Қазақстан Республикасы,  
Asainova\_Gulzhainat@mail.ru

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мақалада автор бүгінгі күнгі ұрпақ тәрбиесі басты мәселелердің бірі екендігін айқындайды. Бастауыш сынып оқушыларына білім мен тәрбие беруде құндылықтардың мәні мен мағынасына үңіле отырып талдау жасайды. Бүгінгі таңда оқушыларға әлемдік деңгейде өркениетті негізде білім мен тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру маңызды екендігін атап көрсетті.*

Қазақстандағы білім беру жүйесіне мазмұндық және ұйымдастыру жағынан да бірқатар өзгерістер енгізілуде. Бастауыш мектепте отбасы мен қоғамдық сұраныстарға сәйкес баланың жас ерекшелігі мен дара қабілеттілігін ескере отырып білім беру жүйесі кең ауқымды қызмет көрсетеді. Балалармен жұмыс істеудің приоритетті бағыттарын ұстанған мұғалімдер даму үстінде, мектептің жаңа моделі тәжірибеге енгізіле бастады. Педагогикалық қарым-қатынас стиліде жаңартылуда. Атап айтқанда: қатал талап қоюға шектеу жасалып, оқыту формалары өзгеріп, жаңа инновациялық технологиялар қолданыла бастады. Бірнеше балама бағдарламалар, авторлық оқу-әдістемелік құралдар, оқу жоспарлары мен оқыту құралдары жылдан жылға жетілдіріліп, байытылуда. Білім беру тәжірибесінде қалыптасқан ахуалды талдау қоғамның өзгерген әлуметтік экономикалық тапсырысына, әрі ғылым мен ғылыми техникалық үдерістің қазіргі даму деңгейіне сәйкес келетін, сондай-ақ ұлттық және әлемдік рухани-мәдени құндылықтарды ұштастыра отырып, орта білім беру жүйесін қайта құру қажет деген қорытынды жасауға ерік береді. Біріншіден, үзіліссіз білім беру саласының алғашқы сатысы бастауыш білім беру жүйесін қайта құру қажеттілігін, екіншіден, мектептің дамуы мен қалыптасуында тарихи жинақтаған оң өзгерістердің бәрінде кәдеге асыруды қамтамасыз ететін ғылыми-әдіснамалық тұжырымдамаларды, жаңа тұжырымдамалық идеялар мен парадигмаларды талап етеді.

Білім мазмұнының бұл элементтері бір-бірімен тығыз байланысты қарастырылады. Сондай-ақ, бұл элементтерді меңгеруде жас ұрпақ тек оны орындаушы ретінде ғана қарамай, әлеуметтік тәжірибе тұрғысынан өздігінен әрекет етуге, шығармашылыққа және сол жүйеге өз үлесін қосып, ықпал ете білуі тиіс. Осыған орай, енді біз білім мазмұнының құрылымын қарастырып көрейік. Білім мазмұны ол үш біртұтас үдерісті сипаттайды. Біріншіден, өткен аға ұрпақтың тәжірибесін меңгеру. Мұнда ХХІ ғасырдағы білім мазмұнында өткеннің тәжірибесімен қатар, бүгінгі күндегі ғылымның жаңаша жеткен жетістіктерімен озық іс-тәжірибелерді ескеру. Екіншіден, жеке тұлғаның тәрбиесіндегі типтік сапаларды ескеру. Үшіншіден, адамның ақыл-ой және дене дамуының ерекшеліктеріне баса назар аудару. Мұндағы жетекші іс-әрекеттің түрі оқыту, білім берудің ең жақын уақыттағы және тікелей қатысты мақсаты-тәжірибені меңгеру. Білім мазмұнының құрылымы, ол қоғам талаптарынан туындап, ғылым мен техниканың дамуына, тарихи кезеңдердегі әлеуметтік экономикалық жағдайларға байланысты анықталады. Дегенмен де, қоғам талаптарының ең басты, маңызды бөлігі, білім мазмұнының философиялық негізі болуында және адамның қоғамдағы орны мен ролі білім беру мақсатымен тығыз байланысты қарастырылуында. Бұл білім беру теориясының тамырын терең философиялық ой түйіндерден алатындығында жатыр.

Білім берудің классикалық теориясының дидактикалық көзқарастарында мақсат, міндеттер, білім беру мазмұны, оқулықтың ролі және мұғалім жайында анықтамалар берілген. Мұнда, білім мазмұны білім көздері-деп түсіндіріледі.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-патриоттық тәрбие беру. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік-отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік-білім беру мекемесі.

Мектептегі тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Заман талабына лайық тәрбие білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді.

Мектепте берілетін тәрбие-барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан-жақты тәбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор. Оқушыларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру дегеніміз - баланың моральдық қасиеттерін белгілі бір мақсатқа бағыттап қалыптастыру. Адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу арқылы-моральдық түсініктердің, әдеттердің және мінез-құлық мотивтерінің қалыптасуы бірлесіп жүзеге асады және бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесін қамтамасыз етеді.

Адамгершілік - патриоттық сезімге тәрбиелеу мазмұнына баланың Отанға, адамдарға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу жатады. Ол үшін алдымен балалардың ата-анасына, үйіне, туған жеріне, оның табиғатына, өз қаласына, туған-туысқандарына, дос құрбыларына, балабақшаға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу қажет. Ерте сәбилік кезеңнен бастап баланы ана тілінде сөйлеуге үйрету, ауыз әдебиеті үлгілерімен сусындату ең маңызды мәселе. Оқушы әдеби шығармаларды: өлең, ертегі, ән, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, батырлар жырын тыңдау арқылы ана тілінің байлығы мен әсемдігін меңгерумен қатар оны сүйюді үйренеді. Оқушыларды халықтың қолөнерімен, қазіргі композиторлардың сан түрлі азаматтық тақырыптарға арналған әндерімен таныстыру балалардың қуанышын, көңілді сезімін дамытып, еліне, туған жеріне, ұшқыштарға, ғарышкерлерге, теңізшілерге, Отанға т.б. еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелейді.

Патриоттық сезімге: туған өлкесін, Отанын сүйуге, тәрбиелеудің ерекше маңызы бар. Мұғалім балаларда үлкендерге құрмет көрсетуді, өз қатарларымен дұрыс қарым-қатынас жасауды, заттарға ұқыпты қарауды білдіретін сан алуан мінез-құлық дағдыларын қалыптастырады. Бұлар әдет бола отырып, мінез-құлық нормасына айналады: сәлемдесу мен қоштасу, біреудің көрсеткен қызметіне рақмет айту, алған затын орнына қою, қоғамдық орындарда өзін мәдениетті ұстау, өтінішін ізеттілікпен білдіру әдеті.

Бастауыш сынып оқушыларының үлкендермен, өз қатарларымен мәдениетті қарым-қатынас жасау, шын айту, тазалық, тәртіп сақтау, пайдалы іс-әрекет жасау, еңбек ету әдеті қалыптаса береді. Оқушылар қылығының адамгершілік мазмұнына ой жүгірте қарау негізінде дамыған адамгершілік дағдылар мен әдеттер неғұрлым берік болады. Мұғалім балалардың адамгершілік нормаларына бағынатын, саналы түрде меңгерілген мінез-құлыққа тәрбиелейді. Адамгершілік нормалары: қайырымдылық, сыпайылық, әділдік, қарапайымдылық, қамқоршылық, және т.б. ұғымдарды тәрбиеші бірте-бірте балаларға түсіндіру арқылы меңгертеді.

Сондай-ақ, мұғалімдер оқушылармен тәрбие сағаттарын өткізеді, Отан туралы, туған жер туралы тақпақ-өлеңдер жаттатып, әңгімелеу арқылы бала бойына елге, жерге,

Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырады. Еліміздің төл мерекелеріне тәрбие сағаттарын өткізіп тойлайды. Балаларды адамгершілік-патриоттық сезімге тәрбиелеуде мектептің кітапханалар мен мұражайлардың сабақтастығыда әсерін тигізеді.

Біздің алдымызда тұрған басты міндет – тәуелсіз Қазақстанның әр жас жеткіншегінің жүрегінде Отанына, жеріне, еліне деген ыстық сезім, шынайы сүйіспеншілік ұялату. Сондықтан біз адамзаттық көзқарасы қалыптасқан, әлеуметтік белсенділігі жоғары отаншыл ұрпақ тәрбиелеп өсіруге аса көңіл бөлуіміз керек. «Әрбір Қазақстандықты өз мемлекеті қамқорлықсыз қалдырмайды, ал әрбір Қазақстандық өз мемлекетінің болашақ тағдыры үшін жауапты» деген ұғымды жас ұрпақ санасына сіңіруіміз қажет.

Бастауыш мектептегі тәрбие - адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Бұл баланың әсерленгіш, еліктегіш, ойлауды, сөйлеуді меңгеруімен алғаш рет бөтен ортаға бейімделуімен сипатталатын кезең бастауыш сатыдан негізі бес жасқа дейін қаланады. «Бес жасқа дейін жүргізілген барлық тәрбие ісіңіз - бүкіл процесінің тоқсан проценті» [1], - деп Жүсіп Баласағұни балалық кезеңдегі тәрбиенің маңызын анық көрсеткен.

Баланың ақыл - ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету шындыққа тәрбиелеу мақсатында, сауаттылыққа баулу - бүгінгі күн талабы.

Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстарымен, адамдармен, олардың еңбегімен, қарым - қатынастарымен танысады.

Белгілі педагог А. С. Макаренко [2] баланың өміріндегі ойынның атқаратын қызметі туралы: «үлкендер үшін жұмыстың, қызметтің маңызы қандай болса, балалар үшін ойынның маңызы сондай болады» - деген. Біз балалардың ойнай жүріп, анасының, әкесінің барлық мамандық иелерінің қызметтерін атқарып жүретінін байқаймыз.

Баланың ана тілінде таза еркін сөйлеуін бастауыш сыныпта меңгертуге тиіспіз.

Ұлы педагог К. Д. Ушинский: «Кімде кім баланың тіл қабілетін дамытқысы келсе, ең алдымен оның ой - өрісін қабілетін дамытуы тиіс» - деген. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін өткізуде тәрбиешінің шығармашылығы, әдіс - тәсілдері тиімді пайдалануы, оқу іс-әрекетін түрлендіріп ұйымдастыруда ойындарды мақал - мәтелдерді, жұмбақтарды қолдануы балалардың қиялын шарықтатады. Білімді меңгерту үстінде баланың ойлау қабілеті ұштасады [3].

Білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейкесті мәселелерінің бірі – білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру, жас ұрпақтың тұлғалық ойлауын дамыту болып табылады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Әбдікәрімұлы Б., Сарбасова Қ.А. Ж.Баласағұни педагогикасы. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. - 124 б.

2. Макаренко А.С. Сочинения. Т.5.2-изд.- М.: Педагогика, 2012. - 519 с.

3 Ушинский К.Д. Педагогические сочинения. – М.: Педагогика, 2008.- 372 с.

**Сарбасова К.А., Асаинова Г.Б.**

#### **ОСОБЕННОСТИ ВОСПИТАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ**

*В статье автор подчеркивает, что воспитание поколения на сегодняшний день является одной из главных проблем. Проводит анализ ценностей в образовании и воспитании младших школьников, углубляясь в их сущность и значение. На сегодняшний день важно обучать и воспитывать учащихся на цивилизованной основе на мировом уровне, формировать национальные ценности.*

**Sarbassova K.A., Assainova G.B.**

## **FEATURES OF THE UPBRINGING OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS**

*In the article, the author emphasizes that today's education of the generation is one of the main problems. Analyzes values in the education and upbringing of Primary School students, delving into the meaning and meaning of them. He stressed that today it is important to educate and educate students on a civilized basis at the world level, to form national values.*

**ӘОК 373.51**

**Сарбасова К.А., Шомакова А.О.**

«Bolashaq» Академиясы, Қарағанды  
Қазақстан Республикасы,  
shomakova88@mail.ru

## **САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Бұл мақалада оқытуда саралап оқыту технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылығын дамыту баяндалған. Сонымен бірге, технологияның принциптері жағдайында өздігінен даму бағдары анықталып дамитын және өздігінен дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, өзін-өзі тәрбиелеуші тұлға қалыптастыруға болатындығы және саралап оқыту технологиясымен оқушылардың орындаған тапсырмалары олардың оқудағы жетістіктері мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік беретіндігі туралы айтылған.*

Бастауыш мектеп шығармашылық ойлауға дайындықта үлкен роль атқарады. Дәл бастауыш мектеп жасында психологиялық іскерлік негізі жатыр. Осы кезде елестету мен фантазия, шығармашылық ойлау, әдістік, құбылыстарды бақылау және анализдеу қалыптастырылады, салыстыру, фактілерді біріктіру, қорытынды жасау, іскерлікті, белсенділікті практикалық бағалау. Қызығушылықтар мен қабілеттер бірге не дифференциалана бастайды, шығармашылық негіздегі талаптар қалыптаса бастайды.

Бұндай жағдайда біз баланың өздігінен ойлау қасиетінің, интуициясының, білімінің негізінде жасалған шығармашылық ойлаумен жұмыс істейміз. Бұнда стандартты емес есептеуді шығару қабілеті қалыптасатын психологиялық іскерлік механизмі ерекше орын алады.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық ойлауының ойдағыдай қалыптасуы ұстаздың балалық ерекше қабілеттерін, шығармашылық ойлауда орталық есептерді шығара алуын байқауы негізінде іске асады.

П.Б.Блонский балалардың шығармашылығының басты қасиеттерін көрсетіп берді. Олар: баланың олап тапқаны қызық емес бала оғансын көзбен қарай алмайды, бала өзінің аз қиялының құлы; балалық шығармашылық ойлауының басты факторы – оның тәжірибесі болып табылады: шығармашылық елестетулер адамның тәжірибелерінің байлығын, дамуының түрлілігіне тәуелді. Осыдан келіп бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық ойларының қалыптасуының басты және бірінші міндеті шығады. Оқушылардың математикалық есептерді шығармашылықпен шығару қабілетін қалыптастыру үшін ең алдымен оларда математикалық көзқарасын, елестеу үшін сезімтал негізді құру қажет [1].

Оқушылардың шығармашылық ойлауының басты ерекшелігі – бала өз шығармашылығының өніміне сын көзбен қарамайды. Баланың ойы ешқандай идеялармен, критерийлермен, талаптармен бағытталмайды, сол себепті ол – субъективті.



Шығармашылық ойлаудың дамуы атқарушылық қабілеттер мен білімдердің қалыптасумен біртұтас. Оқушылардың білімдері мен қабілеттері неғұрлым жан – жақты, жетілген болса, олардың соғұрлым қилы бай, ойлағандары шындыққа жанасады, соғұрлым балалар қиын математикалық есептерді тез шығарады.

*В данной статье авторы рассматривают проявления дружеских отношений детей пяти лет (симпатия, дружба, эмпатия, отзывчивость). Акцентируют внимание на педагогические условия формирования дружеских взаимоотношений детей предшкольной группы.*

Доброжелательные взаимоотношения отношения между детьми пяти лет перерастают в дружеские отношения, которые носят близкий, избирательный характер, охватывают ограниченный круг детей 2 – 4 человека.

У детей 5 лет проявления чувств становятся более яркими и относительно устойчивыми. Им доступно понимание чувств других людей, они умеют сопереживать, сострадать, сочувствовать. У детей намечается понимание дружбы как особой формы взаимоотношений. Большое значение в этом возрасте имеют нравственные качества сверстников, дети начинают оценивать друг друга по поступкам, особо ценится умение играть в коллективе. Дети ценят и берегут дружбу, готовы защищать свои отношения, ревниво следят за своим сообществом.

Но дружба в дошкольном возрасте имеет свои психологические особенности: с одной стороны, это крайняя эмоциональность и искренность переживаний, а с другой – недостаточная осознанность мотивов дружбы. Чаще всего дружба возникает в результате внешних обстоятельств: внешний вид ребенка, наличие у него интересных игрушек,

проживание в одном доме и тому подобное. Эти отношения приобретают более глубокий и устойчивый характер в совместной деятельности: появляются привязанность, чувство симпатии и тяготение друг к другу, стремление сделать приятное другу, готовность помочь, защитить, поделиться сокровенным, желанным, иногда даже в ущерб личным интересам [1].

На основе анализа исследований, можно выделить компоненты общения.

Эмоциональная отзывчивость, способность к сопереживанию, эмпатия составляют эмоциональный компонент.

Когнитивный компонент подразумевает процесс личности по познанию окружающих людей, стремление понять их точку зрения, предположение их поведения в коммуникативных ситуациях, на основе чего пытаться решать коммуникативные проблемы.

Сотрудничество в совместной деятельности, коммуникативная инициативность личности, адекватность в общении и организаторские способности можно отнести к поведенческому компоненту.

Перечисленные компоненты составляют в совокупности коммуникативную культуру личности. Данный термин отражает систему знаний и навыков соблюдения общественных норм и правил поведения.

Период дошкольного детства представляется комфортным и благоприятным для формирования коммуникативных умений, что определяется его сензитивностью. Условия данного возрастного периода являются уникальными для развития коммуникативных умений.

При всем многообразии и разнородности проблем воспитания и обучения детей дошкольного возраста вопросы формирования коммуникативных умений с точки зрения социальных ожиданий, должны занимать важное место в системе воспитания.

С раннего возраста дети вступают в социальные отношения, культуру, через усвоение норм и правил поведения, принятие образцов взаимодействия, через усвоение знаний, ценностей и навыков общения, что формирует коммуникативную культуру личности.

Дружеские проявления, которые формируются у детей в коллективе, чаще всего возникают на основе игровых интересов, дружба может возникнуть также в связи с симпатией и уважением, которые питают дети друг к другу или по причине сходства и различия характеров, обеспечивающих интересное разнообразие в играх.

У детей 5 лет чаще встречается дружба парами. Она отличается длительностью и глубиной симпатии, может длиться один – два года и даже больше [2].

Между детьми 5 лет проявляются первые ростки дружбы, умение видеть в партнере не только его ситуативные проявления, но и некоторые внеситуативные, психологические аспекты его существования – его желания, предпочтения, настроение. Дошкольники уже не только рассказывают о себе, но и обращаются с личными вопросами к сверстнику: что он хочет делать, что ему нравится, где он был, что видел. У детей 5 лет условно можно выделить несколько форм дружеских взаимоотношений.

Высокий уровень развития дружеских отношений характеризуется чувством взаимной симпатии, общим устойчивым интересом к играм определенного содержания. Дети самостоятельно договариваются в процессе игры, проникаются интересами товарищей, а поэтому не конфликтуют, умеют самостоятельно решать спорные вопросы. В повседневной жизни такие дети внимательны к настроению и состоянию товарища, умеют ограничивать свои желания, чтобы сделать приятное другу. Их представления о дружбе совпадают с реальными фактами их поведения и поступков.

Первые дружеские связи возникают и протекают в игре. Главный источник возникновения симпатии, а затем и дружбы – общий интерес к игре. В обществе сверстников дети оживляются, становятся активнее, самостоятельнее, инициативнее. В

играх детей дошкольной группы глубже отображаются явления общественной жизни, трудовая деятельность взрослых. Ребята воспроизводят не только непосредственно увиденное, но и то, о чем узнали из рассказов и книг, фильмов [3].

Среди мотивов побуждающих детей к дружбе удовольствие от общения в игре занимает первое место. Характерен интерес к тому детскому обществу, в котором протекают их игры. Ребенку совсем не безразлично, с кем конкретно он будет играть, напротив, интерес детей рано становится избирательным.

Но в игре естественная потребность ребенка к общению со сверстниками часто наталкивается на не умение контактировать, согласовывать свои действия с действиями товарищей. Происходит внутренняя борьба между стремлением, например, за лучшую игрушку, и желанием объединиться с товарищем в общей игре. Чтобы остаться равноправным членом игрового коллектива, нужно уметь уступать. Если дети охотно уступают, отказываются от личных желаний ради общего интереса, это свидетельствует о положительном влиянии дружбы на личность ребенка, на его поведение и поступки. Возникнув в игре, дружба охватывает и другие сферы жизни дошкольника.

Специфика потребности в общении, по мнению М.И. Лисиной, состоит в стремлении к познанию и оценке других людей, а через них – к самопознанию и самооценке. Потребность в общении не надстраивается над врожденными органическими нуждами и не вытекает из них, это не корыстная нужда в полезном человеке, который обслуживает и обеспечивает физическую безопасность, а качественно новая духовная потребность в другом. Само стремление в познании и оценке других людей, а через них и самого себя выводится из необходимости в совместной деятельности: «...для эффективного совместного действия важно, чтобы участники группы хорошо знали и правильно оценивали и себя и своих товарищей. Это обстоятельство и определяет возникновение у них потребности в познании и оценке друг друга и самих себя» [4].

В любой дошкольной группе всегда есть дети, которые крайне редко выбираются сверстниками, либо вовсе остаются не востребованными. С возрастом показатель стабильности общения в структуре эмоциональных взаимоотношений сверстников возрастает. Экспериментальные данные свидетельствуют (Дж. Морено) о большей устойчивости благоприятного положения по сравнению с неблагоприятным.

У детей с благоприятными статусами («звезда», «предпочитаемый», «принятый»), по мнению Т.В. Сенько, чаще наблюдается положительное отношение к сверстникам и тенденция к доминированию. Для детей с неблагоприятным положением («пренебрегаемые», «изолированные») в большей степени характерна тенденция к подчинению [5].

Экспериментально установлено (Т.В. Сенько), что в организованных возрастных группах детей дошкольного возраста имеются относительно устойчивые объединения небольших по составу групп детей (от 2–3 до 5–6 человек), возникающие по их же инициативе. Такие группы объединяются на основе общения в совместной деятельности, на основе общности их интересов, взаимных симпатии и т.д. [5, 59].

Полученные результаты дают основание считать, что ни уровень общительности, ни степень инициативности сами по себе не обеспечивают популярность ребенка в группе. Популярны, как и непопулярны дети могут иметь как высокий, так и низкий уровень общительности и инициативности. Вместе с тем надо отметить, что популярные дети находятся на средних позициях общительности и популярности, а непопулярные тяготеют к крайним проявлениям.

Детей 5 лет все чаще привлекают к коллективному элементарному труду, и усвоение ими правил, характеризующих взаимоотношения в процессе работы: начиная работу, договориться с товарищами, будь внимателен, замечай, кому надо помочь, вместе сделайте лучше и быстрее, помоги сам, не жди, чтобы тебе об этом напоминал

воспитатель; если тебе трудно попроси кого-нибудь из ребят помочь тебе; не мешайте друг другу выполнять общее дело.

Кроме того, Т.В. Сенько отмечает, что следует подчеркивать правильное выполнение правил, одобрить старательность, моменты взаимопомощи.

В дошкольном возрасте возникает содержательное, активное взаимодействие ребенка со сверстниками, у ребенка формируются умения сообща играть, познавать, трудиться. В процессе общения с окружающими людьми в различных видах детской деятельности, ребенок знакомится с правилами поведения, оценками и суждениями об этих правилах.

Беседы на личностные темы для ребенка – основной источник сведений о нормах нравственности и оценках реальных поступков его собственных и других людей. Ориентация на пример взрослого становится основой восприимчивости к воспитательным воздействиям взрослого и благоприятствует быстрому и прочному усвоению его наставлений [6].

Т.А. Маркова подчеркивает, что для повышения детских дружеских взаимоотношений важно организовывать специальные педагогические ситуации, способствующие формированию доброжелательной направленности на сверстников. При этом необходимо придавать большое значение наличию широкой эмоционально-положительной атмосферы в группе, созданию обстановки радости от общения детей друг с другом. Важным условием является необходимость установления воспитателем совместно с детьми норм и правил товарищеского поведения ребенка в игре и выполнения их, независимо от содержания и хода игры [7].

Так, в работе по формированию у детей 5 лет дружеских взаимоотношений важно создать педагогические условия, которые бы расширяли круг переживаемых детьми ситуаций, отношений. В результате дошкольники начинают самостоятельно строить свои отношения, руководствуясь усвоенными нравственными нормами и теми способами поведения, которые они применяли в ситуациях, которые организует взрослый.

#### **Список использованных источников:**

1 Аржанова А.И. Чувство дружбы у детей дошкольного возраста. Ученые записки Андиганского педагогического института. – Т.6. – М., 2017. – 155 с.

2 Козлова С.А., Куликова Т.А. Дошкольная педагогика: Учеб. пособие для студентов сред. пед. заведений. – М.: «Академия», 2000. – С. 163.

3 Бариленко Н.Б. Становление взаимоотношений у старших дошкольников в совместной деятельности // Вопросы психологии. – 2012. – № 4. – С. 24-29.

4 Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения. – М.: Педагогика, 2017. – С. 30–44.

5 Сенько Т.В. Статус ребенка в группе детского сада // Вопросы психологии, 2017. – № 1. – С. 56-62.

6 Булатова А.В. Развитие и воспитание дружеских взаимоотношений в подготовительной группе детского сада: дис. канд. пед. наук. – Л., 2018. – 186 с.

7 Маркова Т.А. Формирование коллективных взаимоотношений детей старшего дошкольного возраста. – М.: АСТ, 2017. – 180 с.

**Таликова Г.Т., Бородина Т.В.**  
**5 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА ДОСТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ**  
**ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Бұл мақалада авторлар бес жасар балалар арасындағы достық қарым-қатынастың көріністерін (жанашырлық, достық, эмпатия, жауап беру) қарастырады. Олар мектепалды даярлық тобының балалары арасында достық қарым-қатынасты қалыптастырудың педагогикалық шарттарына тоқталады.*

**Talikova G.T., Borodina T.V.**  
**FEATURES OF FORMATION OF FRIENDLY RELATIONSHIPS IN CHILDREN 5**  
**YEARS OLD**

*In this article, the authors consider the manifestations of friendly relations among five-year-old children (sympathy, friendship, empathy, responsiveness). They focus on the pedagogical conditions for the formation of friendly relations among children of the pres*

ӘОК 316.6

**Тоқжанова А.Б., Досполова А.К., Әбен С.Қ.**  
КеАҚ"Қарағанды медициналық университеті" бірінші курс студенттері  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
abenovasabina36@gmail.com , i.ayazhan25@gmail.com , dospolova@qmu.kz  
Ғылыми жетекшісі тарих магистрі, ассистент профессор Әли М. Т.

**МЕЙІРГЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ КҮЙЗЕЛІСІ**

*Мақаламызда эмоционалды стресс және әртүрлі ауытқулар жайлы анықтамалар берілген. Әсіресе мейіргерлердің өмірге құлшынысының азаюы, өздеріне деген сенімсіздіктің басталу жолдары, науқастардың алдында сезінетін жауапкершілікті денсаулығынан жоғары бағалау сынды өзекті мәселелерді көтереді.*

**Тірек сөздер:** мейіргер, күйзеліс, кәсіби шаршау, моральдық сарқылу.

Мейіргерлер денсаулық сақтауда маңызды рөл атқарады. Бірақ олардың күнделікті жұмысында немесе оқыту мен сертификаттаудан өтуде мүмкіндігі аз. Мейіргердің стандартты дайындығын дайындауда лицензиялау кеңесінде стандарттан өтуінде дәрігерлердің дауысы маңызды. Жұмыс кезінде ең төмен дәрежелі дәрігер тәжірибелі мейіргерге бұйрық бере алады, яғни мейіргер дәрігердің нұсқауларын орындауы тиіс. Соған орай, қазіргі уақытта еңбек белсенділігінің қарқыны мен қарқындылығының артуы жағдайында тұрғындарға медициналық көмек көрсетуге қызметкерлердің жұмыс сапасы үшін де, олардың кәсібилігі үшін де жоғары талаптар қойылуда, бұл жүктеме медициналық мекемелердің қызметкерлеріне эмоционалды жағдайдың жоғарылауына әкелуде. Медициналық тәжірибеде қызметкерлердің денсаулық жағдайын мекеме жұмысының сапасын бағалаудың маңызды факторларының бірі ретінде қарастыру үрдісі артып келеді, бұл өз кезегінде эмоционалды «шаршау» мәселесін зерттеу қажеттілігін тудырады. Медицина қызметкерлері, олардың кәсіби деформациялары, сондай-ақ олардың алдын алу және түзету үшін арнайы бағдарламаларды әзірлеу болып табылды.[1]

Эмоционалды күйзеліс – жұмыс орнындағы созылмалы стресс нәтижесінде дамиды. Эмоционалды, психикалық, физикалық шаршау жағдайы; бұл таңдалған психо-травматикалық әсерлерге жауап ретінде эмоцияларды толық немесе ішінара жоққа шығару түріндегі психологиялық қорғаныс механизмі; эмоционалды күйзеліс

көбінесе кәсіби мінез-құлықтың қалыптасқан стереотипі. Эмоционалдық күйзеліс жағымсыз эмоциялардың олардан тиісті «разрядсыз» немесе «босатусыз» ішкі жинақталуы нәтижесінде пайда болады. Эмоционалдық күйзеліс синдромының жоғары қауіпі бар мамандықтардың бірі мейіргер мамандығы. Олардың жұмысы қамқорлық пен көңіл бөлуді қажет ететін әртүрлі аурулардан зардап шегетін адамдармен күнделікті тығыз қарым-қатынасты қамтиды. Жағымсыз эмоциялармен бетпе-бет келген мейіргер еріксіз көнеді, нәтижесінде оның өзі эмоционалды күйзелістің жоғарылауын сезіне бастайды.

Мейіргерлердегі кәсіби шаршау синдромы хирургиялық дәрігерлерге қарағанда тезірек орын алады, орта есеппен 5-9 жылда пайда болады. Сондықтан да дәл осы кәсіп күйзелістің көздерінің бірі болып табылады, өз қызметінің субъектісінің мазмұнына үнемі қарқынды ой жүгіртуді қажет етеді. 1997 жылы отбасы және жұмыс институтының зерттеулерінің нәтижесі бойынша, мейіргер қызметкерлерінің 42%-ы күннің соңына қарай әбден шаршау, күйзеліс сезімдерін сезінетінін, 80%-ы жұмыс тым көп күш пен уақытты қажет ететінін және 65%-ы жұмысының қарқыны өте жоғары әрі қиын екенін сезінетінін анықтады. [2]

Эмоционалдық күйзеліс қауіпі бар мейіргерлердің үш түрі:

1. «Педантикалық» - абсолютті, шектен тыс жұмыс істеу, дәлдікке ұмтылған, ар-ождандықпен, кез келген істе үлгілі тәртіпке жетуге ұмтылатын (тіпті өзіне зияны тиседе) адам типі сипатталады;

2. «Демонстративті» - мұндай адамдар барлық жағынан жоғары болуға тырысатын, әрқашан бәрінің көз алдында болуға ұмтылатын; сонымен қатар ұсақ түйек істерді атқарудың өзінде, үлкен деңгейдегі шаршау түрімен сипатталады;

3. «Эмотивтік» - оған әсерлі және сезімтал адамдар жатады; олардың сезімталдығы, басқа біреудің ауырсынуын өзінікіндей қабылдауға бейімділігі, патологиямен, өзін-өзі жоюмен шектеседі.

Кәсіби эмоционалдық күйзеліс қауіпін арттыратын мейіргердің кәсіби іс-әрекетіндегі эмоционалдық реакциялардың бірнеше түрлерге жіктеуге болады. Науқасқа қажетті медициналық көмек көрсету уақытын таппағаны үшін өзін-өзі басқалардың және іштей өзінің алдында кінәлі санау, жұмыстың нәтижесі сіз қалағандай болмағанына ұят санау, мейіргердің еңбегін бағаламаған әріптестеріне және науқастарға ренжуі және мейіргердің әрекетін әріптестері мен пациенттері түсінбеуі мүмкін деп қорқу.

Ал мейіргерлердің жұмыс барысындағы ұйымдастырушылық факторлары бұл олардың моральдық күйіне әсеріне үлкен әсерін тигізеді. Олардың бірі, мейіргердің жұмыс жағдайы белгілі бір ерекшеліктермен ерекшеленуі, яғни бұл эмоционалдық күйзеліс синдромының қалыптасуы үшін үлкен себеп болуы мүмкін. Ауыр жұмыс жүктемесі және тәулік бойы жұмыс істеу эмоционалдық күйзелістің дамуының жетекші кәсіби факторлары. Науқастардың стандартты санынан асып кетуі, қағаз бастылық жұмысының көптігі, жұмыс орындарының техникалық жабдықтарының төмендігі, шаршау мен жүйкені қоздыру себептері. Сондай-ақ, мейіргерлер көбінесе көздің шаршауын, тірек-қимыл аппаратының шамадан тыс жүктемесінен екенін атап өтеді. Медицина қызметкерлерінің көпшілігінде тұрақты емес жұмыс уақыты, лауазымдарды біріктірумен немесе қосымша кәсіби жүктемемен байланысты қосымша жұмыс бар. Егер жұмыстан тыс қызығушылықтар болмаса, жұмыс өмірдің басқа аспектілерінен пана болса және кәсіби қызмет толығымен сіңірілсе, эмоционалдық қауіп артады. [3]

Эмоционалдық күйзеліске ұшырау алдын оның белгілеріне тоқталсақ:

1. Шаршау - эмоционалдық және физикалық ресурстардың шамадан тыс жүктелу және сарқылу сезімі, түнгі ұйқыдан кейін кетпейтін шаршау сезімі.

2. Жеке бас тарту – пациентке қызығушылықтың жоғалуы, ол жансыз зат деңгейінде қабылданады, оның болуының өзі кейде жағымсыз.

3. Өзінің тиімділігін жоғалтуды сезіну - эмоционалды шаршаудың бір бөлігі ретінде өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, жұмысқа қанағаттануының төмендеуі, адам өзінің кәсіби қызметінде перспективаларды көрмейді.

Кәсіби күйзеліс - бұл өте жеке процесс, сондықтан симптомдар бір уақытта және әртүрлі ауырлық дәрежесімен пайда болады. Кәсіби күйзелістің алғашқы белгілеріне мыналар жатады: жалпы шаршау сезімі, жұмысты ұнатпау, жалпы түсініксіз мазасыздық сезімі. Көбінесе мейіргердің ойынша, қызметкерлер мен пациенттер онымен сөйлескісі келмейді деген сенімде болады. Кәсіби шаршау еңбек нәтижелерін, адамның физикалық және эмоционалды әл-ауқатын нашарлатып қана қоймайды, сонымен қатар жиі отбасылық жан-жалдарды, қарым-қатынастардың бұзылуын тудырады. Науқастармен өткізілген эмоционалды күннен кейін мейіргер біраз уақытқа барлығынан алыстау қажеттілігін сезінеді және бұл жалғыздыққа ұмтылу әдетте отбасы мен достарының есебінен жүзеге асырылады. Ол жұмысты аяқтаған кезде «жұмысқа байланысты мәселелерді үйге апаруы» сирек емес және қызметкердің рөлінен ана, әйел, дос рөліне ауыспайды. Сонымен қатар, пациенттермен қарым-қатынас жасаудың жалпы психикалық шамадан тыс жұмысына байланысты мейіргер жақындарының кейбір басқа мәселелерін тыңдай және қабылдай алмайды, бұл түсініспеушілік, реніш тудырады және жиі жан-жалдарға, отбасылық қауіпке дейін әкеледі. Созылмалы шаршау, когнитивті дисфункция (есте сақтау, зейіннің нашарлауы, ұйқының бұзылуы) тұлғаның өзгеруі байқалады. Мүмкін, мазасыздықтың дамуы, депрессиялық бұзылулар, психоактивті заттарға тәуелділік, суицид. Мейіргерлердегі кәсіби стресстің өте ауыр зардаптарының бірі соматикалық аурулардың пайда болуы немесе айтарлықтай өсуі болып табылады. Негізсіз жиі бас ауруы, қан қысымының жоғарылауы, жиі өткір респираторлық инфекциялар эмоционалды бұзылулардың соматикалық эквиваленттері болуы мүмкін.

Кезеңдері:

1. Кәсіби күйзелістің бірінші кезеңінде адам эмоционалды және физикалық тұрғыдан шаршайды және бас ауруы мен жалпы бұзылуларға шағымдана алады.

2. Кәсіби күйзелістің екінші кезеңінде мейіргер өзі жұмыс істейтін адамдарға теріс және жеке тұлғалық емес көзқарасты қалыптастыруы мүмкін немесе пациенттердің оны тудыратын тітіркенуіне байланысты өзі туралы жағымсыз ойлар болуы мүмкін. Бұл жағымсыз эмоциялардан аулақ болу үшін ол өзіне қарайды, аз ғана жұмыс жасайды және ешкіммен ұрысқысы келмейді. Шаршау және әлсіздік сезімі тіпті жақсы ұйқыдан немесе демалыс күндерінен кейін де байқалады.

3. Кәсіби күйзелістің үшінші кезеңі - бұл дүниедегі барлық нәрсеге толық жиіркенішпен қарайды, жиі анықталмайтын толық кәсіби күйзеліс. Мейіргердің өзіне және бүкіл адамзатқа реніші. Өмір оған қолжетімсіз болып көрінеді, ол өз эмоцияларын білдіре алмайды және зейінін жинақтай алмайды.

4. Эмоционалды күйзелудің алдын алу.

5. Эмоционалды күйзелістің алдын алу келесі бағыттарды қарастырады:

6. Тиімді қарым-қатынас стильдері мен қақтығыстарды шешу әдістеріне үйрету;

7. Релаксация әдістеріне оқыту (релаксация) - бұлшықеттердің прогрессивті релаксациясы, аутогендік жаттығулар, өзін-өзі гипноздау, медитация;

8. Нәтиже үшін жауапкершілікті науқаспен бөлісу мүмкіндігі;

9. Ұжымдағы жақсы климат, әріптестер мен әкімшілік тарапынан адекватты эмоционалды қолдау сезімі, қауіпсіздік сезімі, жұмыстағы күйзеліспен байланысты мәселелерді құпия түрде талқылау мүмкіндігі;

10. Кәсіби қызметпен байланысты емес басқа да қызығушылықтарды дамыту;

11. Денсаулықты сақтау, ұйқы мен тамақтануды қадағалау.[4]

Қорытындылай келе, медициналық қызметкерлердің әсіресе мейіргерлердің эмоционалды құлдырау мәселесін өз бетінше шешуге әрдайым мүмкіндігі бола

бермейтінін атап өту маңызды — көбінесе клиниканың жұмыс уақыты мен кеңістігінің нашар ұйымдастырылуына байланысты әсер ету қаупі артады. Сондықтан, жұмыс беруші өз қызметкерлерінің сұраныстарына қызметкердің өзі психологиялық қажеттіліктерін белгілейтін жүйелілікке назарын аударуы керек. Әрине, медициналық көмек көрсету орталықтарының ресурстары шектеулі, бірақ жұмыс уақытын дұрыс ұйымдастыру, міндеттерді біркелкі бөлу, қызметкерлерді мекеме үшін қол жетімді түрде ынталандыру жайлы ақпараттық кеңістіктер ұйымдастыру - мұның бәрі қазіргі заманғы ауруханалар үшін болуы өте маңызды. Дәрігер мен ұйымның жеке күш-жігерінің жиынтығы ғана эмоционалды құлдырау даму қаупінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Алайда, мен пациенттердің назарын жағдайға аударғым келеді. Әрине, әрқайсымыздың сапалы медициналық көмек алуға құқығымыз бар, бұл құқықты қорғауға және қорғауға тұрарлық. Алайда, егер біз пациенттер ретінде біз сияқты түсіністік пен дұрыс, сыпайы қарым-қатынасты қажет ететін тірі және сезімтал адамдар бізге көмектесетінін ұмытпасақ, бұл өте жақсы, және де біздің жұмыс жасау сапамыз жақсарып, жоғарылайды.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Бринкерхоф Д., Уейтс Р., Ортега С. Медбикелердің қазіргі мәртебесі// *Әлеуметтану негіздері*. 2018. 301-302 бб.
2. Лазарева Л.А., Коннова Т.В. Особенности синдрома эмоционального выгорания у медицинских сестер// *Известия Самарского научного центра Российской академии наук*. том 16, №5 (4), 2014 С. 1514-1516.
3. <http://old.cema.uco62.pf/naucno-popularnye/nevrologia/sindrom-emocionalnogo-vygorania-v-rabote-medicinskih-sester>
4. <https://psy.su/feed/4712/>

**Токжанова А.Б., Досполова А.К., Әбен С.Қ.**

**ЭМОЦИОНАЛЬНОЕ ВЫГОРАНИЕ У МЕДРАБОТНИКОВ**

*В статье рассматриваются проблемы эмоционального выгорания медицинских работников, такие как снижение энтузиазма по отношению к жизни, неуверенности в себе, ответственности по отношению к пациентам.*

**Ключевые слова:** *медработник, стресс, профессиональное выгорание, моральное истощение.*

**Tokzhanova A.B., Dospelova A.K., Aben S.K.**

**EMOTIONAL BURNOUT OF NURSING STAFF**

*The article deals with the problems of emotional burnout of nursing staff, such as a decrease in enthusiasm for life, self-doubt, responsibility towards patients.*

**Key words:** *nurse, stress, professional fatigue, moral exhaustion.*



**Траева Б.К., Мыктибаева Ж.Ж.**  
«№18 ЖББМ» КММ, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

## **САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ – МҰҒАЛІМДЕРДІҢ БІРЛЕСКЕН РЕФЛЕКСИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ**

*Бұл мақалада мұғалімдердің бірлескен рефлексиялық педагогикалық тәжірибесі, зерттеудің әдіс-тәсілі, сабақты зерттеу тобының келесі қадамдары қарастырылған.*

Сабақты зерттеу барысында қалыптасқан деректерді жинау, талдау және қайта қарау дағдылары мен әріптестер арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастар мектептегі оқу ортасын жақсартуға оң ықпалын тигізеді. Бұл жаңа педагогикалық тәсіл Қазақстан мұғалімдері үшін белгілі бір дәрежеде серпіліс болды деуге болады. Белсенді және жаңашыл ұстаздар өз тәжірибесін жетілдіру үшін сабақты зерттеуді ұйымдастыру мен іске асыруды қолға ала отырып, өздерінің мектептегі әріптестерін де осы үдеріске тартты. Қазақстандық мұғалімдерге сабақтарды бірлесіп жоспарлауды, сабақты бақылау мен рефлексиялық талқылауды үйретудің маңызы аса зор болды. Бұл ретте мұғалім үшін психологиялық аспекті те маңызды болды: сабақ жоспарын бірлесе дайындау сабақ беру барысында әріптестердің немесе мектеп әкімшілігінің сынына ұшырау қаупін азайтады және әріптестер арасындағы кәсіби қарым-қатынасты бұрынғыдан да жақсартады. Мұғалімдер өз тәжірибесін жақсарту үшін пайдалы және оқуға оң ықпал ететін нәрселер қолданысқа алынуы тиіс екенін есте ұстауы керек. Олардың осы тәсілді өз білгенінше өзгертуге және жетілдіруге мүмкіндіктері болуы керек [1].

### ***Зерттеудің әдіс-тәсілі қандай мәселелерді қамтиды?***

Әртүрлі теорияларды қолдану оқыту тәжірибесінде өте маңызды болып саналады. Менің ойымша, оқыту мен оқу барысына жиі қойылатын екі түйінді сұрақ бар.

Бірінші сұрақ – Балаларға не керек? Оқу барысында қандай бос аралықты жіберіп алатынымызды анықтау керек. Сонымен бірге оқушылардың бастауыш білімін белгілей отырып, олардың біздің оқытуға дейінгі әрекетімізді де білгені дұрыс.

Екінші сұрақ – Біз оқушыларды қалай қолдауымыз керек? Мұндай жағдайда оқыту барысында біз мұғалімнің әрекетін емес, нәтижесінде оқушылардың қандай білім алғанын қадағалауымыз керек. Біз үшін оқушы дауысын тыңдау, оны тығырықтан алып шығу өте маңызды, өйткені бұл арада соңғы өнім мен бағаны шоғырландыруға тиіспіз. Кәсіби тәжірибем сабақты зерттеу қатты әсер етті, бұл менің өмірімді, жұмысымды қайта өзгертуге ықпал етті, оқыту мен оқу туралы білмейтін көп жайттарды түсінуге көмектесті [2].

Сабақты зерттеу (Lesson Study) әдісінің өз тәжірибемізден туындаған төмендегідей негізгі ұстанымдарына тоқталған орынды:

- сабақ беру барысында туындаған қандай да бір өзекті мәселені (теориялық, әдістемелік немесе қарым-қатынас саласындағы проблеманы) шешу мақсатында сабақты бірлесе жоспарлау,
- сабаққа қатысу барысында оқушылардың үйрену әрекеттерін бақылау, олардың жетістіктері мен қиындықтарын айқындау,
- оқушылармен сабақтан кейін (сабаққа дейін де болады) сұхбаттасу арқылы олардың мұң-мұқтаждарын, сұраныс-тапсырыстарын анықтау, оларды сабақ барысында ескеру, жүзеге асыру,
- сабақтан кейінгі талқылауда оқушыларды бақылау мен сұхбаттасу нәтижелерін қолданып, сабаққа жағымды өзгерістер енгізу, сабақ жоспарын жақсарту.

Алдымен мұғалімдер өзін-өзі басқарып, өз әлеуеттерін өздігімен дамытатын орта қалыптастырады. Осылайша Сабақты зерттеу топтарын тоқтаусыз, үздіксіз, тұрақты түрде өзін-өзі реттейтін, өзін-өзі дамытатын мектептің негізгі құрамдас бөліктеріне айналдырған дұрыс. Мүмкіндігінше, барлық мұғалімдерді осы топтардың жұмысына қатыстырған абзал болар еді. Мұндай жұмыс мұғалімдердің сабаққа дайындалу және сабақты бақылау мәдениетінің жақсаруына алып келетіндігі даусыз. Мәселен, бұрынырақта мұғалімдер сабаққа «түнде, үйде, жалғыз» форматында дайындалса, енді олар сабақ жоспарларын «күндіз, мектепте және бірлесе» форматы ауқымында дайындайды. Қазіргі күні көптеген мектептер осы қағиданы ұстанып, сабақ жоспарларын бекітуді әр күннің кешіне қалдыруда: мұғалімдер директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына бекіту үшін өздерінің бірлесе құрастырған сабақ жоспарларын ұсынады [2].

Сабақты зерттеу тобының жұмысын келесі қадамдар бойынша ұйымдастыруға болады:

### **I. Сабаққа дейін.**

- 1) Сабақты зерттеу тобын құру.
- 2) Сабақты зерттеудің мақсатын және күтілетін нәтижелерді айқындау.
- 3) Таңдалған проблема ауқымында коучинг өткізіп, мәселенің теориялық мазмұнын ашу, мүмкін шешімдерін таңдау.
- 4) Сабақты бірлесе жоспарлау.
- 5) Бақыланатын оқушылар мен шағын топтарды, бақылау барысында және сұхбаттарда қолданылатын құралдарды таңдау.
- 6) Оқушылардан сабаққа дейін сұхбат алу (бұл қадам міндетті емес).
- 7) Оқушылардан алынған сұхбат негізінде сабақ жоспарына өзгертулер енгізу (егер оқушылардан сабаққа дейін сұхбат алынбаса, бұл қадам да қолданылмайды).

### **II. Сабақ кезінде.**

- 8) Зерттеу сабағының барысында.

### **III. Сабақтан кейін.**

- 9) Оқушылардан сабақтан кейін сұхбат алу.
- 10) Сабақты талқылау, сабақ жоспарына өзгерістер енгізу, сабақ жоспарының жақсартылған нұсқасын дайындау [3].

Сабақты зерттеу топтарының жұмысы туындаған проблеманы шешу мақсатында кемінде топтастырылған үш сабақтық циклден құралуы керек, өйткені бір немесе екі сабақ ауқымында проблеманы шешудің объективті болуы екіталай. Сабақты зерттеу топтары жұмысының төмендегідей жақтарына назар аударуды жөн санаймыз.

**Біріншіден,** Сабақты зерттеу топтарының құрылуы мұғалімдердің өз еркі бойынша жүзеге асырылғаны дұрыс. Осы арқылы олардың өз жұмысының нәтижесіне деген жауапкершілігі артатыны анық. Мұнда Сабақты зерттеу топтарына қосылғысы келмейтін мұғалімдерді күштеуге болмайтынына назар аудару керек. Ондай педагогтермен басқаша жұмыс жүргізген орынды. Сабақты зерттеу топтарының тізімдерін мұғалімдер бөлмесінде ілудің тиімділігі туралы орынды ұсыныс жасайды. Мұнда әр топ мүшелерінің аты-жөні жазылған фотосуреттері ілінеді. Ал төменгі жақта Сабақты зерттеу топтарына қосылмаған мұғалімдердің тізімі жарияланады. Бірлесе жұмыс жасауға құлықсыз мұғалімдерге осылай жанама ықпал жасауға болады: оларды ұялтпай, ұрандап белсенділікке шақырмай, тек дүйім елден оқшау қалғандарын естеріне салып отырса, ондай педагогтер осы жағдайының ыңғайсыз әрі тиімсіз екендігі туралы ойланатын шығар.

**Екіншіден,** сабақты зерттеу топтары мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттырудың негізгі құралы болғандықтан, туындаған проблеманың теориялық мәселелерін зерттеп, оны шешудің амалдары мен тәсілдерін сабақтар топтамасы басталмай тұрып айқындау қажет. Осылайша мұғалімдер Сабақты зерттеу топтарында

теориялық ұғымдармен танысып, күнделікті тәжірибеде туындаған проблемаларды өз бетінше шешуге дағдыланады, яғни өздерінің кәсіби біліктілігін үнемі дамытып отырады. Бұл әрекет өзін-өзі дамытып, жетілдіріп отыратын құрылым жұмысына шолу сияқты болады.

**Үшіншіден**, оқушылар білім беру үдерісіне белсенді қатысуы үшін, оларды сабақты жоспарлауға қатыстыру керек. Ол үшін Сабақты зерттеу тобының мүшелері таңдап алған шәкірттермен сабаққа дейін сұхбаттасып, сабақтың қалай өтетіндігі туралы сұхбат алып, оны сұхбат парақтарына жазып алуына болады. Әрине, мұнда оқушыларға олардың пікірі сабаққа өзгерістер енгізу үшін қажет екендігі және олардың құпия болатындығы туралы айтылады [3]. Сұхбатты оқушының рұқсатымен видеоға түсіріп немесе диктофонға жазып алса да болады. Оның ұзақтығы 5-10 минуттай болғаны дұрыс. Мұндайда оқушылардың айтқандары, олардың ұсыныстары мен сұраныстары сабақты жоспарлағанда міндетті түрде ескерілуі тиіс. «Оқушы үні» ескеру арқылы мұғалімдер сабақтың қалай өтуі керектігі, қандай сабақтың тиімді болатындығы, нені және қалай оқу керектігі туралы көп мағлұмат алатындығы сөзсіз. Сабаққа дейін оқушыларға төмендегідей сұрақтарды қоюға болатын шығар: «Алдағы сабақтан не күтесіз? Не білгіңіз келеді? Осы тақырыптың ең басты ұғымдары қандай деп ойлайсыз? Осы сабақта қандай әдіс-тәсілдерді қолданған тиімді болады деп ойлайсыз? Топтарға қалай бөлу керек? Сіз кіммен бір топта отырғыңыз келеді? Сізге сыныпта кім жақсы көмектеседі? Сабақтың нәтиже «өнімі» қандай болуы керек деп ойлайсыз? Мұғалім болсаңыз, бұл сабақты қалай өткізер едіңіз?» және т.б.

Сабақты зерттеу топтарының жұмыс нәтижелерін қорытындылауды ықшамсабақтар көмегімен де жүзеге асыруға болады. Ол үшін каникул уақытында барлық Сабақты зерттеу топтарын бір уақытта бір жерге (мектептің үлкен дәлізіне, спортзал немесе мәжіліс залына) жинап, оларға жеребе бойынша өзекті бір проблеманы таңдауды міндеттеп, оны шешу мақсатында сабақ жоспарын құрастыруды ұсынған орынды. (Бұл жерде топтарға коучинг ұйымдастыруды да тапсыруға болады). Сабақты зерттеу топтары сабақ жоспарларын құрастырғаннан кейін, тақ нөмірлі топтар жұп санды топтарға барып, оларға өздері құрастырған сабақтарының 20 минуттық үзіндісін көрсетеді. Сабақ үзіндісі аяқталғаннан кейін екі топ бірігіп, 20 минут ауқымында сабақты талқылайды, сабақ жоспарына өзгерістер енгізеді. Талқылаудан кейін енді жұп нөмірлі топтар тақ санды топтарға барып, дәл осылай өз сабақтарының үзіндісін көрсетіп, талқылайды. Осы іс-шараның басынан аяғына дейін мектеп әкімшілігі мүшелерінен (немесе деңгейлі курсты аяқтаған тәжірибелі мұғалімдерден) құралған сарапшылар тобы әр Сабақты зерттеу тобының жұмысын бақылап, олардың қалай жұмыс жасап жатқандарын алдын ала белгіленген критерийлер бойынша бағалайды. Жұмыс соңында сарапшылар Сабақты зерттеу топтарының жұмысына талдау мен талқылауды ұйымдастырып, ықшамсабақтарды қорытындылап, мұғалімдерге кері байланыс береді. Осылайша 3-4 сағат көлемінде барлық Сабақты зерттеу топтарының жұмысын қадағалап шығуға болады [3].

Сабақты зерттеуде оқу мақсаттарын белгілеу, зерттеу сабақтарын жоспарлау, деректерді жинау, талқылау және қайта қарау үдерістерін мұқият жоспарлау маңызды. Сабақты зерттеудің осы ерекшеліктері білім беруді үздіксіз жетілдіру үшін қажет білімді, дағдыларды, тұлғааралық ресурстарды және ынтаны арттыратын оқыту тәсілдерінің тиімділігін арттырады. Сабақты зерттеу тәсілін қолданудың мақсаты тек сабақ жоспарларын жасауды жетілдірумен шектелмейді, бұл жалпы әлеуетті арттыруға: сыныпта және сыныптан тыс оқыту мен оқуды дамыту үшін қажет білімді, дағдылар мен ынтаны қалыптастыруға бағытталған.

Алдымен, мен жақсы оқытушының бойында болуы тиіс үш басты қасиет туралы айтар едім, мұны әрбір жас мұғалім білуі тиіс. **Бірінші** – бұл бірлескен оқу мен дамытуда оқушыларға көмектесуге деген ынта-ықыласы болуы керек. Бұл арада мұғалім өзін

мектепке не үшін, қандай мақсатпен келгенін түсінуі қажет. **Екінші** – мұғалімнің өз пәніне деген сүйіспеншілігі, адами қасиеттерді игеруі – жеке тұлғаға деген құрметі, қайырымдылығы, диалогқа дайындығы. Егер біз сапалы оқуға қол жеткізуді қаласақ, онда сабақты қалай өткізу керек, оқушылар білімді қалай алу керек, балалардың дағдысын қалай дамыту керек дегенді басты мақсат етуге тиістіміз.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Қабдықарімова Ж.Ж., Энтина И.Л. *Сабақты зерттеу тәсілін енгізу: қазақстандық тәжірибе/«Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журнал, 4 (22) 2017*
2. Байғаринова Ж.К. *Сабақты зерттеу (Lesson Study): А-дан Я-ға дейін: әдістемелік ұсынымдар. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.*
3. Әлімов А. *Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. – Алматы, 2015.*

**Траева Б.К., Мыктыбаева Ж.Ж.**

**ИССЛЕДОВАНИЕ УРОКА-СОВМЕСТНАЯ РЕФЛЕКСИВНАЯ  
ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА УЧИТЕЛЕЙ**

*В данной статье рассмотрен совместный рефлексивно-педагогический опыт педагогов, метод и подход исследования, следующие шаги исследовательской группы урока.*

**Turayeva B.K., Myktybayeva Zh.Zh.**

**LESSON STUDY-JOINT REFLEXIVE PEDAGOGICAL PRACTICE OF TEACHERS**

*This article discusses the joint reflexive pedagogical experience of teachers, the method and approach of research, the next steps of the lesson research group.*

УДК 93

**Трандина С.В.**

КГУ «Школа– центр дополнительного образования №51» Караганды,  
Республики Казахстан

**РЕАЛИЗАЦИЯ ТЕХНОЛОГИИ ПРОЕКТНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ  
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА УРОКАХ ИСТОРИИ**

*В статье рассматривается реализация технологии проектно-исследовательской деятельности на уроках истории, активная мыслительная деятельность, критическое мышление, поиск нового, стремление и способность к получению знаний.*

Учитель истории в современной школе поставлен в условия, когда с одной стороны необходимо заниматься обработкой навыков тестирования (проблема подготовки к ЕНТ), а с другой стороны - тематика уроков требует творческого подхода. Если добавить к тому, что часов по предмету в классах становится больше, то задача перед педагогом стоит не простая. Итак, встречаясь с учащимися один, два раза в неделю, как сформировать у них научное мировоззрение и целостный взгляд на особенности исторического развития человеческого общества? При этом необходимо учесть дифференцированный подход в обучении. Становится очевидным, что

традиционные уроки не принесут должного результата, необходимы поиски новых форм работы.

В связи с социально-экономическими изменениями в мире в современном обществе возникла потребность в активных, деятельных людях, которые могли бы быстро приспосабливаться к трудовым условиям, способных к самопознанию, самовоспитанию и саморазвитию.

Среди наиболее важных качеств современного человека выделяются активная мыслительная деятельность, критичность мышления, поиск нового, желание и умение приобретать знания самостоятельно. Тем самым, на образование возлагается функция, которая бы способствовала развитию самостоятельности и ответственности личности, была бы ориентирована ее развитие, самообразование и самореализацию.

Акцент ставится на более активные виды самостоятельной индивидуальной работы.

**Самостоятельная работа** выделяется как неперенный элемент образовательного процесса, поскольку самостоятельная учебная деятельность позволяет ликвидировать пробелы в восприятии учебной информации на школьных целях; она раскрывает способности обучаемых, содействует учебной мотивации.

В более широком смысле слова *самостоятельная работа* – универсальный способ образовательной деятельности обучающегося, который связан не столько с усвоением суммы знаний, сколько с расширением границ восприятия и осмысления человеком мира и самого себя.

Главные условия правильной организации самостоятельной работы учащегося:

- обязательное планирование самостоятельных занятий;
- серьезная работа над учебным материалом;
- систематичность занятий;
- самоконтроль.

Самостоятельная работа всегда является эффективным видом учебной деятельности при условии умелого руководства со стороны преподавателя. Становление творческой личности обучающегося осуществляется в тесном контакте с творческой деятельностью педагога. В связи с этим очень важно сформировать у учащегося творческий подход к изучаемому предмету, стимулировать творческое отношение к овладению знаниями и систематически выполнять эти знания через самостоятельную работу.

Задача педагога - дать нужное направление творческому мышлению учащихся, стимулировать творческий поиск, создавая соответствующие ситуации и условия, дать толчок к систематическому исследованию, анализу, поиску новых, своих собственных путей решения той или иной проблемы. Правильно сформулированные цели и задачи способствуют развитию творческого мышления.

В этой связи все большее внимание привлекает *метод проектов*.

Метод проектов не является принципиально новым в мировой педагогике. В поурочной системе нами используется *метод проектов*.

Реализация проектно-исследовательской работы постоянно осуществляется на уроках истории мира и истории Казахстана. Это процесс, происходящий в мировых микроисследованиях, в изучении различных тем в 7 классах. Задания усложняются с учетом индивидуальных особенностей учащихся.

В основе метода проектов перед учителем стоит задача научить каждого ученика:

- определять цель проектно-исследовательской работы;
- уметь выделять основные задачи по реализации поставленной цели в исследовательской работе;
- уметь определять идеи и способы решения поставленных задач;

- уметь прогнозировать результаты проекта (ожидаемые положительные результаты, возможные потери, негативные последствия, компенсационные меры по их устранению и предложить критерии их оценки);

- уметь определить допустимые сроки исполнения проекта;
- уметь работать с литературой, выделять главное;
- грамотно использовать в своей работе материалы сайтов Internet;
- уметь грамотно оформить работу.

При этом учитель должен выполнить для себя следующие задачи:

- Осуществлять руководство с достаточными полномочиями на принятие решений, способность действовать энергично и целеустремленно.
- Определять и четко формулировать цель и задачи.
- Обучать ученика, работающего над исследовательской работой.
- Постоянно корректировать ход реализации практической и теоретической частей работы (планирование, согласование, информация и обучение).
- Постоянно контролировать полученные результаты: систематически оценивать по реализации проекта.

Метод проектов всегда предполагает решение какой-то проблемы.

Проблемная ситуация специально создается учителем:

- Излагает различные точки зрения на один и тот же вопрос;
- Побуждает обучаемых делать сравнения, обобщения, выводы из ситуации, составлять факты;
- Ставит конкретные вопросы на обобщение, конкретизацию, логику рассуждения;
- Ставит проблемные задачи с исходными данными.

Руководство проектно-исследовательской деятельностью осуществляется по следующему плану-методу:

1. Диагностический этап – выявление проблемы.
2. Прогностический этап – определение целей, задач.
3. Организационный этап – создание плана, изучение литературы.
4. Практический этап – работа над содержательной частью.

По данному плану-методу происходит работа с учащимися 7 классов, которые при изучении учебников используют:

- информационные технологии (готовят интерактивные уроки для активизации внимания у своих одноклассников и, повышая тем самым интерес к предмету);
- разрабатывают тестовые задания (открытые и закрытые формы) по пройденным темам способствует развитию памяти, письменной речи, логическому мышлению у учащихся;
- разрабатывают раздаточный материал (карточки, кроссворды), который способствует глубокому усвоению материала, изученного на предыдущих уроках.

Данный метод дает:

- представление большей степени свободы и ответственности самому ученику;
- вызывает положительные эмоции к проектно-исследовательской деятельности;
- дает обучающемуся право выбора темы проектного исследования;
- стимулирование творческого мышления обучающегося.

Таким образом, каждый учитель может внести свой вклад в совершенствование образования, применяя новые приемы и методы обучения.

Если ученик сумеет справиться с работой над учебным проектом, можно надеяться, что в настоящей взрослой жизни он окажется более приспособленным: сумеет планировать собственную деятельность, ориентироваться в разнообразных

ситуациях, совместно работать с различными людьми, т.е. адаптироваться к меняющимся условиям повседневной действительности.

**Список использованных источников:**

1. Зотов Ю.Б. *организация современного урока*. - М.: Просвещение, 2001.
2. Буkenov Ж.К., Куанышов С.С. *Инновации в образовании в условиях современных педагогических технологий*. – Караганда: ОАО «Карагандинская полиграфия».
3. *Новые педагогические и информационные технологии в системе образования*. Под ред. Полат Е.С. – М., 2002.

**Трандина С.В.**

**ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ЖОБАЛАУ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІНІҢ  
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ**

*Мақалада тарих сабақтарында жобалау-зерттеу қызметінің технологиясын іске асыру, белсенді ойлау қызметі, сыни ойлау, жаңасын іздеу, білім алуға ұмтылу мен қабілет қарастырылады.*

**Trandina S. V.**

**IMPLEMENTATION OF TECHNOLOGY OF DESIGN AND RESEARCH  
ACTIVITIES IN HISTORY LESSONS**

*The article discusses the implementation of the technology of design and research activities in history lessons, active thinking activity, critical thinking, the search for a new one, the desire and ability to acquire knowledge.*

ӘОК 371

**Тулєпова.С.С.**

№3 Балалар Өнер мектебі, ҚМҚК  
Қобыз сыныбының ұстазы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

**ӨШПЕС ҒҰМЫР**

(Репрессияға ұшыраған педагог – музыкант Е.П.Вильман жайлы естелік)

*Бұл мақалада атақты музыкант Е.П. Вильман жайлы жазылған. Оның өмірлік жолынан естеліктер.*

XX – ғасырдың 40-50 жылдарында Қазақстан жерінде – Сталиндік қуғын - сүргіннің құрбандары педагог-музыканттар, өнер адамдары көп болды. Кеңес үкіметі өз халқын қуғын-сүргінге ұшырату саясатын мақсатты түрде жүргізді. Осындай зобалаң кезеңде, небір дарынды ұлт зиялылары мен қоғам қайраткерлері қуғынға ұшырап, жазықсыз жала жабылып, айыпталып, сотталды. Еңбекпен өтеу лагерлеріне айдалып, түрлі қиыншылықтар мен азаптауды бастарынан өткерді. Солардың ішінде біз әңгіме еткелі отырған өнер иесі – педагог музыкант Евгения Петровна Вильман. Өз ісінің шебері, кәсіби музыкант-ұстаз. Еңбек жолында көптеген кәсіби нағыз музыканттарды тәрбиеледі. Репрессияға ұшырап, жер аударылып келгеннен кейінгі өмірі- Қарағанды қаласы, Сұрыптау бекетінде жас музыканттарға білім берумен қатар, тәрбиенің негізін салушы тұлға ретінде қалыптасты.

Е.П.Вильман - шәкірт тәрбиелеуде өте білімді, профессиональдық деңгейі жоғары ұстаз болды. Дарынды балалардың зейіні мен талабын ашып, қамқорлық танытып, музыкаға деген ықыластарын терең аша білді. Сұрыптау бекеті емес, сонымен қатар қала мен облыстың барлық тұрғындары арасында танымал болды. Вильман.Е.П – жоғары

мәдениеттілігімен, оқушыларға деген мейірбандылығымен, ең бастысы музыкаға деген сүйспеншілігімен ерекшеленді. Өте кең ауқымды музыкалық репертуарға бай және сол шығармаларды шебер орындаушы еді.

Евгения Петровна Вильман – 1919 жылы Мәскеуде көп балалы, метро құрылысшылар отбасында дүниеге келді. Мәскеу қаласында, Смоленский бульварында, дәл орталықта тұрды. Музыкаға деген құштарлығы ерте жасынан басталды. Есте сақтауы, музыканы сезінуі – табиғи туа біткен қасиеті еді. 1937 жылы Мәскеу консерваториясына атақты педагог Л.Е.Лукомскийдің сыныбына фортепиано мамандығы бойынша оқуға түседі. Ол кездері Мәскеу консерваториясында атақты, шебер музыканттар - С.Е.Фейнберг, Г.Г.Нейгауз, А.Б.Гольденвейзерлер ұстаздық ететін. Дәріс алған ұстаздары жайлы ерекше ықыласпен еске алатын. «Өмірге жолдама» - фильмімен атағы шыққан композитор, теориялық пәндердің оқытышысы Я.А.Столярмен достық қарым-қатынаста болды. Ол кісінің фотосуреттері отбасылық альбомда сақталған. Өзімен бірге оқыған курстастары - С.Т.Рихтер, Э.Г.Гилельс, Р.В.Тамаркина жайлы жиі еске алатын. Консерваторияны бітіруге мүмкіндігі болмады. Ұлы Отан соғысы басталып, Вильманның отбасы Сталиндік репрессияға ұшырайды. Тағдыр Евгения Петровнаның аға – әпкелерін, ата-анасын әр жаққа шашыратып жіберді, сонау алыстағы Қазақстанға, Қарағанды облысына әкелді. Аш жалаңаш, ескі барактарда өмір сүрді. Тұрмыстары өте ауыр жағдайда болатын. Қарағандыда оны еңбек армиясына жіберіп, ол жерде тынымсыз еңбек етті. Сол кезде Қарағанды-Сұрыптау бекетінде клуб ашылып, хорды сүйемелдеуші аккомпаниатор керек болды. Е.П.Вильман осы клубта концертмейстер болып қызмет атқарды.

1948 жылы Қарағандыда музыка мектебі ашылды. Евгения ұстаздық жолын осы мектепте жалғастырды. 1950 жылы қаланың Теміржолшылар ауданында Облыстық музыка мектебінің филиалы ашылып, фортепиано сыныбынан дәріс беру ұсынылды. Осы сәттен бастап педагогикалық, орындаушылық және ұйымдастырушылық қызметі табысты жалғасын тапты. Керемет музыканттың өнері- тек шыдамдылықты, табандылықты, сонымен қатар кәсіби ісіне адалдықты қажет етті. Әсіресе жас мұғалімдердің жұмысына деген жауапкершілігін арттырып, үнемі шабыттандырып отырды. Өз жұмысына және әріптестеріне қатаң талап қоя білді.

1957 жылы пианистердің алғашқы мектеп бітіру кеші өтті. Олар он адам болды. Олардың алтауы өз өмірлерін музыка саласына арнады. Қарағанды облысы музыка мектептері ұстаздардың естелігінен «Е.П.Вильман-аты бас әріптермен жазылатын музыкант – педагог ретінде тарихта қалды. Ерекше өнер иесі, аспапта шебер орындаушы және шәкірттерінің концерттерде орындаған шығармалары ерекше есімізде қалды. Әсіресе фортепианалық ансамбльдері жадымызда мәңгі сақталады»- деп жазды. Сонымен қатар музыкалық білім алғысы келетіндердің қатары жыл сайын арта түсті.

Мектептің филиалын кеңейту қажеттілігі туындап Қазақстан Компартиясы Теміржол аудандық комитетінің бастамасымен 1968 жылы 1 қыркүйекте, Теміржолшылар Мәдениет үйінің екі бөлмесінен жаңа ғимаратқа көшірілді. Осылайша мектеп жаңа маман, жаңа аспапта орындаушылармен, оқушылармен толықтырылды. Қосымша – скрипка, кларнет, аккордеон, виолончель сыныптары ашылды.

1969 жылы 1 ақпанында Қазақ КСР Білім министрлігінің 1968 жылы 17 желтоқсандағы бұйрығы негізінде мектеп -Қарағанды қаласы Теміржолшылар ауданында дербес музыка мектебіне айналды.

1. Мәтіннің тақырыбы қандай? Мәтіннің идеясы қандай? Мәтін құрылымына сәйкес жоспар құр. Мақалада қолданылған лексика-грамматикалық категорияларға талдау жаса: синоним, омоним, антоним сөздерінің қолданысы – етістіктердің қолданысы – сөйлемдердің қолданысы. Мәтіннің мақсаты қандай? Мәтіннің көзделген аудиториясы кім? Және де сабақ мақсатын саралау міндетті емес және де бұл мәселені әр мектеп өзі шешуі керек деп есептелінеді. Егерде мектеп мұғалімдерінің деңгейі жоғары болып, олар мақсатты саралауды дұрыс түсініп жатса, онда сабақ мақсатын саралауға әбден болатын шығар. Ал егерде мектеп мұғалімдері әлі де шатасып, сабақ мақсаттарын құрастыра алмай жатса, онда әзірше бұл мәселені кейінге шегеріп, мұғалімдерде дағды қалыптастыру жұмысымен айналысқан дұрыс шығар.

Сабақ мақсаттарын саралау оңай емес және де ол мұғалімге көп талап қояды. Өйткені ондай жағдайда мұғалімнің сабақтағы жұмысы күрделенеді: ол әр мақсатқа

сәйкес бағалау критерийлерін құрастырып, тапсырмалар мен оларға дескрипторларды дайындауы керек. Яғни, мұғалімнің жұмысы кемінде 3 есе өседі («барлық оқушылар», «басым бөлігі» және «кейбір оқушыларға» түрлі жұмыс ұсынғаннан). Сол себепті де сабақ мақсаттарын саралауды міндеттеуде әр мектеп өз мұғалімдерінің түсінік деңгейін ескеруі керек секілді.

Ал егерде сабақ мақсаттарын саралау міндетті болса, онда мына мәселені ескереміз:

1. Оқыту мақсаты барлық оқушылар үшін міндетті, сондықтан да оны «барлық оқушылар» орындалуына болжаймыз;

2. Сабақ мақсаттарының саны оқыту мақсаттарынан артық болмағаны дұрыс, әр мақсатты бағалау критерийлеріне айналдырып, оны тапсырма арқылы жүзеге асыру қажеттілігін ескерген дұрыс [1].

Аталған нақты оқу мақсаттарына орай сараланып, болжанған сабақ мақсаттары мұғалімнің оқыту барысында білім алушылардың не үйрене алатынын алдын-ала болжайды, оның дағдыларын шыңдай алады, оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды саралай алады.

**Екіншіден,** сабақ мақсатын бағалау критерийлеріне айналдыру. Бағалау критерийлерін оқушылардың сабақ мақсатына жеткендіктерінің дәлелі деп түсінуіміз қажет. «Тапсырманың қалай орындалатындығын білу – оны табысты орындаудың 50%-дық кепілі» деген ұғым бар дидактикада. Сондықтан да тапсырманың шарты оқушылардың нақты не жасайтындығын, ал дескрипторлардың қалай жасайтындығын көрсеткендері дұрыс. Мүмкін басында оқушыларға дескрипторларды дайын күйде беріп, кейіннен бірте-бірте олардың деңгейі өскен сайын дескрипторларды бірлесе құрастырып немесе өздеріне жасататын шығарсыздар? Сондықтан сабақтағы тапсырма бағалау критерийлеріне сай болып, оқушылардың не жасайтындығын нақты көрсетуі керек. Яғни, тапсырманың ең маңызды бөлігі – тапсырма шарты, өйткені ол оқушылардың не жасауы керектігін көрсетеді [1].

Мысалы, мәтінмен жұмыс барысында тапсырманың шартын былай келтіруге болады:

1. Мәтінді бір рет оқыңыздар да, 2 минут ішінде мына сұрақтарға жұп ішінде ауызша жауап беріңіздер: «Мәтіннің тақырыбы қандай? Мәтіннің идеясы қандай? Мәтіннің мақсаты қандай? Мәтіннің көзделген аудиториясы кім?» Жауаптарыңызды сыныптағы талқылауда жариялаңыздар.

2. Мәтін құрылымына сәйкес 3 бөлімнен тұратын жоспар құрыңыздар.

3. Мақалада қолданылған синоним, омоним және антоним сөздерінің, етістіктер мен сөйлемдердің қолданысын салыстырыңыздар.

**Ал үшіншіден,** оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда сабақтың мазмұны мен негізі – сабақта оқушыларға орындау үшін ұсынатын тапсырмалар. Сабақтың мазмұнды болуы тапсырмалардың сапасына байланысты. Оқушылардың сабақтағы оқып, үйрену сапасы да олардың тапсырмаларды қалай орындағанына тікелей тәуелді. Сондықтан да тапсырмалардың мазмұнымен қатар (яғни, тапсырмалардың барлығы да қызық, қиын, бірақ қолжетімді және құнды болуы қажет), олардың орындалу әдістемесін де дұрыс ұйымдастырған жөн. Мысалы:

1-кезең. Тапсырманы орындауға дейін.

Оқушылар «Тапсырманы қалай орындаймыз?» деген сұраққа жауап беру мақсатында шарт пен дескрипторларды жұп не топпен 30 секундтан 2 минутқа дейін толық түсініп алғанша талқылап, сыныппен қорытындылайды. Осы жұмыстан кейін ғана балалардың тапсырманы орындауға кіріскені жөн: мұндай дайындықсыз тапсырманы орындауға болмас.

2-кезең. Тапсырманы орындау.



Оқушылар жеке, жұп не топ құрамында тапсырманы орындайды. Әрине, тапсырманы бүкіл сыныппен орындамаған жөн, өйткені мұндай жағдайда көп балалардың белсенді әрекеттерден тыс қалуы ықтимал. Бүкіл сыныппен негізінен рефлексия жасап, қорытындылаған орынды.

Оқушылар тапсырманы орындап жатқанда (олардың бұл жұмысты мұғалім ұсынған тәсіл көмегімен атқаруы да мүмкін), мұғалім қалыптастырушы бағалаумен айналысады: тапсырманың орындалуын бақылайды, оқушылардың түсінік деңгейін аңғару үшін оларға сұрақ қояды, әңгімелеседі, дұрыс орындап жатқандарды мақтап қолдайды, орындай алмағандарды ынталандырып қолдайды, көмектеседі, бағыт-бағдар береді, жұмыстарын талдау арқылы кері байланыс ұсынады, өзін-өзі немесе бірін-бірі бағалауды ұйымдастырады.

3-кезең. Тапсырманың орындалуын жариялау, бағалау.

Тапсырма орындалған соң, алдымен оның нәтижелерін жариялау керек. Бұл үшін оқушылар жұп, топ не сыныпта тапсырманы қалай орындалғанымен бірін-бірі таныстырады. Жариялау барысында орындау сапасы талқыланып, талданады (бағаланады).

Бұл талқы ақырындап рефлексияға ұласады: мұғалім оқушылармен бірлесіп тапсырманы орындағанда не үйренгенін, қандай жетістіктерге жеткендерін, қандай кедергілерге ұшырағандарын талқылап, олардың себептерін айқындап, оларды түзету мен қайталамаудың амалдарын талдайды, келесі жолы қалай жұмыс жасау керектігін пайымдайды. Рефлексия – жаңа білім негізі, яғни жаңа білім тек рефлексиялау кезінде ғана қалыптасады, сондықтан да әр тапсырма мен сабақ рефлексиямен аяқталуы керек. Тапсырма орындаудың толық технологиясы дегеніміз осы [3]. Жалпы алғанда, сабақта неғұрлым аз тапсырма болса, соғұрлым жақсы деп есептеймін. Осыған сәйкес әр сабақта тапсырмалар саны 3-тен аспағаны дұрыс. Есесіне оларды орындауға уақыт та жеткілікті болып, орындау технологиясын да толығымен сақтайтын болады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттерін, мұғалім іс-әрекеттері мен ресурстық қолдауды егжей-тегжейлі ұсынып, қысқа мерзімді жоспар құрастыру барысында жүйелі, тіпті стандартталған жолдарын қарастырады [4]. Бүгінгі күні функционалдық сауаттылықты дамыту арқылы білім алушыларының сапалы білім алуына және табысты әлеуметтенуіне қол жетімділіктің және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз етуге баса назар аударылады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 Бұйрығы* <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317#z75>

2. *2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020.*

3. *Абзалбек Л.С. Қазіргі қазақ тілі, қазақ әдебиеті сабақтарын жобалау Қарағанды: ПҚ БАИ РББ, 2017.*

4. *Әлімов А. ҚМЖ үлгісін қалай толтыруға болады? <https://clck.ru/Rd26D>*

**Утебаева Г.К.**

**ЭФФЕКТИВНОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ УРОКА-ГЛАВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ  
РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ**

*В статье рассматриваются как организационная основа государственной политики в области образования, содержание и технологии образования и воспитания, структура школы, изменения в системе управления.*

**Utebaeva G.K.**

**EFFECTIVE LESSON PLANNING IS THE MAIN TOOL FOR THE  
DEVELOPMENT OF FUNCTIONAL LITERACY**

*The article examines the organizational basis of the state policy in the field of education, the content and technologies of education and upbringing, the structure of the school, changes in the management system.*

**УДК 373.2**

**Филиппович М.В.**

Воспитатель, КГКП Ясли – сад «Балдәурен»,

Сатпаев, Республика Казахстан.

marina\_filippovich00@bk.ru

**ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ СЮЖЕТНО-РОЛЕВЫХ ИГР ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ  
НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ СТАРШЕГО ДОШКОЛЬНОГО  
ВОЗРАСТА**

*В статье рассмотрены опыт проведения опытно-исследовательской работы для формирования нравственного воспитания детей старшего дошкольного возраста по средствам сюжетно-ролевой игры. Описаны основные этапы и методы проведения данного исследования, а также приведены результаты и выводы.*

Проблема нравственного воспитания дошкольников заключается в том, что на этом этапе развития ребенка начинается формирование его мировоззрения и ценностных ориентаций. Нравственное воспитание является важным элементом развития ребенка, так как оно помогает формировать у него социальные навыки, которые он будет использовать в будущем.

Применение сюжетно-ролевых игр является одним из наиболее эффективных методов нравственного воспитания дошкольников. Такие игры позволяют ребенку в игровой форме учиться правильно взаимодействовать с окружающими людьми, развивать социальные навыки, эмоциональную интеллектуальность, творческий подход к решению проблем.

В ходе сюжетно-ролевых игр дети имеют возможность вжиться в разные роли и ситуации, в которых необходимо принимать правильные решения и поступки. Например, игра «Доктор» помогает ребенку научиться заботиться о здоровье других людей, а игра «Кассир» - понимать, что за покупки нужно платить деньгами и что воровство неправильно.

Таким образом, использование сюжетно-ролевых игр в дошкольном возрасте способствует формированию у детей нравственных качеств и ценностей, а также помогает им лучше понимать социальные нормы и правила поведения в обществе.

В данной статье мы представим отчет опытно-исследовательской работы по формированию нравственных качеств у детей старшего дошкольного возраста по средствам сюжетно-ролевых игр.

В рамках проведенного теоретического анализа по вопросу формирования нравственного воспитания детей старшего дошкольного возраста, была проведена опытно-исследовательская работа, целью которой является формирование нравственных качеств у детей старшего дошкольного возраста.

Базой исследования выступил КГКП «Ясли - сад «Балдэурен» г. Сатпаев, старшая группа «Жұлдыздар». В опытно-исследовательской работе приняли участие старшие дошкольники в возрасте 4 - 5 лет с согласия родителей. Общее количество участников составило 20 человек, из них: 11 мальчиков и 9 девочек.

В соответствии с показателями уровня сформированности нравственных качеств для педагогического исследования были выбраны следующие диагностические методики:

1. Метод индивидуальной беседы (А.И. Остроухова).
2. Метод беседы по прочитанному произведению (отрывок из рассказа В. Катаева «Цветик-семицветик») (на основе методики, предложенной Г.А. Урунтаевой).
3. Метод проблемных ситуаций с использованием сюжетных картинок (на основе методики, предложенной Ю.А. Афонькиной).

Сводные (интегральные) результаты исследования уровня сформированности нравственных качеств у детей старшего дошкольного возраста по трем показателям на констатирующем этапе представлены на рисунке 1.




Рисунок 1. Сводные (интегральные) результаты исследования уровня сформированности нравственных качеств у детей старшего дошкольного возраста первичной диагностики, %

По результатам первичной диагностики были сделаны следующие выводы:

1. В основном у дошкольников преобладает низкий и средний уровень развития нравственных качеств.
2. Большая часть детей имеют не сформированность нравственных качеств, а именно:
  - у детей имеются выраженные затруднения в понимании нравственных поступков и действий;
  - дошкольники имеют сложности в объяснении и оценке собственной позиции при проявлении нравственных действий и поступков других;
  - дети не имеют особой мотивации высказать свое мнение к происходящему.

Таким образом, у нас возникла необходимость планирования специально организованной работы по формированию нравственных ценностей у старшего дошкольников, которую мы решили реализовать с помощью игровой деятельности.

Для формирования нравственных качеств детей старшего дошкольного возраста нами был разработан комплекс сюжетно-ролевых игр нравственного содержания, которые целесообразно включали как в непосредственно образовательную деятельность, в режимные моменты, а также предлагали детям в свободной деятельности для разыгрывания. В данный комплекс входили такие сюжетно-ролевые игры как «Сестра милосердия», «Тайный друг», «Друг без друга нам нельзя», «Найди пару», «Добрые эльфы», «Моя семья», «Поликлиника», «Магазин», «Почта», «Детский сад», «Школа», «Ветеринарная лечебница», «Аптека» и т.д.

Для самостоятельной деятельности детей нами организовывалась и обогащалась развивающая предметно-пространственная среда в группе.

Центр сюжетно-ролевых игр включал в себя игровой материал, специальную одежду, атрибуты для игр, картотека сюжетно-ролевых игр по формированию нравственных качеств.

В завершении опытно-исследовательской работы было проведено контрольное исследование сформированности нравственных качеств детей старшего дошкольного возраста на контрольном этапе исследования.

Интегральные результаты исследования уровня сформированности нравственных качеств у детей старшего дошкольного возраста по трем показателям на контрольном этапе опытно-исследовательской работы представлены на рисунке 2.




Рисунок 2. Сводные результаты исследования уровня сформированности нравственных качеств у детей старшего дошкольного возраста на контрольном этапе, в %

По данным, представленным на рисунке 14, видно, что по комплексу диагностических заданий по оценке нравственных качеств 70% (14 детей) имеют средний уровень развития после проведения комплекса заданий, а оставшаяся часть - 30% (6 детей) – высокий уровень. Низкий уровень развития нравственных качеств в выборке старших дошкольников после проведения комплекса заданий – 0%

Дети могут вычленить нравственный поступок из происходящих событий или разворачивающегося сюжета. Они понимают замысел нравственного поступка. Старшие

дошкольники правильно оценивают нравственные поступки, у них есть собственная позиция по происходящим событиям.

3. Старшие дошкольники после проведения комплекса заданий проявляют желание и активность в высказывании собственной позиции, готовы сформулировать свое мнение по происходящему.

Существенные качественные изменения произошли в моральном и нравственном сознании исследуемых детей старшей группы «Жұлдыздар» КГКП «Ясли - сад «Балдәурен» г. Сатпаев.

В целом, результаты исследования показывают, что использование сюжетно-ролевых игр в работе с детьми дошкольного возраста является эффективным методом развития и формирования нравственных качеств у детей. В процессе игры дети учатся не только нормам поведения и этикету, но и культуре межличностных отношений, что помогает им лучше понимать окружающий мир и взаимодействовать с ним.

Кроме того, использование сюжетно-ролевых игр позволяет детям экспериментировать с разными ролями и их функциями в обществе, что способствует формированию у них более широкого и глубокого понимания социальных отношений. Это помогает им развивать эмпатию, понимание и уважение к другим людям, что также является важным элементом нравственного развития.

Таким образом, сюжетно-ролевые игры являются полезным инструментом для развития нравственных качеств у детей дошкольного возраста. Они помогают детям стать более добрыми, отзывчивыми и терпимыми к другим людям, а также способствуют развитию их социальных навыков и эмоционального интеллекта. Можно констатировать что процесс нравственного воспитания старших дошкольников при использовании сюжетно-ролевых игр является результативным.

#### **Список использованных источников:**

1 Байкова Л. А. Актуальные проблемы современного образования : учебное пособие для вузов / Л. А. Байкова, Е. В. Богомолова, Т. В. Еременко. — Москва : Издательство Юрайт, 2020. — 178 с.

2 Буре Р. С. Дружные ребята: воспитание гуманных чувств и отношений у дошкольников: пособие для воспитателей ДОУ и родителей [Текст] / Р. С. Буре, М. В. Воробьева, В. Н. Давилович. - М., 2016. - 167 с.

3 Новикова Г. В. Развитие нравственных качеств детей старшего дошкольного возраста посредством сюжетно-ролевой игры / Г. В. Новикова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2021. — № 25 (367). — С. 482-490.

4 Суртаева Н. Н. Педагогические технологии : учебное пособие для вузов / Н. Н. Суртаева. — 2-е изд., испр. и доп. — Москва : Издательство Юрайт, 2020. — 250 с.

**М.В. Филиппович**

### **ҰЛЫ ДАҢҚА ДӘСТҮРІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ МӘНЕВИ-ТӘРБИЕЛІК ОҚЫТУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН СЮЖЕТТІК-РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕКЕУІ**

Мақалада үлкен мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін рөлдік ойын арқылы қалыптастыру бойынша эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу тәжірибесі қарастырылған. Бұл зерттеуді жүргізудің негізгі кезеңдері мен әдістері, сонымен қатар нәтижелер мен қорытындылар сипатталған.

**Filippovich M.V.**

**EXPERIENCE OF USING ROLE-PLAYING GAMES TO SHAPE MORAL  
EDUCATION OF OLDER PRESCHOOL CHILDREN**

*The article discusses the experience of conducting experimental research to shape the moral education of older preschool children through the use of role-playing games. The main stages and methods of conducting this research are described, as well as the results and conclusions.*

**ӘОЖ 371.132**

**Шалтаева Р. Ж.**

П.Ф.К., доцент

«Bolashaq» академиясы» жеке меншік мекемесі  
Қарағанды, Қазақстан Республикасы

[roza-r-9@mail.ru](mailto:roza-r-9@mail.ru)

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕСІН ЖЕТІЛДІРУ  
ПРОЦЕСІН БАСҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ**

*Бұл мақалада , мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің теориясы осыған сәйкес тәрбиелеу және оқыту процесінде баланың дамуын басқарудың жалпы заңдылықтарын танып білетіні көрсетілген. Балалар дене тәрбиесінің теориясы дене тәрбиесі жүйесінің жалпы идеологиялық және методологиялық негіздерінен шығады және оның бір бөлігі болып табылатыны айқындалған.*

Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің теориясы қоғамның болашақ құрлысшысы – баланың дене тәрбиесінің жалпы заңдылықтары жайындағы ғылым. Балалар дене тәрбиесінің теориясы дене тәрбиесі жүйесінің жалпы идеологиялық және методологиялық негіздерінен шығады және оның бір бөлігі болып табылады. Дене тәрбиесі теориясының жалпы идеологиялық және методологиялық негізі – дене тәрбиесі заңдылықтарын нағыз ғылыми түрде танып-білу, жан-жақты жарасымды жетілген жеке адамды қалыптастыру үшін кең мүмкіндіктер ашу. Дене тәрбиесі үшін жеке адамды қалыптастырудағы өмірдің әлеуметтік жағдайлары мен тәрбиенің шешуші рөлі туралы қағидаларының зор мәні бар. Үкіметтің дене тәрбиесі мен спорт мәселелері жөніндегі тарихи шешімдері адамдардың денсаулықтарын нығайтуға, дүниетанымды, жоғары өнімді еңбекке қабілеттілікті және өз Отанын қорғауға дайындықты қалыптастыруға бағытталған. Балалар дене тәрбиесінің жалпы теориясы дене тәрбиесінің жалпы теориясымен мазмұндас және оқып үйрену пәні бір болуымен қатар баланың барлық жас кезеңдеріндегі (туғаннан 6 жасқа дейін) дене тәрбиесінің заңдылықтарын арнайы зерттейді. Мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің теориясы осыған сәйкес тәрбиелеу және оқыту процесінде баланың дамуын басқарудың жалпы заңдылықтарын танып біледі. Балалар дене тәрбиесінің теориясы әр жас шамалық кезеңнің ерекшеліктерін зерттей, ғылыми мәліметтер мен практикалық тәжірибені қорытып талдай отырып, дене тәрбиесі міндеттерін анықтайды, олардың мәнін, неғұрлым тиімді құралдары мен әдістерін, дене тәрбиесінің бүкіл процесін ұйымдастырудың мақсатқа сай формаларын ашып көрсетеді. Өз қимыл-қозғалысын жақсы меңгеретін дене жаттықтыруды сүйетін, айнала қоршаған ортадан өз бетімен бағдар таба білетін, мектепте оқуға және одан кейінгі жылдардағы белсенді шығармашылық қызметке қабілетті, дені сау, шымыр шыныққан, шат-шадыман баланы қалыптастыру – жан-жақты

даму негізі ретіндегі дене тәрбиелеудің айрықша мәнін айқындайтын маңызды міндеті болып табылады. Балалар дене тәрбиесінің теориясы ғылыми зерттеулердің негізінде сәби жастағы және мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық–физиологиялық ерекшеліктерін: организмнің жұмысқа қабілеттілік мүмкіндіктерін, жүре пайда болатын қажеттіліктерін, көрнекілік-әрекеттік, көрнекілік-бейнелік және логикалық ойлау формаларын, іс-әрекеттің басым түрінің өзіндік ерекшелігін ескеріп отырады. Осыған сәйкес балалар дене тәрбиесінің теориясы дене тәрбиесін ұйымдастырудың барлық формаларының мазмұнын құруға және оны іске асырудың тиімді педагогикалық жағдайларын жасауға бағыт береді[1]. Балалар дене тәрбиесі теориясы баланың әр жас кезеңінің ықтимал мүмкіндіктерінің заңдылықтарын танып-біле және ескере отырып дене тәрбиесінің бүкіл тәрбиелік-білім беру кешені (қимыл–қозғалыс жасай білу және дағдылар, дене қасиеттері, кейбір қарапайым білім) ғылыми негізделген бағдарламаның талаптарын перспективалы қарастырады. Мұны игеру балалардың дене әзірлігін мектепке баруға қажетті деңгейде қамтамасыз етеді. Дене тәрбиесі жан-жақты тәрбие берудің маңызды бөлігі болуымен бірге өз процесінде ақыл–ой, адамгершілік, эстетикалық және еңбек т.б.тәрбиенің міндеттерін кешенді түрде жүзеге асырады. Балалардың дене тәрбиесін ұйымдастырудың барлық формаларында (сабақ, қозғалыс ойындары, балалардың өзіндік әрекеттері және т.б) тәрбиешінің назары ақылға сала ойлайтын, эмоциялы, өз жас шамасының мүмкіндігіне қарай саналы әрекет ететін, қозғалыс дағдыларын меңгеріп отыратын, айналаны бағдарлай білетін, өзіне берілген тапсырмалардың мәнін түсінетін, кездескен қиыншылықтарды жеңуді үйреніп отыратын, тәрбиешінің ыждағатты, тілектесті басшылығымен өз іс-әрекетінде шығармашылық ізденіске деген талпыныс көрсетіп отыратын бала тәрбиелеп шығуға бағытталады.

Балалар дене тәрбиесінің теориясы бала денесін тәрбиелеудің сан алуан жақтарын, әсіресе, оның қозғалыс дағдыларын қалыптастыруды қамтитын зерттеулер арқылы алынған жаңа білімдермен дамылсыз дамып, байып отырады.

Балалар мекемелерінің жаппай практикасында тексеруден өткен зерттеу мәліметтері бүкіл тәрбиелік–білім беру процесінің алға басуына үлес қоса отырып, сыннан өтеді, бағдарламаларға, оқу құралдарына, оқулықтарға және балалармен жүргізетін практикалық жұмысқа ендіріледі. Сөйтіп мектеп жасына дейінгі балалар дене тәрбиесінің теориясы баланың даму заңдылықтарын танып біле, ең елеулі, прогресті нәрселердің бәрін бөліп көрсете, негіздей отырып, дене тәрбиесінің бүкіл жүйесін жетілдіруге көмегін тигізеді, кедергі келтіретін, жаттанды болған, қазіргі кездегі тәрбиелеу – білім беру міндеттеріне сәйкес емес нәрселердің бәрін бұлжытпай ауыстырып отырады және жоққа шығарады.

Дене тәрбиесі теориясында әртүрлі ұғымдар (түсініктер): дене дамуы, дене әзірлігі, дене жетілуі, дене тәрбиесі, дене машықтығы, дене тәрбиесі білімі, дене жаттығулары, спорт, дене тәрбиесі мәдениеті және т. б. Қолданылады әртүрлі құбылыстарды көрсете отырып, олар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Қазіргі кезде қолданылып жүрген ұғымдар қоғамның тарихи дамуының әр дәуірінде пайда болған. Олардың мазмұны дене тәрбиесі жөніндегі ғылымның және оның практика жүзінде жүзеге асырылуының дамуына қарай тереңдеп, нақтыланып келеді.

Ұғым-заттар мен құбылыстардың мәнді ерекшеліктерін, байланыстарын және қатынастарын, олардың қарама-қайшылығы мен дамуы процесінде бейнелейтін ой формасы; белгілі бір топқа жататын заттардың жалпы және тек соларға ғана тән ерекшеліктерін жинақтап көрсететін ой немесе ой жүйесі (Түсінік-заттар мен құбылыстардың санада сақталып, сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінсіз қайта жаңғыртылатын көрнекі сезімдік бейнелері. Адамның түсінігі тек қоғамдық практика негізінде ғана қалыптасады). Адамзат тәжірибелерінің нәтижелері тіл формасында

бекіп, қоғамдық мәнге ие болады. Ендеше, дене тәрбиесі теориясында жиі қолданылатын ұғымдарға (түсініктерге) тоқталып өтейік.

Дене тәрбиесі - тәрбиенің құрамды бөлігі. Ол денені жетілдіруге, яғни денсаулықтың, дене дамуының және дене әзірлігінің жоғары деңгейіне жетуіне бағытталған. Бұл анықтама дене тәрбиесінің салыстырмалы түрде даралық ерекшелігін көрсетеді. Ол тәрбиенің басқа түрлері – адамгершілік, эстетикалық, ақыл-ой, еңбек т.б. тәрбиелермен байланысты. Сондықтан да біздің елімізде дене тәрбиесінде қоғамдық тәрбие мақсатынан туындайтын педагогикалық міндеттер де шешімін табады. Дене тәрбиесі ұғымын жалпы тәрбие деген кең ұғымның бір саласы деп ұққанымыз дұрыс. «Дене тәрбиесі» атауы педагогикалық процесс. Ол тәрбиелік және білімділік міндеттерді шешуге тиіс. Дене тәрбиесінің басқа тәрбиелерден айырмашылығын айтатын болсақ, біріншіден, бұл процесті дене сапаларын дамытумен бірге тиімді дағды (әдет) қозғалыстарын қалыптастыру арқылы дене жұмыскерлігін арттыру деп ұғынамыз. Қорытып айтқанда, «дене тәрбиесі» дегеніміз ол адам бойындағы морфофункционалдық қасиеттерді дамытатын, білімін байытып, шеберлігін, қозғалыс дағдыларын арттыру негізінде еңбек көрсеткіштерін жақсарту мен бірге Отанымызды қорғауда жоғары жетістіктерге жетуге бағытталған педагогикалық процесс. «Дене тәрбиесі» ұғымының екі мағынасы болуы мүмкін. Біріншісі – дене жөніндегі білімділік, екіншісі – дене қасиеттерінің тәрбиесі. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі – бала денесін жетілдірудің педагогикалық жүйесі[2].

Дене дамуы - адам организмі формалары мен қызметінің индивидуалды өмір барысындағы өзгеру процесі. «Дененің дамуы» термині организмнің дамуы деңгейін білдіре отырып, тар мағынада қолданылады, ол бой, салмақ, кеуденің ауқымы (демді ішке тартқанда, дем шығарғанда, үзіліс жасағанда) өкпенің тіршіліктік сыйымдылығы, омыртқа иілістерінің сипаты мен көлемі, дене тұрпатының жағдайы, жауырын бұрыштары арасындағы қашықтық, табан күмбезін өлшеу көрсеткіштері, оң және сол жақ қол басының бұлшық еттерінің күші, тұла бой күші, бастың көлемі т.б. антропометриялық және биометриялық көрсеткіштермен анықталады. «Дене дамуы» терминін кең түсінікте қолданғанда, оған дене қасиеттері де (шапшандық, оңтайлылық, икемділік, көзбен шамалағыштық, тепе-теңдік сақтағыштық, күш, төзімділік) кіреді. Дене дамуы адам организмі – функцияларының және тұлға көлемдерінің бір қалыпта өзгеруінің, сонымен қатар бірге дамуының (қалыптасуының) табиғи процесі. Жалпы адам тұлғасының дамуының: 1) биіктеу деңгейі; 2) бір деңгейде қалыптасуы; 3) адамның дене мүмкіншілігін төмендету сияқты 3 сатысы болады.

Дене дайындығы - белгілі бір іс-әрекетке байланысты мақсатты орындауға бағытталған дене тәрбиесінің мамандандырылған процесі.

Дене тәрбиесінің жүйесі, бұл ұғым дене тәрбиесінің әлеуметтік практикасындағы белгілі тарихи үлгіні белгілейді.

Дене қуатының тынығуы - жаттығу жасау арқылы белсенді демалыс ұйымдастыру. Ол дене тәрбиесі жаттығуларының көмегімен адамның көңілін көтеріп, бір әрекеттен екінші әрекетке көшіреді. Дене қуатын қалпына келтіру - адам организмінің ауырған жеріне массаж жасау, булау, су процедуралары арқылы емдеп, қалпына келтіру, дене қуаты қасиетін үйлесімді дамытып, жан-жақты дайындығы жоғары деңгейге жеткізу. Дене қуаты білімі - адамды қимыл ептілігі мен дағдыға үйрету және теориялық біліммен қаруландыру.

Дене әзірлігі-бұл дене шынықтыру кешенінің талаптары мен нормалары және Біртұтас спорттық жүйемен (спорттық разрядтар мен атақтар) анықталатын қозғалыс дағдыларының, іскерліктің, дене қасиеттерінің даму деңгейі. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін денені жаттықтырудың барлық негізгі түрлері бойынша нормативтік



көрсеткіштер және оларды орындаудың сапасына қойылатын талаптар («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасында») талдап жасалған.

Дене жетілуі - дене дамуының тарихи шартты деңгейі. Денсаулықтың, өмірге, еңбекке және Отанды қорғауға жан-жақты дене дайындығының жоғары дәрежелігі. «Дене жетілуі» ұғымының белгілері өскелең қоғамдық қажеттіктер - өндіріс қажеттіктері, сондай-ақ адамның өзінің ынта-ықыласы әсерінен өзгеріп отырады. Әр тарихи дәуір үшін дене жетілуінің өзіндік деңгейі тән[3]. Құлдық пен қаналушылықтан азат етілген елдерде дене жетілуінің мейлінше жоғары деңгейіне қоғамның барлық мүшелерінің қолы жете алады. Біздің елімізде және басқа да көптеген мемлекеттерде адамзаттың интеллектуалдық, моральдық, дене жағынан жарасымды дамуы жайындағы арманы жүзеге асуда. Кәсібі, жынысы, жасы әртүрлі адамдар дене жетілуінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Дене тәрбиесі білімі - дене тәрбиесі салаларының бірі, ол арнаулы білімді, қимыл-қозғалыс дағдылары мен іскерліктерін меңгеріп қамтиды.

Дене машықтығы - дене тәрбиесінің дене әзірлігін талап ететін еңбекке немесе басқа бір қызметке деген қолданбалы бағыттылығы (мысалы, актердің, ұшқыштың, ғарышкердің, спортшының т. б. дене машықтығы). Дене машықтығы нақты бір кәсіптің, белгілі бір қызметтің ерекшеліктеріне байланысты дене жаттығуларын жасаудың міндеттері, өзіндік ерекшеліктері, құралдары, әдістемесімен сипатталады. «Жалпы дене дайындығы»-дене тәрбиесінің әр алуан қызметте табысқа жетудің жалпы алғы шартын жасау үшін бағытталған процесін білдіреді. Арнаулы дене машықтығы кәсіптік, спорттық қызметке арнайы дайындалуға бағытталған.

Дене жаттығулары - бұл дене тәрбиесі міндеттерін шешу құралдары ретінде іріктеліп алынған қозғалыстар, қимыл-қозғалыс әрекеттері, сондай-ақ қозғалыстық әрекеттердің күрделі түрлері (қозғалысты ойындар). Қозғалыстық әрекет деп адамның қозғалыс аппаратының белсенділігі өзіне тән компонент болып табылатын әрекеттің бәрін айтады. «Жаттығу» термині қозғалысты бірнеше рет қайталау процесін белгілу үшін де қолданылады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Р.Ж. Шалтаева, Р.Т. Диянова. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі Студенттерге арналған оқу құралы. -Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2015ж.-227бет

2. Е. Уаңбаев. Дене тәрбиесінің негіздері. –Алматы: «Санат», 2000. -72 б.

3. Зимонина, В. Н. Воспитание ребенка-дошкольника [Текст] : методическое пособие для педагогов дошкольных образовательных учреждений / В. Н. Зимонина. - М. : ГИЦ ВЛАДОС, 2016.

#### **Шалтаева Р.Ж**

### **ОБЩИЕ ЗАКОНОМЕРНОСТИ УПРАВЛЕНИЯ ПРОЦЕССОМ ФИЗИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ДОШКОЛЬНИКОВ**

*В данной статье указано, что теория физического воспитания дошкольников признает общие закономерности управления развитием ребенка в процессе воспитания и обучения. Определено, что теория физического воспитания детей исходит из общих идейно-методологических основ системы физического воспитания и является ее частью.*

*Shaltaeva R.Zh.*

**GENERAL REGULARITIES OF CONTROL OF THE PROCESS OF PHYSICAL DEVELOPMENT OF PRESCHOOL CHILDREN**

*This article indicates that the theory of physical education of preschoolers recognizes the general laws governing the development of the child in the process of education and training. It is determined that the theory of physical education of children proceeds from the general ideological and methodological foundations of the system of physical education and is part of it.*

**УДК 376.3**

**Шалтаева Р.Ж.**

«Bolashaq» академиясы Қарағанды, Қазақстан Республикасы

**Амандықова Е.Ж.**

«№2 арнайы мектеп-интернаты» КММ, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

**Шалтаева М.Ж.**

«Қ.Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясы» КММ Аягөз,  
Абай облысы, Қазақстан Республикасы

**МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІК БІЛІМ БЕРУДІ  
ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

*Мақалада ақыл-ойы бұзылған балаларды инклюзивті оқыту мәселесі ашылған. Бұзушылықтар патологияның нәтижесі ретінде қарастырылады, яғни оның шығу тегіне қарамастан медициналық тексерумен расталған жағдай. Осындай бұзылыстары бар балаларды тартудың педагогикалық процесін бағалау шетелдік және отандық тәжірибе негізінде жасалды.*

Ақыл-ойы тежелген балаларды инклюзивті оқыту, жалпы алғанда инклюзивті білім беру педагогиканың қазіргі даму кезеңінде пайда болды және аз тарихы бар. Оның принциптері, әдістемесі мен проблемалары диспут аймағында және осы кезеңде әлі де түсініксіз болып табылады. Дегенмен, ақыл-ойы дамуы тежелген балаларды кәдімгі мектептерде оқытуға қатыстыратын оқыту формасының орынды әрі нәтижелі екендігін қазіргі заманғы ақпарат айқын көрсетіп отыр. КСРО-да мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту арнайы мекемелерде жүргізілді. Болашақта ең қабілеттілер бастауыш және орта арнаулы білім беру мекемелерінде қажетті жұмыс дағдыларына оқытылды.

Шет елдерде ол 20 ғасырдың 70-жылдарынан бері бар. Пионерлер – Германия, Швеция, Франция және Ұлыбритания. Ақыл-ойы тежелген балалармен жұмыс бірқатар объективті қиындықтармен қиындайды.

Біріншіден, бұл дегенеративті өзгерістер әдетте анатомиялық немесе генетикалық түрде анықталады, яғни олардың себептерін жою мүмкін емес. Тіпті деменция мен емханада әлеуметтік-психологиялық шыққан ақыл-ой кемістігінің өзі түзетуге қиын.

Екіншіден, ең күрделі қиындықтар дәл танымдық белсенділік, абстрактілі ойлау саласында туындайды.

Үшіншіден, бұзылулар күрделі сипатқа ие: науқас балалардың қозғалыс, әлеуметтік, сөйлеу және басқа дағдылары қиын болады [1]. Интеллектінің патологиялық бұзылыстары дербестіктің жоқтығынан көрінеді: тамақтану, киіну, тазалықты сақтай алмау. Көбінесе сыртқы әлеммен, адамдармен байланысуға құлықсыздық бар, олардан жаңа ақпаратқа, коммуникацияларды құруға қызығушылық жоқ. Баланы қоршаған

ортамен қарым-қатынасқа итермелеуге кәсіби емес әрекеттер агрессия мен жағымсыз реакцияларды тудырады. Осыған қарамастан, мұндай кедергілерді теңестіру бойынша зерттеу процесінде оқытудың принциптері мен әдістерінің жұмыс істейтін жүйесі құрылды, өйткені мүмкіндігі шектеулі оқушыны тиісті дайындықсыз енгізу нәтиже бермейді, бірақ зиян келтіруі мүмкін [2].

Дүниежүзілік мектеп тәжірибесінде инклюзивті даму кемістігі бар балаларды қатарластарымен бірге қарапайым жалпы білім беретін мектептерде оқыту ретінде ғана қарастырылады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру ұйымында білім алған кезде, басқа нормативті дамып келе жатқан білім алушылармен бірлескен оқыту шартымен білім беру процесіне әртүрлі дәрежеде тарту ұсынылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқытудың көрсеткіштері баланың мүмкіндіктері мен шектеулері болып табылады: кемістіктің ауырлық дәрежесі, жеке интеллектуалдық және эмоционалды-тұлғалық ерекшеліктері.

Күндізгі оқу нысанында оқу процесіне толық қатысумен қосу ұсынылады:

- соматикалық аурулары бар балалар, егер олардың психофизикалық және сөйлеу дамуының деңгейі жас нормасына сәйкес келсе және жалпы білім беру бағдарламасы бойынша дені сау құрбыларымен бірге оқуға мүмкіндік берсе;

- бейімделген білім беру бағдарламалары бойынша балалар;

- дамуында қатар жүретін ауытқуларсыз 60 Дб дейін есту қабілетінің төмендеуі (сөйлеу аймағында);

- көру өткірлігі кемінде 0,1 болуы және қатарлас даму ауытқулары жоқ ;

- тірек-қозғалыс аппаратының бұзылыстары және интеллектуалды дамудың потенциалды мүмкіндіктері бар;

- психикалық дамуы тежелген және интеллектуалды дамуы мүмкін;

- ілеспе даму ауытқулары жоқ жеңіл ақыл-ой кемістігі дәрежесіндегі ақыл-ой кемістігі бар балалар;

- сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар балалар (дизартрия, ринолалия, моторлы алалия, афазия).

Күндізгі және сырттай оқу бөлімдері үшін жартылай және эпизодтық инклюзия дәрежесімен қосу ұсынылады. Бұл жағдайларда үйде жеке оқыту жүргізіледі. Ұсыныстарға ішінара енгізе отырып, мүмкіндігі шектеулі баланы сыныптағы, сабақтан және мектептен тыс жұмыстарға қосу дәрежесін көрсету қажет; сабақтар мен консультациялар режимі, түзету шаралары, қосымша арнайы жабдық, сүйемелдеу (тьютор) қажеттілігі, ПМПК мамандарына қайта жүгіну мерзімі, білім беру ұйымынан тыс мамандардың қосымша көмегі.

Эпизодтық қатысу ұсынылады: мінез-құлқында ауыр бұзылыстары бар және жеке үйде оқытуға көрсеткіштері бар балалар; әлеуметтік қызмет көрсету жүйесі мекемелерінде реабилитациядан өтіп жатқан ауыр ақыл-ой кемістігі мен мінез-құлық бұзылыстары бар балалар [3]. Инклюзивті білім берудің артықшылықтары: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін жалпы білім беру мекемесінде арнайы оқу жағдайларын жасау; берілген білім беру мекемесінің барлық оқушы-балаларының білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын икемді бейімделген білім беру ортасын құру; оқушыға қажетті психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете отырып, жаппай мектептің жалпы сыныптары жағдайында оқыту мамандандырылған мамандар. Мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдау үшін балалардың, педагогикалық және ата-аналар ұжымдарын дайындау және барлық балалар мен әсіресе есту қабілеті бұзылған балалар үшін қолайлы және дамудың максималды деңгейіне жетуге, баланын және оның қоғамға бейімделуін, сондай-ақ әлеуметтік оңалтуға ықпал ететін оқу жағдайларын жасау.

Қоғамда (сыныпта, топта, мектепте) толеранттылық дағдыларын қалыптастыру, т.б. төзімділік, мейірімділік, өзара сыйластық. Инклюзивті білім берудің кемшіліктері: ең дұрысы, кемшіліктер болмауы керек, өйткені инклюзивті білім беру балалардың, әсіресе әлеуметтік осал топтағы балалардың өмір сүру сапасын жақсартады және тұтастай алғанда қоғамды жақсартады. Инклюзивті білім беру мектепке дейінгі білім беру ұйымының инклюзивті тобындағы мүмкіндігі шектеулі балаларды және мұндай мүмкіндіктері шектеулі балаларды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу арқылы жүзеге асырылады.

Соңғы уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің жаңашыл тәсілдері көбірек ұсынылуда. Әлеуметтік жағдайына, нәсілдік немесе діни көзқарасына, дене және психикалық қабілеттеріне қарамастан, инклюзивті білім беру әрбір балаға оның даму қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігін және оның даму деңгейіне сәйкес білім алуға тең құқықты қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту мәселесі ата-аналар мен педагогикалық қауымдастықтың ғана емес, бүкіл қоғамның жіті назарында. Практика көрсеткендей, инклюзивті білім беруді дамыту ғылыми, әдістемелік және әкімшілік ресурстарды қамтитын күрделі, көп қырлы процесс. Инклюзив идеясын қабылдаған педагогтар мен оқу орындарының әкімшілігі педагогикалық процесті ұйымдастыруда, орталық тұлға бала болып табылатын білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара әрекеттесу механизмін әзірлеуде көмекке өте мұқтаж. Осылайша, инклюзивті кеңістік балалар үшін ғана емес, сонымен қатар ересектер үшін де ашықтық пен қолжетімділікті білдіреді, балаларды мектеп бітіргеннен кейін ересектерге әлеуметтендіру тиімдірек.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Шалимов В.Ф. Клиника интеллектуальных нарушений.-М:Издательский центр «Академия»,2002.-113с.
2. Н.В.Новоторцова Использование анимационной деятельности в учебно-воспитательной работе с детьми,имеющими отклонения в развитии.-М:АНО «НМЦ «СУВАГ»,2015.-с.225
3. Мулатова Н.А., Рябенченко Н.Н. Инклюзивное образование детей с нарушениями интеллекта // Международный журнал экспериментального образования. –2016. – № 4-2. – С. 259-261

#### **Шалтаева Р.Ж., Амандыкова Э.Ж., Шалтаева М.Ж. МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ОРГАНИЗАЦИИ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ ЗДОРОВЬЯ**

*Статья раскрывает вопрос инклюзивного образования детей с нарушениями интеллекта. Нарушения рассматриваются как результат патологии, то есть подтвержденного медицинским обследованием состояния, вне зависимости от её происхождения. Оценка педагогического процесса вовлечения детей с такими нарушениями произведена на основе зарубежного и отечественного опыта.*

#### **Shaltaeva R.Zh., Amandykova E.Zh., Shaltaeva M.Zh. METHODOLOGICAL BASIS OF ORGANIZING INCLUSIVE EDUCATION FOR CHILDREN WITH DISABILITIES**

*In the article, the problem of inclusive education of children with mental disorders is revealed. Violations are considered as a result of pathology, that is, a condition confirmed by medical examination, regardless of its origin. Evaluation of the pedagogical process of involving children with such disorders was made on the basis of foreign and domestic experience.*

**Шалтаева Р.Ж.**  
«Bolashaq» академиясы Қарағанды,  
Қазақстан Республикасы

## **МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ТАБИҒАТПЕН ТАНЫСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Мақалада, мектеп жасына дейінгі балалардың табиғатқа деген ынта-ықыласты да тәрбиелеу қажеттілігі айтылған. Тәрбиеші жануарлар мен өсімдіктердің сыртқы түріне, қимылына, қылықтарына балалардың табиғат жөніндегі білімін ғана емес, жануарларға деген көзқарастарын да қалыптастырады. Тек әрқашан да баланың жасын ескеру қажет және оның көңілін сол заттың немесе құбылыстың иесі қызықтыратын да білу керек.*

Біздің әрқайсысымыз-ақ туған табиғаттың ықпалын азды-көпті дәрежеде өз басымыздан өткердік, ол әрі алғашқы нақтылы білімнің бұлағы екенін және бүкіл өмір бойына есімізде қалатын қуанышты әсерлер екенін білеміз. Балалар әрқашан да және барлық жерде табиғатпен қандай да болмасын белгілі бір қарым-қатынаста болады. Жасыл ормандар мен жайылымдар, әдемі гүлдер, көбелетер, қоңыздар, құстар, аңдар, көшпелі бұлттар, жапалақтап жауған қар, бұлақтар, тіпті жазғы жаңбырдан кейінгі шалшықтар-соның бәрі балалардың көңілін аударады, қуантады, олардың жетілуіне мол азық етеді.

Орманда, көгалда, өзеннің немесе көлдің жағасында ойнау, саңырауқұлақтар, жидектер, гүлдер теру, жануарлар мен өсімдіктерді күту және бақылау балаларға шексіз қуаныш әкеледі. Адам бала кезінде шомылған өзенін, ала көбелекті қуалап, гүл терген көкгалын еске алып, өмір бойы есінде сақтайды. Табиғатқа үніле қараудан, балалар ойнайтын орындарға құштарлықтан өз өлкесіне, туған табиғатына. Отанына деген сүйіспеншілігі пайда болып, жетіле түседі, патриоттық сезімге тәрбиеленеді.

Гүлдер мен жемістердің түрі, пішіні, иісі, құстардың сайрауы, бұлақтардың сылдыры, судың шапылы, шөптің сыбдыры, құрғақ жапырақтардың сылдырлауы, қардың аяқ басқан сайын сықырлауы осының бәрі балалардың табиғатты сезінуіне мүмкіндік береді және олардың эстетикалық сезімін, сенсорлық тәрбиесін дамытуға бай материал қызметін атқарады. Табиғатты шын мәнінде қандай болса, сол қалпында көріп, еститін бала кездегі ептілік-балалардың оған деген қызығушылығын арттырады, білімін кеңейтеді, мінез-құлықын, ынта-ықыласын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұған көптеген табиғат зерттеуші-ғалымдардың (К.А.Тимирязевтің, И.В.Мичуриннің), жазушылардың, суретшілер мен композиторлардың (А.Пушкиннің, М.Пришвиннің, Н.Левитаның, П.Чайковскийдің т.б.) өмірбаяндары біздің көзімізді жеткізді. Мектеп жасына дейінгі балаларды табиғатпен таныстыру. Бұл-олардың санасында қоршаған табиғат жөніндегі реалистік білімдерді себу құралы, мұның өзі сезімдік тәжірибеге және табиғатқа деген дұрыс көзқарасқа негізделген.

Балаларда шындықты дұрыс көрсететін білімдердің болмауы-оларда жоққа сенушілік пен діндарлықтың жиі пайда болуына әкеліп соқтырады. Балалардың жануарларға деген қатыгездігінің, бақаларды, кірпілерді, пайдалы насекомдарды т. б. қырып, өлтіруінің себебі-олардың жануарлар жөніндегі теріс түсініктерінен болады. Бұл тек табиғатқа ғана зиян келтірмей, балалардың психикасына да теріс әсер етеді, оларды қатыгездендіріп жібереді. Ұялап қалған теріс түсініктерді түзеу жаңа, дұрыс түсініктерді сіңіруден анағұрлым қиын. Міне, сондықтан да балалардың мектеп жасына дейінгі кездің өзінде-ақ табиғат жөнінде дұрыс мәлімет алуы өте маңызды. Табиғат құбылыстарын

балалардың дұрыс қабылдауы үшін, олардың табиғатты қолдау процесін бағыттау қажет. Балаларды табиғатқа жақындастырмайынша және оны балалар бақшасының оқу-тәрбие жұмысына кеңінен пайдаланбайынша, мектеп жасына дейінгілерді ақыл-ой, эстетикалық, адамгершілік, еңбек және дене тәрбиесі жағынан жан-жақты жетілдіру міндеттерін шешуге болмайды.

Балаларды табиғатпен таныстырудың тәрбиелік-білімдік міндеттері. "Балалар бақшасындағы тәрбие программасына" сәйкес балаларды табиғатпен таныстыру процесінде өзара тығыз байланысты білімдік және тәрбиелік міндеттер жүзеге асырылады.

Ақыл-ой тәрбиесінің негізгі міндеті-балаларға өлі табиғат туралы, өсімдіктер, жануарлар және балалардың сезіммен қабылдай алатын объектілері мен құбылыстарының арасындағы қарапайым байланыстар жөнінде білім беру. Атеистік тәрбиенің мектепте биологияны оқытудың негізінде және балаларда диалектикалық-материалистік дүниетанымды қалыптастырудың негізінде дұрыс түсінік пен ұғым жатуы тиіс. Ақыл-ой тәрбиесінің ажырамайтын бөлігі-сенсорлық мәдениет. Ол анализаторды (талдауларды) жетілдіруге, балаларда сезімдік тәжірибе жинақталуына бағытталған ол келесі талдаулардың, табиғаттанудағы қарапайым қимылдарды қалыптастырудың негізі болып саналады.

Балалардың білімді меңгеруі-олардың танымдық қабілеттерінің, сенсорлық аппараттарының, логикалық ойлауының, зейінінің, тілінің, байқағыштығының, білуге құмарлығының дамуымен тығыз байланысты болуы тиіс. Ойды дамыту және материалистік дүниетанымдылықтың негізін қалыптастыру үшін балаларды табиғаттағы заттармен және құбылыстармен таныстыру, байқаған құбылыстарына түсініктер іздестіруге үйрету және олардың арасындағы байланыстылық пен өзара қатынастырады жете түсінуге балаларды баулу. Ақыл-ой табиғат құбылыстарының арасындағы өзара себеп-салдарлық қатынасты түсіну процесінде жетіледі.

Бақылауға, яғни табиғат құбылыстарына белгілі бір мақсатпен қарауға үйрете отырып, біз балалардың жалпы ақыл-ойының жетілуімен тығыз байланысты болатын және «балаларды оқуға дайындығының» елеулі шарты болып табылатын зейінін дамытамыз.

Табиғатқа деген ынта-ықыласты да тәрбиелеу қажет. Тәрбиеші жануарлар мен өсімдіктердің сыртқы түріне, қимылына, қылықтарына балалардың табиғат жөніндегі білімін ғана емес, жануарларға деген көзқарастарын да қалыптастырады. Тек әрқашан да баланың жасын ескеру қажет және оның көңілін сол заттың немесе құбылыстың иесі қызықтыратын да білу керек.

Табиғатпен тікелей қарым-қатынаста байқағыштықпен қатар білуге деген құмарлықта жетіледі. Соның негізінде нысаналылық пен зерттегіштік рефлекс жатады, ол рефлексстің дамуын И. П. Павлов адамның ерекше сипаты деп есептеді. Мектеп жасына дейінгі балаларда бұл рефлекс олардың үлкен адамға қоятын: Бұл не? Қалай? Неліктен? деген сияқты шексіз сұрақтарынан өте айқын көрінеді. Балалардың білуге деген құмарлығын қанағаттандыра отырып, мүмкін болған жерде олардың өздерін қатыстырып, әр түрлі сұрақтарға жауапты өздеріне айттыру керек. Қойылған сұрақтарға жауап беруге балалардың белсене қатысуы олардың білуге деген құмарлығын арттырады және табиғатқа деген ықыласын анағұрлым тұрақты етеді. Соңғы жылдары зерттеу мәліметтері ересек топтардағы балалардың білуге деген құмарлығын арттыра түсуін балалардың өсімдіктер мен жануарлардағы негізгі белгілерді, өсімдіктер мен жануарлардың жекелеген мүшелерінің құрылымы мен өмір сүру жағдайлары арасындағы қатынасты таба білу шеберлігіне байланысты екендігін көрсетеді. Балаларды табиғатпен таныстыру процесінде адамгершілік, еңбек, дене және эстетикалық тәрбие беруді жүзеге астыру қажет. Баланың адамгершілігін жетілдіруде оны туған табиғатқа деген сүйіспеншілікке және тірінің бәріне ұқыптылықпен қарауға

тәрбиелеу ерекше орын алады. Балаларға, әсіресе өздерінің өсіргендері жақын әрі қымбат. Балалар бақшасында балалардың өздері бақылап, бағып-күтіп жүрген жануарлар мен өсімдіктердің болуы-оларды табиғатқа ұқыптылықпен қарауға, еңбекке деген сүйіспеншілікке және соған дағдылануға, тапсырылған іске жауапкершілік сияқты қасиеттерге тәрбиелеуге көмектеседі.

Балаларды еңбек сүйгіштікке, табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу үшін оларға өсімдіктерді өсірудің және жануарларды бағып-күтудің ең қарапайым әдістерін үйрету қажет. Балалар, сөйтіп, өз еңбектерінің процесі мен нәтижесінен қуанышқа жететіндей, жер учаскісінде істеген жұмыс олардың бұлшық еттерін өсіретіндей және нерв жүйесін шыңдайтындай болуы өте маңызды. Еңбек сүйгіштік сияқты қасиетті қалыптастыру үлкен адамдардың табиғатты еңбегімен балаларды таныстыру, олардың істеген істеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу қажет. Балалардың табиғатта болып, еңбек етуін олардың денсаулықтарын нығайту мен денелерін жетілдіру үшін пайдалану керек.

Табиғат балаларға эстетикалық тәрбие берудің негізгі құралдардың бірі болып табылады. Табиғат сұлулығы, тіпті, ең кішкентай балалардың өзін де бей-жай қалдырмайды. Оларды табиғатпен таныстыра отырып, орманның шуылына, бұтақтардың сылдыры мен құстардың сайрауына, жапырақтардың пішіні мен түсіне, гүлдердің иісіне, жануарлардың қимылына т.б. көңілін аудару керек. Балалар өсімдіктің бәрін сезінуді үйренуі, сөйтіп, сол арқылы өзінің алдағы өмірінде дүниенің бүкіл сұлулығын және алуан түрлілігін қабылдай білуі қажет.

